

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы

Серия «Филологические науки»

№3 (45), 2013 ж.

Алматы, 2013

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы
№3 (45), 2013 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:

пед.ғыл.д., проф., ҚР ҰҒА корр.-мүшесі
Б.Ө. Сманов

Бас ред. орынбасары:

пед.ғыл.д., проф., ҚР ҰҒА корр.-мүшесі
Ф.Ш. Оразбаева

Ғылыми редакторлар:

филол.ғ.д., проф. Т.С. Тебегенов,
филол.ғ.д., проф. С.Ж. Әбішева

Редакциялық алқа мүшелері:

филол.ғ.д. Б.Әбдіғазыұлы
пед.ғ.д. С.Б. Бегалиева,
пед.ғ.д. Р.Ә. Шаханова,
пед.ғ.д., проф. Ж.К. Балтабаева,
филол.ғ.д., проф. К.И. Мирзоев,
проф. Барри Пол Шерр (АҚШ),
филол.ғ.к., доцент Е.В. Казарцев (Ресей),
филол.ғ.д., проф. Г.Л. Нефагина (Польша),
филол.ғ.д., проф. А.К. Киклевич (Польша),
п.ғ.д. Н.И. Ишекеев (Қырғызстан),
проф. Спендель Джованна (Италия),
проф. Хатрани Алтынчач (Түркия),
проф. Мехмет Куталмиш (Түркия),
PhD докторы, проф. И.З. Белобровцева
(Эстония),
пед.ғ.д. Чан Дин Лам (Вьетнам)

Жауапты хатшы:

филол.ғ.к. А.Д. Ибраева

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2013

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10109 - Ж

Басуға 08.10.2013 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 12,0 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 238

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

Казахский национальный педагогический
университет имени Абая

Мазмұны
Содержание

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА

Джансеитова С.С. Коммуникативная рекуррентность терминологических ремарок и их актуализация в музыковедческих текстах.....	3
Жиренов С.А. Әлемдік графика түрлерінің концептуалды болмысы.....	7
Салжанова Л., Оңталапқызы Г. Дистрибутивно-валентностная характеристика семантического ряда «land/heimat/vaterland».....	12
Ергалиев Қ.С., Асанбаева Е. Публицистикалық тақырыптың экспрессивтілігін арттыруда тыныс белгілерінің ролі.....	15
Сенченко С.В., Акилова А.К. Английский сленг молодежи в современной лингвистике.....	20
Казабеева В.А. К вопросу об изучении понятия «политическая дискурсия» в современной лингвистике.....	24
Қасенов Е.С. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі терминология мәселелері.....	26
Ергалиев Қ.С., Асанбаева Е. Баспасөз тақырыпатындағы тосын қолданыс – оқырман назарын аударушы тиімді құрал.....	29
Тұрсынәлі Ж. Танымдық функционалдық тіл білімі теориясын негіз еткен әдістің қытай тілі грамматикасын оқытуда қолданылуы.....	32
Казкенова А.К. О принципах преподавания историко-лингвистических дисциплин в педагогическом вузе.....	36
Мухаметкалиева Г.О. Способы выражения аппозитивных конструкций во французском языке.....	40
Байдуллаева А.Б. Cognitive characteristics of metaphors in advertisement slogans.....	44
Махамбетжанова М.А. Терминдердің ана тілімізде алатын орны және аударматану терминдерінің жасалуы.....	47
Мусагулова А.К. Бизнес терминологиясындағы полисемия.....	50

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Таңжарықова А.В. Көркем прозадағы этно-фольклорлық ұғым-нағымдар.....	54
Валиханов Ш.А. Ғабиден Мұстафин шығармашылығына бүгінгі көзқарас.....	57
Ибраева А.Д. Жазушының шығармашылық зертханасы мәселелерін зерттеудің ерекшеліктері.....	62
Адиева П., Фатма Ахсен Тұран Қазақ халқындағы ұлттық театрды қалыптастырған көңіл-күй салтанатын құрушы тұлғалар жайында.....	63
Тоқшылықова Г.Б. «Асылдың сынығының» тағы бір қыры....	66
Адиева П., Фатма Ахсен Тұран Ойын-өлеңдеріндегі диалогтың көрінісі.....	69
Джансеитова С.С., Сулеева Г.С. Феномен культуры сала и сере, как отражение картины мира этноса.....	73
Пирназарова Ж. Рабғузи қиссасының танымдық қыры	77

80

84

ВЕСТНИК

**Серия «Филологические науки»
№3 (45), 2013 г.**

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор:
д.пед.н., проф., член-корр. НАН РК
Б.У. Сманов

Зам. гл. редактора:
д.пед.н., проф., член-корр. НАН РК
Ф.Ш. Оразбаева

Научные редакторы:
д.филол.н., проф. **Т.С. Тебегенов,**
д.филол.н., проф. **С.Ж. Абишева**

Члены редколлегии:
д.филол.н., проф. **Б.Абдигазилулы**
д.п.н. **С.Б. Бегалиева,**
д.п.н. **Р.А. Шаханова,**
д.п.н., проф. **Ж.К. Балтабаева,**
д.филол.н., проф. **К.И. Мирзоев,**
проф. **Барри Пол Шерр** (США),
к.филол.н., доцент **Е.В. Казарцев** (Россия),
д.филол.н., проф. **Г.Л. Нефагина** (Польша),
д.филол.н., проф. **А.К. Киклевич** (Польша),
д.п.н. **Н.И. Ишекеев** (Кыргызстан),
проф. **Спендель Джованна** (Италия),
проф. **Хатрани Алтынчач** (Турция),
проф. **Мехмет Куталмиш** (Турция),
доктор PhD, проф. **И.З. Белобровцева**
(Эстония),
д.п.н. **Чан Дин Лам** (Вьетнам)

Ответственный секретарь:
к.филол.н. **А.Д. Ибраева**

© Казахский национальный
педагогический университет им. Абая, 2013

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 08.10.2013.
Формат 60х84 1/8. Объем 12,0 уч-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 238

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического
университета имени Абая

**ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ**

Құрманәлі А. Yabancı dil olarak türkçe derslerinde müzikli etkinliklerin kullanımı.....	85
Бердалиева Т.К., Нусупова Г.М. О воспитании культуры речи у студентов неязыковых вузов.....	90
Кадырова Г.Р., Маймакова А.Д. Интерактивные методы обучения на занятиях по русскому языку как средство активизации познавательной деятельности студентов.....	93
Ибраева Р.Б. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде интербелсенді әдісті қолдана оқыту.....	
Қушқимбаева А.С., Аяпова Г.М. Қазақ тілін тіл үйренушілерге сыни ойлауды дамыту технологиясы бойынша үйрету.....	

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2012 жылғы 10 шілдедегі №1082 бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысының «Филология ғылымдары» сериясы ғылыми жұмыстардың негізгі нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілген.

На основании приказа №1082 от 10 июля 2012 года Комитетом по контролю в сфере образования и науки Республики Казахстан Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки» внесен в перечень изданий для публикации основных результатов научной деятельности.

ТІЛ БІЛІМІ. ЛИНГВИСТИКА

КОММУНИКАТИВНАЯ РЕКУРРЕНТНОСТЬ ТЕРМИНОИДАЛЬНЫХ РЕМАРОК И ИХ АКТУАЛИЗАЦИЯ В МУЗЫКОВЕДЧЕСКИХ ТЕКСТАХ

С.С. Джансеитова – д.ф.н., профессор

Казахская национальная консерватория имени Курмангазы

В основе разработанной методики прагматического и лингвистического диагностирования личности лежит признание того факта, что автор текста актуализирует, наряду с семантическим и синтаксическим аспектами, еще и прагматический, отражающий его речевую деятельность. Выбирая языковые средства для осуществления своего речевого намерения, автор проецирует на текст индивидуальные черты, которые в межличностном общении интерпретируются получателем и служат сигналом, регулирующим их последующее речевое поведение [1]. Прагматический анализ музыковедческих текстов, в частности партитур и клавиров, позволил: определить музыкальное искусство как интонационно-художественную деятельность, которая не есть простое отражение, а открытие, выражение и коммуникация личностного смысла композитора музыкальной действительности; создать концепцию экспрессивно-речевого стиля музыкального произведения композитора с точки зрения его содержания и структуры; построить теорию и методику системного анализа экспрессивно-стилистических особенностей музыкальных терминоидальных ремарок.

Мы исследуем терминоидальные ремарки на примере творчества композитора А.Бестыбаева. В качестве примера мы избрали партитуру симфонии А.Бестыбаева. Основное внимание мы уделяли: экспрессивно-речевой «конфигурации» стиля композитора на основе соотношения доминирующих лексических, понятийных и категориальных полей; типологии образа мира автора; напряженности отношения положительных и отрицательных модальностей их экспрессивности, получивших отражение в типах образа мира: обыденном, мифологическом, художественном и др., выраженных в музыке; параметрам количественного и качественного анализа, способствующим обобщению, освещению экспрессивно-речевого стиля композитора.

Особое внимание мы уделили когнитивной интерпретации рекуррентности (частотности) музыкальных терминоидальных ремарок в текстах партитур, в индивидуальной авторской картине мира. Данный анализ позволил выявить коммуникативную рекуррентность терминоидальных ремарок, проследить их динамику, актуальности / неактуальности.

Индивидуальное восприятие мира, представленное через призму восприятия композитора, а также глубокое проникновение в эмоциональный строй человека, делает музыку той картиной, которая высвечивает связи социума с человеком на глубоко личностном, психологическом уровне. Поэтому музыка способна дать человеку такую картину мира, в которой он ощущал бы себя в гармоническом единстве с социумом, обеспечивая раскрытие человека и его социальной сущности в историческом конкретном бытии. Убедительное тому свидетельство – художественные мировоззренческие искания композиторов С.Прокофьева, Д.Шостаковича, А.Шнитке, Г.Жубановой, А.Бестыбаева и др.

С помощью тщательного отбора музыкальных ремарок можно охватить почти всю терминоидальную лексику, встречающуюся в партитурах. Мы выбрали около двух тысяч наиболее частотных терминов, «кочующих» из одной части партитуры в другую, во всех аспектах функционирования ремарок в тексте партитур «просвечивает» их смысл. Музыкальные терминоидальные ремарки не поддаются однозначным оценкам и точным подсчетам именно в силу своей живости и органичности. Ремарки существуют как единицы лексикона и могут функционировать в профессиональной деятельности музыканта: композитора и исполнителя только при наличии у него множественных связей с другими единицами и с другими знаниями. Объем терминоидального словаря исполнителя служит точным определителем уровня понимания им музыковедческого текста и наилучшим показателем общего интеллектуального уровня профессиональной личности.

Тенденция, проявляющаяся в наиболее частотном авторском употреблении ремарок в проанализированных текстах, отражает его личную концептосферу, в том числе и коммуникативное сознание, которое может быть частично моделировано методом когнитивной интерпретации языковых фактов. Образные и экспрессивно-речевые признаки музыкальных полотен А.Бестыбаева чрезвычайно разнообразны и изменчивы. Среди его словесных указаний есть модально-психологические, жанровые, предметно-образные, «технологические». Мы распределили ремарки композитора по категориальным полям: пространственность, движение, темперамент, обоняние, осязание, звучность, зримость, переживание, воля, действие, общение, поведение, художественность, определив их коммуникативную рекуррентность и качественные характеристики.

Рассмотрим категориальные поля с категории «движения», к которой относится наибольший массив ремарок. Степень интенсивности темпов мы расположили в пяти группах в соответствии с общепринятым делением: 1) очень медленные темпы; 2) медленные; 3) умеренные; 4) быстрые; 5) очень быстрые.

Для сравнения возьмем, напр., схему темпов классического сонатного цикла: *allegro– andante– menuetto– allegro*, в котором явно выступает преобладание быстрых темпов над медленным и умеренным. Наибольший массив представляют «художественные» ремарки, за ними следуют ремарки «переживания» и «общения». «Художественных» ремарок в партитуре – 75. Большинство из них относятся к признакам музыкально-исполнительского произношения, в том числе – к артикуляции, к «техническим» средствам, приемам исполнения. Наиболее часто применяемой является ремарка *rubato* ‘свободно’, которая относится к способу произношения (артикуляции) – в отличие от ремарки *sansrigueur* ‘без строгости, точности, т.е. регулярности’, которая относится только к темпу. В принципе *rubato* – это не свободное изменение ритма, как это обычно представляется в словарях, а органическое естественное экспрессивное выделение или «микширование» каждого момента музыкального интонирования в соответствии с его интонационно-речевой функцией в целостности. Выполнение этой функции достигается не только с помощью метроритма, но и средствами динамики, артикуляции, тембра и т.д.[2]

Огромное количество среди ремарок музыкального произношения занимают ремарки группы *marcato. marcando* (итал. *marcare* ‘отмечать, подчеркивая’; *marcato* ‘подчеркнуто’; *marcatissimo* ‘в высшей степени подчеркнуто’). Сюда относятся ремарки *marque* ‘подчеркнуто’ (30 ремарок), *unpreuendehors* ‘немного выделяя’ (26), ремарка *marque* ‘немного подчеркивая’ (2), *tresendehors* ‘сильно выделяя’ (12) и др. Все ремарки относятся к динамической артикуляции – к артикуляции «*marcato*».

В группу «художественных» ремарок мы можем включить ремарки, которые можно отнести:

- 1) к «гармоничному» стилю: *harrnonieux* ‘гармонично’; *douxetharrmonieux* ‘легко и гармонично’; *harrmonieuxet souple* ‘гармонично и гибко’; *legeresetharrmonieux* ‘с легкостью и гармонично’;
- 2) к «остроумному» стилю: *spiriteulet discret* ‘остроумно и сдержанно’; *ironique* ‘иронично’; *nerveuxetaveshumour* ‘нервно и с юмором’; *scherzando* ‘шутливо’;
- 3) к «изыщному» стилю – *gracieux* ‘грациозно, изыщно’.

Мы отнесли эти ремарки к «художественным», так как их содержание относится к эстетической сфере, они определяют экспрессивно-речевой стиль музыки. Рассмотренные музыкальные ремарки относятся к разным категориям: «общение», «поведение», «переживание». Напр., ремарка *doux* ‘нежно’ принадлежит к сфере «общение», «переживание», встречается в партитуре в самых различных словосочетаниях и вариантах, являясь репрезентирующей основой экспрессивно-речевого стиля, а именно – «нежного» стиля. Среди всех ремарок группы «общение» (их 36), ремарки с признаком «нежно» занимают объем около 77% (27 ремарок).

На втором месте после «нежного» находится «остроумный» стиль. Мы использовали понятие «остроумный» как обобщающее для всей сферы проявлений «смехового» в партитуре. Для нее характерна беззлобность, положительный заряд «комического», в нем смешаны нежность, юмор и значительность. «Юмористический» стиль композитора относится не к «антибыденной» сфере образа мира, а к художественной. Ремарки ‘с юмором’, ‘шутливо’, ‘остроумно’, ‘сдержанно’ встречаются 34 раза, ремарки ‘иронически’ и ‘насмешливо’ – 23.

К «нежному» и «остроумному» речевому стилю следует прибавить еще одно понятийное поле, которое относится к ремаркам «переживаний». Понятийное поле данных категорий можно объединить модальностью «печально». Сюда входят ремарки, вступающие в различные сочетания с другими модальностями: ‘печально’, ‘горестно’, ‘жалобно’, ‘умоляя’, ‘грустно’.

Наиболее характерными оказываются такие экспрессивно-речевые стили, как: «нежный», «остроумный» и «печальный». «Печаль» в двух частях партитуры оттеняется следующими «переживаниями»: ‘нежно и мечтательно’, ‘радостно’, ‘грустно’, ‘тревожно’, ‘страстно’. Сюда входят ремарки, вступающие в различные сочетания с другими: ‘горестно’, ‘жалобно’, ‘умоляя’, ‘грустно’. «Печаль» оттеняется следующими «переживаниями»: ‘нежно’, ‘мечтательно’, мы их отнесли к «эмоциональному» стилю. Среди ремарок, относящихся к категории «поведение», мы выделили «капризный» стиль *capricieux*, присущий IX части произведения и «значительный» стиль. Основные модальности в партитуре становятся еще более утонченными: к «нежному», «остроумному» и «печальному» экспрессивно-речевому стилю присоединяются «капризный», «значительный».

В отдельный стиль, который мы назвали «пленэрным», мы объединили «пространственные» образы, которые так или иначе связаны с открытым пространством, воздухом. Сюда мы отнесли все ремарки, включающие: пейзаж, воздух, эхо, удаление, приближение, растворение, туманы и т.д. Всего таких ремарок в II, III, IV, XI, XIII, XIX, XXIV частях партитуры – 41, мы отнесли к «эмоциональному» стилю.

Наше представление о «пенэрном» стиле будет неполным, если мы не включим в него зрительные «образы», характеристики речевого выражения. В структуре образа мира они относятся в категории «зримость». К ним относятся ремарки: *eclatant* 'ярко', *lumineux* 'блестяще, ярко, светло', *scintillant* 'искристо', своеобразного «яркого» стиля, который мы отнесли к «воздушному» стилю и в котором присутствует такие образы, как «туман, расплывчатость». Если сравнить «пенэрный» стиль в целом с другими стилями в отношении количества тактов, которые он занимает, то окажется, что он занимает в произведении третье место после «нежного» и «остроумного», однако превосходит по протяженности «печальный», «капризный» и «значительный» способы экспрессивно-речевого выражения, все вместе они составляют образные признаки музыки А.Бестыбаева.

В категорию «звучности» вошли, прежде всего, ремарки, относящиеся к громкостной динамике – как словесные, так и графические. Несомненно, они оказывают влияние на образную структуру музыкальной речи, предусматривая воздействие на восприятие громкостных «модальностей» различной экспрессивности. Словесных ремарок, относящихся к «звучности», немного – 21. Многие из них включают признаки других понятийных полей. Приведем наиболее характерные, среди которых немало число относится к артикуляционным предписаниям, напр.: *tresendehors* 'сильно выделяя'; *endehors* 'выделяя'; *unpeuendehors* 'немного выделяя'; *marque* 'подчеркивая'; *unpeumarque* 'немного подчеркивая' и др. Отдельные ремарки связаны с пенэрными образами: *dansunebrumedoucementsonore* 'в нежно звучащем тумане', *commeunelointainesonneriedecors* 'как отдаленный звук валторны'; *floitantetsourd* 'расплывчато и глухо', *peu a peu sortant delabrume* 'постепенно выходя из тумана'. Остальные включают в себя характеристики громкостной динамики, иногда с ремарками других уровней, напр.: *serrezetaigmentez* 'ускорить и усилить звук'; *aussilegeretppquepossible* 'как можно легче и как можно тише'; *peu a peu crescenserrant* 'понемногу усиливая и ускоряя'; *enserrantetaugmentantbeaucoup* 'ускорить и очень усилить звук'; *morendo* 'замирая, т.е. понемногу ослабляя звучность и замедляя темп'; *perdendo* 'затихая, т.е. постепенно своя звучность на нет'.

Общее число «чисто» динамических ремарок в цикле огромно – 1885. Исходя из числа динамических ремарок, можно определить среднюю плотность динамических «событий» в цикле и в каждой части. Эта плотность будет измеряться отношением числа обозначений к числу тактов. Такт избран единицей отношения, так как является минимальной мерой интонационной целостности (конечно, достаточно условной), имеющей определенную динамическую структуру: динамическую опору (акцент) и отношение (условно стабильное) зависимых от опоры элементов: сильных и слабых долей. Плотность динамических событий в цикле равна: 1.12. На каждый такт в среднем приходится по 1,12 ремарок. Можно рассчитать таким же образом среднюю плотность динамического процесса в каждом разделе всей симфонии. Средняя плотность динамических событий в разделах цикла колеблется от 0,46 до 2,1 единиц. Данный анализ дал только количественные характеристики. Для качественных оценок нами была исследована громкостная динамика в логическом аспекте. Динамика – это «процесс изменения громкости в музыкальном произведении, протекающий во времени и связанный с музыкальным развитием» [3, с.103]. Динамика выражается в соответствующих экспрессивно-стилистических ремарках, относящихся к громкостным процессам и к одному «стилю» динамики, т.е. возможны большая или меньшая мера «эмоциональности», «утонченности» в произведении.

В одном и том же произведении на отдельных его участках могут присутствовать различные типы динамики, возможно сочетание процессуальной и оттеночной (контрастной) динамики различных уровней экспрессивности, насыщенности, напр., чувствительной, процессуальной, утонченной, оттеночной, как это наблюдается в I по XII части, где процессуальных ремарок – 54%, а оттеночных (включая контрастные) – 103%.

Рассмотрим понятия, отражающие сущность стилей динамики (вместе с их количественными показателями), меру динамической экспрессии произведения и дадим характеристику типов динамики. Автор избегает среднего, громкого и средне-громкого уровня динамики. Наиболее часто встречается широкая и контрастная динамика, обладающая наиболее богатым диапазоном экспрессивных возможностей, реже – средне-тихая. Среди процессуальных типов динамики преобладает эмоциональный и чувствительный тип, среди «оттеночных» – тонкая утонченная динамика.

При определении музыкально-речевых стилей XXIV частей партитуры мы использовали совокупность понятий, выведенных нами на основе анализа лексических, понятийных и категориальных полей. Данные понятия способствуют уточнению, конкретизации аналитических категорий и «образов мира», вступаая друг с другом в отношения взаимодополнения и взаимопоглощения: более экспрессивно насыщенные и общие понятия будут поглощать менее насыщенные, утверждая более мощный признак.

Данный прием позволит вывести следующие характеристики стиля каждой части симфонического цикла: I. стиль 'ритуально-нежный, пластический'; динамика 'широкая', 'утонченно-чувствительная',

«morendo»; II. 'пленэрно-нежный' – эмоционально-пластический стиль; динамика 'широкая', 'эмоциональная', «morendo»; III. 'пленэрно-психологический', 'моторно-изобразительный' стиль; динамика 'контрастно-эмоциональная', 'утонченная', «morendo»; IV. 'пленэрный, эмоционально-моторный' стиль; динамика 'средне-тихая', 'эмоциональная', «morendo»; V. 'картинный, пленэрный' стиль; динамика 'контрастно-эмоциональная', «morendo»; VI. 'живописно-психологический', 'пленэрный' стиль, 'печально-нежный'; динамика 'тихая', 'экспрессивная', «morendo»; VII. 'психологический, пленэрный', 'моторно-волевой'; динамика 'широкая', 'эмоционально-утонченная', 'крешендирующая'; VIII. 'портретно-психологический', 'нежный', 'эмоционально-пластический' стиль; динамика 'контрастно-экспрессивная', «morendo»; IX. 'живописно-портретный' (пленэрный), 'эмоционально-моторный'; динамика 'широкая', 'линейная' (понятие «линейная» взято нами из теории мелодики полифонии строгого стиля, где динамика в основном являлась естественной, без искусственной эмоциональности, страстности, аффектации); X. 'мифологический', 'моторно-пластический'; динамика 'контрастно-линейная', 'ровная', «morendo»; XI. 'сказочно-пленэрный' стиль, 'капризный'; динамика 'широкая', 'чувствительно-тонкая', «morendo»; XII. 'юмористический' стиль; динамика 'широкая', 'чувствительно-тонкая'; XIII. 'пленэрный'; динамика 'контрастно-эмоциональная', «morendo»; XIV. 'живописно-психологический' стиль, 'меланхолический', моторно-пластический; динамика 'средне-тихая', 'экспрессивная', «morendo»; XV. 'испанский' стиль, 'нежно страстный', 'темпераментно-моторный'; динамика 'широкая', 'экспрессивная', «morendo»; XVI. 'сказочный', 'нежный', 'эмоционально-пластический'; динамика 'широкая', 'чувствительно-тонкая', «morendo»; XVII. 'живописно-психологический', 'нежный'; динамика 'средне-тихая', 'экспрессивная', «morendo»; XVIII. 'остроумный' стиль; динамика 'контрастная', 'эмоционально-утонченная'; XIX. 'пленэрный'; динамика 'контрастно-эмоциональная', «morendo»; XX. 'сказочный', 'шутливо-нежный' стиль, 'эмоционально-моторный'; динамика 'средне-тихая', 'эмоциональная'; XXI. 'портретный'; динамика 'широкая', 'эмоционально-утонченная'; XXII. 'живописно-портретный', 'печально-нежный', 'пластически'; динамика 'тихая', 'утонченно-чувствительная', «morendo»; XXIII. 'виртуозный' токкатно-моторный стиль, динамика – 'широкая', 'чувствительно-линейная', «morendo»; XXIV. 'декоративно-пленэрный'; динамика 'контрастно-утонченная', «morendo».

Как видим, ремарки композитора поражают своим изяществом и тонкостью суждений, интимным, утонченно-изысканным стилем высказываний в живой и непринужденной форме, подчас несколько фантастической.

На основании предыдущего анализа стиля приведем основные характеристики стилей и стиливых элементов симфонии, распределяя их по категориям: Образ мира (как целостность) – гармоничный; характер (единство свойств личности, проявляющихся в поведении, общении, действии, переживании и т.д.) – созерцательный, деликатный; «Общение» – интимный, нежный, остроумный (стили); «Поведение» – капризный, значительный; «Мышление» – полемический, остроумный; «Переживание» – нежный, печальный, эмоциональный, экспрессивный; «Восприятие, ощущение» – впечатлительно-нежный, утонченный; «Звучность» – тихий, «morendo», темб्रोподражательный; «Движение» – пластичный, эмоционально-моторный, уравновешенный; «Предметность» – живописный, портретный, изобразительный, психологически-характеристичный; «Пространственность» – пленэрный.

Анализ экспрессивно-стилистических музыкальных ремарок А. Бестыбаева помогает шире, детальнее, точнее раскрыть экспрессивно-речевой стиль композитора, который соответствует психологическим, предметным, поведенческим и т.д. образным модальностям. Все исполнительские средства и тип экспрессивной целостности сливаются в едином стилистически окрашенном интонационно-художественном потоке музыки. Динамика, звукоинтонационный рисунок произведения имеют свои специфические, исторически сложившиеся, образные признаки и стилистические оттенки, оперирующие строго регламентированными параметрами средств выразительности. Композитор, как искусный гранильщик, шлифуя каждую ремарку, придает ее блеск и сияние. Каждая ремарка, даже при одних и тех же названиях, несет несколько отличающиеся характеристики, но всегда их совокупность является уникальной, неповторимой характеристикой экспрессивно-речевого стиля композитора, передает особенности его мелодики, гармонии, фактуры, инструментовки.

1. Стернин И.А. Значение слова и его компоненты. – Воронеж, 2003. – 20 с.

2. Музыкальная энциклопедия / Главный редактор Ю.В. Келдыш. – М.: Советская энциклопедия, 1973-1982. – Т. 1-6. – 672 с.

3. Назайкинский Е.В. Логика музыкальной композиции. – М.: Музыка, 1982. – 318 с.

Түйін

А.Бестыбаевтың бейнелі-стистикалық музыкалық түсініктемелерінің анализі психологиялық, заттық, мінез-құлықтық және басқа бейнелі модальдіктерге сәйкес келетін сазгердің бейнелі сөйлеустилін кеңірек, толығырақ, дәлірек ашуға көмектеседі. Динамика, дауыс-интонациялық туынды суретінің бейнелілік құралының қатал реттелген параметрлерін пайдаланатын өзінің ерекше, тарихи қалыптасқан, бейнелі нышандары және стилистикалық реңктері бар. Сазгер, шебер қырлаушы секілді, әрбір ремарканы жылтырлағанша қырайды. Әрбір ремарканың өз ерекшеліктері бар, алайда олардың жиынтығы әрқашан сазгердің бірегей, қайталанбас бейнелі сөйлеу стилінің сипаттамасы болып табылады, оның әуенінің, үндестігінің, фактурасының, аспаптауының ерекшеліктерін жеткізеді.

Түйін сөздер: музыкалық түсініктемелер, дауыс-интонациялықтуынды суреті.

Summary

The analysis of the expressive and stylistic music remarks of A.Bestybayev helps to widely, thoroughly, precisely reveal expressive speech style of the composer, which corresponds to the psychological, practical, behavioral and other figurative modalities. Dynamics, sound and intonational image of the work have their own specific, historically formed, figurative signs and stylistic shades, operating with strictly regulated parameters of the means of expression. Polishing every remark as a skillful diamond cutter, composer makes it glitter and shine. Each remark carries several different properties, but their combination is always a unique characteristic of expressive speech style of the composer, reproduces the features of its melody, harmony, texture, instrumentations.

Key words: musical remark, sound and intonational image of the work.

ӘЛЕМДІК ГРАФИКА ТҮРЛЕРІНІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ БОЛМЫСЫ

С.А. Жиренов –

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

Әлемдік өркениеттегі графика ілімін – адамзат баласының үлкен мәдениетті бағындыруының бірден бір тетігі деп тануға болады. Жалпы әлемдік кеңістікте адам баласы графиканы тұтыну арқылы өзара ақпарат алмасудан бастап, баға жетпес мәдени құндылықтарды жасағандығы және жасап келе жатқандығы мәлім. Адамзат баласының рухани даму жолында графика ақпарат таратушы белгі (пиктография, идеография, сурет жазуы т.б.) ретінде басталып, арнайы бір ғылым деңгейіне көтерілген сала болды. Ғаламдық кеңістіктегі графиканың қызметі адамзат баласына ортақ болғанымен, графиканың бірнеше түрі бар. Графиканың мәдени кеңістіктегі бірнеше түрі (кирил жазуы, латын жазуы, араб жазуы, т.б.) адам баласына қызмет жасап келеді. Ғылымда графиканың қалыптасуына қатысты көптеген көзқарастардың қалыптасқандығы белгілі. Алайда бүгінгі таңда графикасыз адамзат қоғамын елестетіп көру мүмкін емес. «Жазу кезеңдерінің ғұмыры адамзат өркениетінің ғұмырымен өлшенеді. Сондықтан жазу типтері мен түрлерінің пайда болуы өндірістің, экономиканың дамуы мен қоғамдық, экономикалық қатынастардың жетілу дәрежесіне қатысты. Осыған орай дыбыстық жазудың шығуы, біріншіден, адамзат санасының жетілген кезеңіне сәйкес болса, екіншіден, жазудың қоғамдық мұқтаждықтарды өтей алу деңгейінің жоғарылауына байланысты болды. Сонда сөздің буынға, буынның дауысты және дауыссыз дыбыстарға бөлінетінін байқау өте жоғары сананы қажет еткені белгілі» [1, 12].

Әлемдік графика тарихындағы таңбалар жүйесінің адамзат баласы үшін, ақпаратты жедел әрі ұғынықты етіп жеткізуде үлкен төрт түрі қалыптасқандығы белгілі. Оларға: 1. Пиктографиялық жазу, 2. Идеографиялық жазу, 3. Буын жазуы, 4. Әріп не дыбыстық жазу түрлерін жатқызамыз. Осы аталған төрт түрі бүтіндей графикалық лингвистиканың корпусын қалайды деп тануға болады.

Адамзат мәдениетіндегі ең алғашқы жазу – **пиктографиялық жазу** болып табылады. Мұны ғылыми кеңістікте сурет (рисуночное) жазуы деп те атайды. Бұл жазудың жеке таңбалары пиктограммалар деп аталады (әрбір жеке сурет). «Пиктография (лат. *pictus* болу, грек. *grapho* жазамын) – сурет жазу, П.-лық жазу шартты түрде бейнеленген суреттер арқылы тілдік формаларды емес, тек ойды, ұғымды білдіретін ертедегі жазу түрі» [2, 250]. Алғашқы өнер мен жазу бір-бірінен ажырамайтын синкретикалық қалыпта болды. Суретті синкретикалық жазу шығу тегі жағынан ең алғашқы көне өнерге сурет өнеріне барып тіреледі. Пиктографиялық жазудың тұңғыш рет шыққан мерзімінің алғашқы сурет өнерінде әртүрлі суреттерді бейнелеу қызметінен, бірдеме жайында хабарлау қызметіне ауысу кезінен басталады. Демек пиктографиялық жазу ең алғашқы суретті жазудың таңбалары – пиктограммаларға айналу кезеңіне пара-пар. Пиктографиялық жазуды аң аулайтын және

балық аулайтын халықтар жиі пайдаланатын болған. Пиктограммалық жазу суреттерге негізделген жазу. Сондықтан оны кейде суретті жазу деп те атайды. Пиктографиялық жазудың ескерткіштері әртүрлі суреттердің жиынтығынан құралған. Пиктограммалық жазудың таңбалары питроглифтер немесе пиктограммалар деп аталады. Бұл жазудың ерекшелігі ол әртүрлі суреттерден құралады. Әр сурет бүтіндей бір хабар бере алады.

Бұл хабар графикалық жағынан жеке бөлшек сөзге бөлінбейді. Осыған орай пиктограммалар тілдік форманы емес, оның мазмұнын бейнелейді. Бұл жазуды әртүрлі тілде сөйлейтін адамдар түсіне алады. Себебі бұл тіл басқа тілдерден гөрі полисинкретикалық тілге біртабан жанасымды. Сонымен питроглифтер өте көне жабайы жазу болып саналады [3]. Яғни, петроглифтерді сурет тектес жазу деп санауға болады. Пиктографиялық жазу – белгілі бір ой-пікірді немесе хабарды білдіретін суреттер тізбегінен тұрады. Мұнда жазудың әлі белгілі бір жүйеге түспеген кезінде пайда болған жетілмеген түрі екендігі белгілі. Қоғамның ілгері дамуына қарай, адамның ой-өрісі мен сана-сезімінің жетіле түсуі жазудың да жетілуіне, саралуына әкеп соқты.

Пиктографиялық жазуды әр түрлі тілде сөйлейтін халықтар түсіне алатын болған. Себебі олар тілдік формаларды емес, оның мазмұнын белгілеп, ортақ ойды жеткізетін болған. Пиктографиялық жазуға малдың, тоғайдың, адамның, аңның суреттері пайдаланылған. Яғни адам баласы бастапқыда нені хабарлағысы келсе, соның суретін (таңбасын) салған. Ғылымдағы суретті-синкретикалық жазу ең алғаш рет неолит дәуірінде пайда болды деп танылады. Пиктографиялық жазуды полисинкретикалық тілдерде сөйлейтін халықтар - аңтектер әсіресе, америкалық индеецтер т.б. жиі қолданған. Бұл жазу бастапқы көне жазу болғандықтан, қарабайырлау формада танылған. Себебі ол мазмұнды ойды түгел жеткізе алмады. Бұл жазудың жетілген үлгілері бүгінгі таңда жаңаша формада қолданылады. Мәселен көлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілерге арналған көшеде жүрудің тәртібі мен қандайда бір нысанның бар екендігін аңғаратын әр түрлі белгілер мен таңбаларды жатқызуға болады.

Адамзат мәдениетіндегі графиканың даму сатысының көрсеткіші – **идеографиялық жазу** болып табылады. Бұл жазу – пиктографиялық жазудың біртіндеп дамуы барысында пайда болған. Пиктографиялық жазу бүкіл сөйлемді (хабарды) білдірсе, идеографиялық жазу бүтіндей бір сөзді бір-ақ таңбамен белгілейді. Бастапқыда суретпен (пиктограммамен) белгіленіп жүрген нәрселер жазудың даму барысында біртіндеп одан алшақтап, ақырында олар белгіленетін заттың сыртқы формасына дәлме-дәл негізделуден қалып, соған ұқсас шартты таңбалар ретінде қолданыла бастаған. «Идеографиялық жазу (грек. *idea* – ұғым, *graphie* кескіндеу, сызу) орыс. *идеографическое письмо* – сөзді, оның ұғымын тікелей білдірмейтін, бірақ белгілі бір хабар, жәйт туралы еске салатын не ақпар беретін таңбалардан (суреттерден) тұратын жазу. И. ж. – жазудың графикалық таңбалық жазуға дейінгі түрі. Бұл ғылымда мнемоникалық таңба жүйесі (мнемоника (грек. *mnemonika* еске сақтау өнері) деп аталады. Мыс.: садақ соғыс дегенді білдірген, төрт амалды білдіретін есептік (+, -, :, x) таңбалар да И. ж.-ға жатады. И. ж. әсіресе б. з. д. 8 ғ. бастап Таяу Шығыста, Египет, Шумер жерінде, б. з. д. 4-3 ғ. г. аңтектерді (майя жазуы) дамып қалыптасқан. Қ. **Иероглифика**» [2, 137]. Идеографиялық жазудың құрамдас компоненті, жекелеген таңбаларды білдіретін бірлік – **идеограммалар** деп аталады. «Идеограмма (грек. *idea* ұғым, *gramma* жазу) – тілдегі дыбыстарды емес, тұтас ұғымды белгілейтін жазу таңбасы. Мыс.: 2 цифры – үш дыбысты (екі сөзін) білдіріп тұрған жоқ, белгілі бір сан ұғымын таңбалап тұр» [2, 137]. Яғни пиктографиялық жазу заттың өзін емес, шартты формаларын, таңбаларын белгілейді. Сондай-ақ мұндағы басты ерекшелік таңбалардың формасында емес, оларды білдіретін мағынасында болып табылады. Сонымен бұрынғы суретті жазуға қарағанда жазудың жетілген екінші түрі – идеографиялық жазу болып саналады. Идеографиялық жазуларда бір таңба, суретті жазудағыдай тұтас бір ойды не белгілі бір сөйлемді баяндамай, жеке сөздің көрсеткіші болып табылады. Мұнда әрбір таңбаның тұрақты графикалық белгісі, әр белгінің өзіне тән мағыналары болады.

Дүние жүзі тілдерінің ішінде идеографиялық жазудың кең тарағаны ретінде түбір тілдер семьясы (қытай, аңтек, америкалық үнді т.б.) саналады. Түбір тілдердің грамматикалық құрылысында сөз грамма-тикалық жағынан көп өзгеріске түсе бермейді. Мәселен ертедегі шумер, египет, қытай жазуларындағы әрбір идеографиялық таңба белгілі бір түбір сөзге немесе түбір морфемаға сәйкес келіп, соған телінуіне негізделген. Бұл тілдердегі идеографиялық таңбалар сөздің дыбысталуын емес, мағынасын білдіреді (сондықтан да, аталған тілдердегі омонимдер әр түрлі иероглифтермен белгіленеді). Кейбір ғылыми көзқарастар бойынша идеографиялық жазудың жетіле түскен түрі – морфема (идеографиялық жазу) болып табылады. Бұл жазудың ұстанымында (принципі), таңбалар жүйесі бүтіндей сөзді емес, оның құрамына енетін морфемаларды белгілейді. Жалпы тіл білімінде морфемаларды белгілейтін таңбалар жүйесін морфемаграммалар деп аталады. Қазіргі қытай иероглифі морфема – идеографиялық жазу болып танылады. «Бұл тұрғыдан идеограммаларды екі түрге бөліп қарауға болады. Оның біріншісі – сөздердің мағыналарымен тікелей байланысты болса, екіншісі – сөздердің фонетикалық жағымен байланысты. Осыған сәйкес біріншісін – идеографиялық иероглифтер

(идеограммалар), екіншісін - фонетикалық иероглифтер (фонограммалар) деп атайды. Айырмашылықтары – идеограммалар көбінесе синоним сөздерді белгілеу үшін қолданылса, фонограммалар омонимдерді белгілеу үшін қолданылады. Сөздерді дәлме-дәл белгілеуде идеографиялық жазудың бұл екі түр-тармағы, әдетте, бір-бірімен ұштастырылып жұмсалынады. Кейбір ғалымдар идеографияны логографиялық (гр. *Logos* «сөз» + *grapho* «жазамын») жазу немесе логограмма деп атағанды жөн санайды» [4].

Классикалық жазу үлгісінің қалыптасуының келесі сатысы – **буын жазуы** болып табылады. Буын жазуында бір таңба бір буынды белгілейді. «Яғни сөз құрамындағы әрбір буын графикалық таңбалармен беріледі. Бұған **жапон, үнді** жазулары жатады. Буын таңбалары әуелде бір буынды сөздерді белгіле-ген **идеограммалардан** жасалған. Буын жазуын таңбаларының фонетикалық мағынасы жағынан үш түрге бөліп қарауға болады: 1) **ассиро-вавилон, злам, урарт, сына, майя**, дыбыстық **корей** жазуы. Жазудың бұл жүйелерінде таңбалар кез келген буынды, буынның мына түрлерін белгілейтін болған А (дауысты) +С (дауыссыз), С+А, С+А+С; майя жазуында сөз соңындағы дауыссыздарды да белгілеген; 2) **крит-микен, кипр, эфиопия** және **жапон** Буын жазуылары. Мұнда таңбалар тек дара дауыстыларды және дауыссыздардың тіркесі мен белгілі бір дауыстының қосындысын белгілейді; 3) **үнді** жазуының әр түрлі жүйелері (**кхарошти, брахми**, т.б.). Бұларда таңбалар жеке-дара дауыстыларды (“а”), дауыссыз бен дауыстының қосындысын (“ка”) белгілейді. Жазудың буын жүйесі шығу тегі жағынан да үш топқа бөлінеді: а) **логографиялық** жазудың даму барысында жасалған крит, майя, кипр Буын жазуылары; ә) Эфиопия, үнді (**брахми, кхарошти**, т.б.) Буын жазуылары; б) жапон буын жазуы мен лигатуралы-дыбыстық жазу жүйесі (корейлік кунмун). Буын жазуы оқытуға, үйренуге, қолдануға ыңғайлы болды. Себебі таңбалардың саны аз, ықшам еді (35-40-тан бастап 200-ге дейін жетеді). Буын жазуы сөзді, тілді, әсіресе, оның фонетикалық дыбысталуын (фонетикалық транскрипцияға жақын) дәл көрсетуге әрі сөздің граммат. формаларын беруге қолайлы. Біртіндеп қоғамның даму барысында неше түрлі жазулар пайда болды: силлабикалық, әріптік, дыбыстық, финикий, арамей, грек, т.б. **Римдіктер грек** әліпбиін өз тіліне сәйкестендіріп өңдеді де, латын әліпбиін жасады. Бұл әліпби **француз, ағылшын, неміс, швед, чех, поляк, испандықтарға**, т.б. тарады. Славян халықтарының кейбіреулері **грек** әліпбиінің негізінде глаголица және кириллица әліпбиін жасады» [5].

Адам баласының дамып жетілуі мен өркениетті қоғамды бағындыруының бірден бір көрсеткіші классикалық **әріп (дыбыс) жазуының** қалыптасуы деп тануға болады. Әріп жазуы буын жазуынан кейін пайда болды. «Дыбыстық жазу (әріп жазуы) **орыс, звуковое (фонетическое) письмо** – тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі. Д. ж.-дың дүниежүзілік мәдениеттің дамуы үшін маңызы зор болды. Жазу жүйелерінің ішіндегі әріп жазуы – ең қолайлы жазу. Қай тілде болмасын буын саны мен сөз санынан дыбыс саны әлдеқайда аз. Сол себепті тіл дыбыстарын таңбалау үшін, 20-дан 40-қа дейінгі таңба саны жеткілікті. Әріп жазуындағы таңбалардың шағын мөлшері жазуды тез меңгеруді, сауаттылықты үйретуді жеңілдетеді. Д.ж. буын жазуынан кейін шықты. Д.ж.-дың екі түрі болған. Бірі – **к о н с о н а н т т ы** Д.ж., ол б.з.д. 2000 жылдықтың 2-жартысында пайда болған. Оған ертедегі финикий жазуы, ежелгі еврей жазуы, арамей жазуы т.б. жатады. Ондағы таңбалар тек дауыссыз дыбыстарды белгілеп, негізінен семит тілдерінде қолданылған. Екіншісі – **в о к а л д ы** Д.ж., ол б.з.д. 1000 жылдығының бас кезінде пайда болған. Д.ж. б.з.д. 1 мың жылдықтың алғашқы ғасырларында тарала бастаған. Шығыста финикий жазуынан шыққан арамей жазуы негізінде Азия халықтарының әріп жазулары жасалған. Батыста финикий жазуының негізінде шыққан грек жазуынан Еуропа халықтарының әріп жазу жүйелері жасалған» [2, 99].

«Суретжазу мен дыбысжазу аралығында сөзжазу, ребус жазуы болғанын, ал сөзжазу жалпы ұғымнан гөрі, ауызша айтылғанда сөзбе-сөз түсіріп отырғанын білсек, оның бер жағында дыбыстық ребустың да өмір сүргенін аңдасақ, алфавиттік жазуға эволюциялық кезеңдерді бастан өткеріп барып жеткенін танимыз» [1, 15].

Жалпы әріп жазуы – сөздерді ғана емес, сонымен бірге олардың дыбыстық жағы мен грамматикалық формаларын да дәлме-дәл белгілеу үшін ең ыңғайлы жазу болып табылды. Әріп жазуының қалыптасуы адам баласының қоғам мен ғылымдағы үлкен жетістіктерді бағындыруының басы болды деп санауға болады. Жазудың қандай да бір түрі болмасын белгілі бір таңбалар арқылы жасалатындығын байқауға болады. Жазу заңдылығын жетік игеру үшін, тіл дыбыстарының дыбыстық жүйесін жақсы білу керек. Себебі тілдің дыбыстық жүйесіндегі әр фонеманың тілдік қасиеті

орфографиядағы фонетика мәселе-леріне, фонемалардың өзіндік фонологиялық ерекшеліктеріне, әліпбиге жете назар аударуды талап ететіндігі белгілі.

Әлемдік жазу мәдениетінің бірден бір мұрагері ретінде түркі халықтарының я болмаса, Азия халықтарының жазу жүйесін жатқызуға болады. Ғылыми зерттеулерге көз жүгіртетін болсақ түркі тілдерінің жазуы таңбалы (руникалық) жазу немесе табылған аймақтарына байланысты «Орхон-Енисей» жазуы деп аталады. Бұл жазуды көне әріп жазуына жатқызуға болады. Орхон-Енисей немесе түркі жазуы - қазақ жазуының ең бірінші түрі. Бұл жазумен жеткен ескерткіштер түркі туыстас халықтардың ру-тайпа кезінде бір орталыққа бағынған, жазу-сызу мәдениеті ортақ, тіршілік тұрмыс жағдайы ортақ замандағы жазба мұралары, жалпы түркі тектес халықтарға ортақ жәдігер болып табылады. «Сондықтан руникалық (таңбалы) жазумен жеткен көне ескерткіштер – «Могилян», «Күлтегін», «Онгин», «Селинга», «Күлі Чор», «Мойын Чор», «Талас», т. б. көне түркі ескерткіштерінің тілін зерттеудің, тарихи мәліметтері айқындаудың мәні зор.

Көне түркі ру-тайпалары руникалық жазудың заңды жалғасы ретін де көне ұйғыр алфавитін қолданды. Бұл жөнінде әр ру-тайпалық топтар бұл жазуды VIII-XIII ғ.ғ. қолданған. Ұйғыр алфавитінің шығуына «Манихей» алфавитінің соғды (орта парсы (жазуы) графикасы) негіз болды деген көзқарас бар. Ұйғыр жазуы дегенде қазіргі ұйғырлардың жазуы деген ұғым емес, сол кездегі «тоғыз оғыз» (ұйғыр) немесе «тоғыз тайпалық ұйғыр» деген ұғымында түсінген жөн. Манихей алфавиті жазуы - Орта Азия, Шығыс Түркістан аймақтарын мекендеген түркі тайпаларына кең тараған жазу. Сол жазу арқылы соғды, қытай, 10 тибет тілдеріне аударылған. Ұйғыр жазуын XIV-XV ғасырларда атақты Ақсақ Темір, оның қол астындағылар, Алтын орда хандығы да пайдаланғандығы туралы деректер бар. Бұл жөнінде академик Қ.И. Сатбаев тау-тас қойнауынан тапқан жазбалары арқылы көп мағлұмат берген болатын. Сол сияқты Х ғ. Ю.Баласағұнның «Құдатғу білігі» (Құтты, бақытты болу жолындағы білім) дастанының ұйғыр вариантымен жетуінің де «Алтын Ярух» (Алтын жарық) атты дидактикалық шығармасының да тілдік мән-мағынасы зор. Бұлардың оқылуына, зерттелуіне еңбек сіңірген А.Вамберидін, В.В. Радловтың, В.Томсеннің т. б. есімдермен, еңбектерімен танысудың орны бөлек.

XI ғасырда араптардың Орта Азия, Қазақстан жеріне келуіне байланысты бұл жерлерді мекендеген халықтар өмір талабына орай араб жазуына көше бастады. Бұл сияқты қоғам тарихында болып жатқан өзгерістер тілге де өзіндік әсерін тигізбей қоймады, халықтардың жазу мәдениетіне де елеулі өзгерістер енгізді. Олар (өзгерістер) халқымыздың тілі, әдебиеті, жазба мәдениеті бұлағының әріде, түп негізі тереңде жатқандығынан хабар береді. Туған халқымыздың түркі туыстас халықтармен өзектес, тағдырлас, тарихи даму жолының тектес екендігін түсіндіреді. Тілдің қоғаммен тығыз байланысты екенін, тіл тарихы, қала берді адамзаттың бастан кешірген тарихы екендігіне көз жеткіземіз» [6, 9-11].

Қандайда бір халық мәдениетінің даму тарихына байланысты оның жазуы да өзгеріп, жетіліп отыратындығы белгілі. Адам баласының мәдениетті бағындырып өркениетке жету жолында қай графиканың болмасын өзіндік орны бар. Жалпы адамның өз болмысын (ақпарат пен өзіндік ерекшелікті) өзгеге жеткізу барысында таңбалар, нышандар, рәміздер өзіндік қызмет атқарғандығы белгілі. Адамзат баласы дыбыстық әріптерге қол жеткізу арқылы, көптеген қоғамдық және мәдени жетістіктерді бағындырғаны белгілі. Дыбыстық әріптерде тұтынушы қауымның өзіндік этникалық болмысы, дүниетаны, ділі, діні, ой-санасы, әдет-ғұрпы бірге беріледі деп шартты түрде айтуға болады. Графика арқылы адам уақыт пен кеңістік аясындағы болмыс пен құбылысты екінші, үшінші жаққа жеткізетін және оны болашақпен байланыстырушы бірден бір тетік деп тануға болады. Бұл тұрасында Қ.Сартқожаұлы: «Жазу пайдаланбай тұрған кезеңдегі дыбыстық қарым-қатынас (ауызекі сөз) аясы тым тар еді. Соның әсерінен адамның қоғамдағы қозғаушы күш ретіндегі белсенділігі шектеулі болды. Жазуды игеру нәтижесінде адамның мүмкіндігі кеңейді, өз ойы мен мақсатын, іс-әрекетін өзгеге және ұрпаққа жеткізуінің нәтижесінде рухани тәжірибе байланысының кеңістігі мен уақыт ауқымы шексіз ұлғайды. Ақпарат берушінің мәліметі ондаған ғасырларға жалғасатын мүмкіндікке қол жеткізді. Соның нәтижесінде дыбыстық тілдің (ауызша тіл) мүмкіндігі артып, адамзат қоғамының дамуын жеделдетуге, рухани мәдениеттің байлығын арттыруға аса үлкен мүмкіндік алды. Сөйтіп дыбыстық тілдің ажырамас құрамы жазба тіл өмірге келді. Нақтылап айтсақ, «тіл – ойлау – жазу» жүйесі пайда болды.

Тіл – мәдениеттің бір іргетасы. Мәдениеттің мақсаты өзін басқаға таныту, әрі мойындату. Өзін-өзі таныту (трансляция) мәдениет пен өркениет тарихында алғы шепте болады.

Тарихының тұптамасы тереңнен басталатын ондаған этностар мәдениет «тіл – ойлау – жазу» жүйесін бастан кешірген. Бұл үдеріс (процесс) сол халықтың рухани жасампаздығын көрсетеді» - деген пікірін құптауға болады [7, 6-7].

Адамзат мәдениетіндегі әлемдік графиканың бірнеше түрі болғандығы мәлім. И.Б. Гельбтің «Опыт изучение письма» атты еңбегінде, жалпы үлкен жеті жазудың болғандығы көрсетіледі. Онда: «шумер жазуы (Месопотомияда, Тигр, Ефрат өзендері аралығында б.э.д. 3100 ж. – б.э. 75 ж.); ежелгі элам жазуы (Эламда б.э.д. 3000 ж. – б.э.); ежелгі үнді жазуы (Үндістанда, б.э.д. 2200 ж.); қытай жазуы

(Қытайда б.э.д. 1300 ж.); египет жазуы (Египетте б.э.д. 3000 ж.); крит жазуы (Крит, Греция жерінде б.э.д. 2000-1200 ж.ж.); хет жазуы (Анатолия, Сирияда б.э.д. 1500-1700 ж.ж.)» [8, 67]. Тіл біліміндегі жазу тарихы және теориясын арнайы зерттеген ғалымдар 1940 жылдарға дейін жазу мәдениеті жүйесін пиктографиялық, идеографиялық, фонетикалық деген үш үлкен топқа бөліп топтастырған. Кейін келе бұл дәстүрлі жүйені пиктографиялық, иероглифиялық және фонетикалық жазулар деп өзгерте отырып, соңғы фонетикалық жүйені өз ішінен буындық және буындық-дыбыстық, алфавиттік деп бөлген. Соңғы жылдардағы графикалық зерттеулер бұл классификацияны өзгертіп, фразограммалық жазу, логограммалық жазу, морфемограммалық жазу, силлабограммалық жазу, фонограммалық жазу деген бес топқа жіктегендігін байқауға болады [9, 31-56].

Сонымен графика тарихы адамзаттың даму тарихы мен астарып кеткен, өте ерте заманда пайда болған лингвистикалық категория. Графиканың түрлері мен қолданысы уақыт өткен сайын өзгеріске түсіп отыруын қоғамдық үрдіске тікелей байланысты. Жалпы жазу жүйесі тұтастай алғанда таңбалардың жиынтығынан тұрады. Ал ол таңбалар болса бүтін сөзді, не буынды, не дыбысты белгілеп графиканың маңызын артыра түседі.

1. Кудеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті. 2006. – 276 б.
2. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
3. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1978.
4. «Тіл біліміне кіріспе» пәні бойынша оқу - әдістемелік кешен. – Жетісай: «Сырдария» университеті, 2010. (Құрастырған: Ж.А. Қошқаров)
5. «Қазақ Энциклопедиясы», 2-том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
6. Жылқыбаева М.С. Қазақ жазуының тарихы: Оқу-әдістемелік құрал. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010. – 83 бет.
7. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуы: алфавит жүйесі және фонологиясы. Фил. ғыл. док... дис. қолжазбасы.: 10.02.06. – Алматы: А.Байтұрсынұлы ат-ғы Тіл білімі институты, 2008. – 268 б.
8. Гельб И.Б. Опыт изучения письма. – М., 1987. – 185 с.
9. Истрин В.А. Возникновение и развитие письма. – М., 1965. – 399 с.
- 10.

Түйін

Мақалада әлемдік графика түрлерінің концептуалды болмысына қатысты ғылыми танымдық мәліметтер кеңінен берілген. Графиканың адамзат қоғамы үшін маңыздылығы ғылыми тұрғыда жан жақты баяндалып, концептуалды түсіндірмелер жасалған. Сондай-ақ әлемдік графика тарихындағы таңбалар жүйесінің адамзат баласы үшін, ақпаратты жедел әрі ұғынықты етіп жеткізудегі төрт түріне кеңінен ғылыми талдау жасалған.

Кілт сөздер: графика, таңба, әріп, фонема, графема, морфема, пиктография, идеография.

Резюме

В статье даются научно-познавательные сведения относительно концептуальной сущности видов мировой графики. Автором рассмотрена значимость графики для человечества с научной точки зрения, даны концептуальные разъяснения. Также дается всесторонний научный анализ четырех видов системы знаков из истории мировой графики, позволяющей донести информацию людям оперативно и понятно.

Ключевые слова: графика, знак, алфавит, фонема, графема, морфема, пиктография, идеография.

Summary

In article the scientific and informative information of rather conceptual essence of types of world graphics is supplied. The author considered the importance of graphics for mankind from the scientific point of view, conceptual explanations are made. Also the comprehensive scientific analysis of four types of system of signs from history of the world graphics, allowing to inform to people quickly and clearly is given.

Keywords: graphics, sign, alphabet, phoneme, grapheme, morpheme, pictography, ideography.

ДИСТРИБУТИВНО-ВАЛЕНТНОСТНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА СЕМАНТИЧЕСКОГО РЯДА «LAND/HEIMAT/VATERLAND»

Л.Салжанова – ф.ғ.к., Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінің доценті,

Г.Оңталапқызы – Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінің II курс магистранты

Концентрация внимания на анализе понятий одного или нескольких слов и их интерпретация дают иногда больше положительных результатов, чем количественный прием анализа целого блока словаря. Возвращение к теории Л.Виттгенштейна [1, 71] «использование слов в общем и различение понимания между «словом» и «понятием» служит аргументом для дистрибуции понятий вокруг семантического поля «Land», потому что значение понятия зависит от того, в каком оно окружении и в какой

содержательной связи оно находится, т.е. где это или иное понятие применено. Уже при реконструкции каждого отдельного понятия будет ясно, как оно сплетено с другими ключевыми понятиями. Если применять в языковых играх такие политические понятия как «власть», «ответственность», «чувство собственного достоинства», «гордость», то в центре анализа их содержания стоит вопрос, какая политика или идеология правильная или необходимая, а какая неправильная или ненужная. В контексте «Land» мы имеем дело с понятиями «любовь», «защита», «патриотизм», «патриот», «привязанность» и др.

Под «анализом вокабуляра» понимается дискурсивно-валентностный и понятийно-дистрибутивный прием или метод анализа применения сплетения слов между основными их понятиями внутри одного семантического поля или концепта, в нашем случае внутри концепта «Land», т.е. «страна-отечество-родина». И так «Land» существительное среднего рода (во мн. ч. Laender) в переводе на русский язык и в понимании любого немца означает: 1. страна, край; 2. земля (единица административного деления ФРГ, Австрии); 3. земля, почва; 4. земля суша; 5. сельская местность, село, деревня. И оно сочетается с приведенными ниже компонентами и в то же время очень удачно заменяется посредством других симплиций и композиций: 1. Geburtsland (страна рождения), Geburtsort (место рождения), Heimatland (родная страна); в возвышенной форме, часто эмоционально Vaterland (отечество, отчизна); часто в возвышенной форме, иронично Scholle (свой родной клочок земли); heimatliche Gefilde (родная местность); 2. Herkunftsland (страна происхождения), Herkunftsort (место происхождения), Ursprungsgebiet (область/место рождения), Ursprungsland (страна происхождения). Безытересными являются также рассмотрение и познание 'Land' в ином ракурсе, который понятен только носителю языка: Ausaller HerrenLaendern – 'отовсюду, со всех концов земли'; *эвф.* ins bessere Land hinübergehen – 'переселиться, перейти в лучший мир, умереть'; *воен. жарг.* Landhaben – 'находится в тылу'; *перен.* то же самое сочетание Landhaben означает в другом контексте 'находится в безопасности'; ich habe noch Land – 'немало лет прошло с тех пор'; das kann das Land nicht kosten – 'не так уж это дорого стоит' и др. Необходимо отметить, что прямой дословный перевод приведенных примеров выглядит совсем иначе. Рассмотрим для этой цели пословицы «Andere Laender, andere Sitten», т.е. другие страны, другие обычаи (ср. что город, то норы, что деревня, то обычаи) или «Mit dem Hute in der Hand kommt man durch das ganze Land», т.е. со шляпой в руке можно пройти по всей стране (ср. поклонись – вперед пригодится) и др. [2, 112] В немецкой словообразовательной системе симплиция «Land» встречается в основном в составе сложного слова, т.е. композита в качестве второго компонента и очень редко в качестве первого компонента, например: Abnehmerland, Beitrittsland, Agrarland, Geberland, Schuldnerland, Defizitland, Empfängerland, Dollarland, Lieferland, Industrieland, EU-Laender, Partnerland, Teilnehmerland, Erzeugerland, Sterlingblockland, landesweit, Landesteil, Landstueck, Landsmann или Landsherr и т.д.

В семантический круг «Land» входят без каких-либо препятствий 'Heimat' или 'Vaterland', соответственно и 'Heimatland', эти лексемы признаны идеографическими и порой абсолютными синонимами и не притесняют «Land» в той или иной дистрибуции. Во многих случаях «die Heimat» абсолютно точно заменяет «das Land» и в нейтральном и в эмоциональном плане: O, meine Heimat! (О, моя Родина!); O, mein Land! (О, моя страна!). В качестве подтверждения наших слов можно продемонстрировать следующие примеры из знаменитого Duden-словаря: München ist seine Heimat - München ist sein Land (Мюнхен – его Родина/Страна); Wien ist meine zweite Heimat, ich fühle mich jetzt in Wien zu Hause, obwohl ich nicht dort geboren bin (Вена – моя вторая Родина, я чувствую себя в Вене как дома, несмотря на то, что я там не родился) или Er hat in Deutschland eine neue Heimat gefunden (Он в Германии нашел свою Родину) [2, 113] и т.д. Тот же Duden-словарь дает определение слову 'Heimat' в следующем порядке: 1. Land (страна, земля), т.е. Landesteil (часть земли), indem man [geboren und] aufgewachsen ist (на которой, он родился и рос) или (где он чувствует себя дома из-за постоянного присутствия) sich durch staendigen Aufenthalt zu Hause fühlt (как высокопарное выражение тесной привязанности по отношению к какой-нибудь местности); 2. Ursprungsland (место рождения), Herkunftsland eines Tieres (страна происхождения какого-то животного), einer Pflanze (растения), eines Erzeugnisses (страна-производитель товара), einer Technik (- техники), нп.: die Heimat dieser Fichte ist Amerika (Родина/страна этой пихты Америка) или Deutschland gilt als die Heimat des Buchdrucks (Германия считается родиной книгопечатания, полиграфии).

Если под валентностью понимается «способность части речи (существительного, глагола, прилагательного или др.) привязывать к себе другие языковые элементы» [см. 3, 33; 3, 421] на парадигматическом уровне, то слово «Heimat» находится на уровне синтагматики в сочетании со следующими языковыми единицами: seine alte Heimat wiedersehen (увидеть свою старую Родину); die Heimat verlieren, verlassen (потерять, покинуть Родину/страну); die Heimat lieben, verteidigen (любить, защитить Родину/страну); er hat keine Heimat mehr (у него больше нет Родины); er hat in Deutschland eine neue Heimat gefunden (он нашел в Германии новую Родину/страну); jemandem zur

Heimat werden (кому-то быть Родиной) или в переносном смысле jemandesgeistige Heimat (чья-то духовная Родина). Композиты Heimatabend, Heimatadresse, Heimatanschrift, Heimatdichter, heimatberechtigt и др. привлекают также внимание лингвиста. Данный ряд можно дополнить цитатами известных личностей, как: "Am Tage, da ich meinen Pass verlor, entdeckte ich mit achtundfünfzig Jahren, dass man mit seiner Heimat mehr verliert als einen Fleck umgrenzter Erde." (Stefan Zweig, *Erinnerungen*); "Da ist unsre Heimat, diese Dinge, bleiben in den Tiefen unsrer Seele." (Carl Spitteler, *Der verlorene Sohn*); "Der ist in tiefster Seele treu, wer die Heimat liebt wie du." (Theodor Fontane, *Archibald Douglas*); "Der Mensch hat immer eine Heimat und wär es nur der Ort, wo er gestern war und heute nicht mehr ist. Entfernung macht Heimat, Verlust Besitz." (Alexander von Villers, *Briefe eines Unbekannten*); "Die Heimat, das bedeutet: von Zeit zu Zeit eine Minute der Ruerung, aber doch nicht dauernd." (Jules Renard, *Ideen, in Tinte getaucht. Aus dem Tagebuch*); "Euer Landsmann ist ein Eigensinn und ein Besserwisser, der sich dem neuen Lande, drin er nun lebt, nicht anbequemen und alles nach der Weise seiner alten Heimat anordnen und regeln will. Er gehorcht wohl, weil er im Gehorsam erzogen ist, aber es ist ein toter Gehorsam, und ein toter Gehorsam ist unfruchtbar." (Theodor Fontane, *Quitt, Neunzehntes Kapitel. Aus: Romane und Erzählungen. hg. von Peter Goldammer, Gotthard Erler, Anita Golz und Jürgen Jahn, 2. Auflage, Berlin und Weimar: Aufbau, 1973. Band 5. S.406*); "Geschichte kann Heimat sein." (Richard von Weizsäcker, *Stuttgarter Zeitung* Nr. 210/2008 vom 8. September 2008, S. 21); "Heimat ist kein Ort, Heimat ist ein Gefühl!" (Herbert Groenemeyer, "Heimat" auf der Maxi-CD "Ich dreh mich um dich", 1999); "Heimat ist, was man vermisst" (Sebastian Schnoy, *Heimat ist, was man vermisst, Rowohlt Verlag: Reinbek bei Hamburg 2010*); "Meine Heimat gibt mir Kraft - egal für welche Aufgabe." (Kurt Beck, ueber Rheinland-Pfalz, *Stern* Nr. 27/2007 vom 28.Juni 2007, S. 40) и др. В суть каждого из этих высказываний заложено большое чувство, берем для сравнения только последнюю цитату: "Meine Heimatgibt mir Kraft – egal für welche Aufgabe." – «Моя Родина даёт мне силу, неважно для какой задачи».

Как было выше подчеркнуто, в данной семантической цепи находит свое место «Vaterland» (отечество), в этой связи уместно привести в качестве примера наблюдение Артура Шнитцлер "Ich liebe mein Vaterland, nichtweil es mein Vaterland ist, sondern weil ich es schön finde. Ich habe Heimatgefühl, aber keinen Patriotismus", которое переводится слово в слово: «Я люблю мое отечество, не потому что оно мое отечество, а потому что я нахожу его красиво. У меня есть любовь к Родине, но нет чувства патриотизма» (Arthur Schnitzler, *Aphorismen und Betrachtungen aus dem Nachlass*). Исходя из предыдущего контекста или других сведений, можно сделать вывод, что нельзя ставить между понятиями «Родина» и «Патриотизм» знак равенства, хотя они могут находиться в одной дистрибуции.

И так «Vaterland»: «Vaterland» это обозначение для страны, из которой человек сам или его предки происходят и где они чувствуют себя глубоко укоренившимися. Для казаха (возможно и для немца) «Vaterland» (в переводе «Атамекен», «Отан») это место, где он состоит в большинстве случаев с другими в родственных отношениях и набирает, скажем, так, эмоциональные опыты в индивидуальном развитии. Он привязан к этой стране, к этой земле, к этой местности («Кіндігімнің қаны тамған»). Разумеется, Vaterland (как и Heimat, и Land) применяются в политическом дискурсе, часто в политической идеологии с оттенком коннотации, возвышенно, чаще эмоционально: Vaterhaus (родительский дом), Vaterherrschaft (господство), Vaterherz (сердце/душа отца), das deutsche Vaterland (немецкая страна), für das Vaterland sterben (умереть за отечество), Liebe zum Vaterland или Nationalgefühl, Vaterlandsliebe (любовь к отчизне или национальное чувство), vaterländische Gesinnung (идеология, убеждения отечества); ins Vaterland zurückkehren (возвращаться к Отчизне), Vaterlandliebe (любя Родину, Отечество), ehrend (уважая); vaterländisch (отечественный), vaterlandslos (без Отечества, не имея Отечества), Vaterlandsverraeter (предатель Отечества, Родины, страны); Das Vaterland überall! (Во всём и везде Родина, Отечество); Wer sein Vaterland nicht liebt, ist ein ungerathener Sohn. (Кто не любит свое Отечество, тот и есть предатель-сын); Besser fürs Vaterland gefochten und gestorben, als durch falschen Frieden in den Grund verdorben. (Лучше умереть за Отечество, чем гнить в фальшивом мире чужой земли); Fürs Vaterland sterben ist edel, fürs Vaterland leben – besser. (Достоин умереть за Отечество, лучше жить за него); Fürs Vaterland zu leben, ist angenehmer (süß) als fürs Vaterland zu sterben. (Жить за Родину намного приятнее, чем умереть за нее); Mein Vaterland ist, wo es mir wohl geht. (Моя Родина там, где мне хорошо) и т.д.

Приведем цитату из книги Б.Бардо, французской актрисы, которая на первый взгляд не вызывает особых нареканий кроме беспокойства за свою страну. Но в концепте ее лежит подстрекательство, расовая ненависть, дискриминация и немирность с обычаями других национальностей, религий, т.е. ее ненависть против ритуала жертвоприношения овец в Исламском празднике. "Unsere Vorfahren und Großväter haben jahrhundertlang ihr Leben geopfert, um alle Invasoren zu vertreiben. Unser Land sollte ein freies Vaterland sein, das nicht das Joch irgendeiner fremden Macht ertragen sollte. Doch seit etwa 20 Jahren erleben wir eine gefährliche, unkontrollierte Unterwanderung. Nicht nur, dass die Einwanderer sich nicht unseren Gesetzen und Bräuchen unterwerfen, nein, sie versuchen sogar, uns ihre aufzudrängen." [4, 92] B

переводе она звучит: «Наши деды и предки на протяжении веков пожертвовали своими жизнями, чтобы изгнать всех захватчиков. Наша страна должна быть **свободной страной** (страной-отчизной-родиной), которая не должна нести иго любой иностранной державы. Но около 20 лет мы являемся свидетелями опасного, неконтролируемого проникновения. Мало того, что иммигранты не подчиняются нашим законам и обычаям, нет, они даже пытаются навязать нам свои (имеются ввиду законы и обычаи иммигрантов).» Рассмотрим другой текст "Was würden wir armen Menschen machen, wenn wir uns nicht immer wieder eine Idee schaffen würden von Vaterland, Liebe, Kunst und Religion, mit der wir das finstere schwarze Loch immer wieder so ein bisschen verdecken können." [5, 82] «Что мы могли делать, мы бедные люди, если мы не создали идею об отчизне, любви, искусстве и религии ...», где Отечество тесно связано с любовью, искусством, религией, т.е. всеми позитивными понятиями.

В любом языке, соответственно и в современном немецком языке есть свои закономерности и особенности реализации языковых процессов, наряду, конечно, с общими универсальными и уникальными условиями, факторами в знакомых и незнакомых контекстах, концептах и дискурсах. В контексте анализируемых слов имеются также различного рода изменения лексического значения, семантического обобщения, «пространственного» переосмысления, качественного перевоплощения из одного типа в другой и т.д. Это не предел возможности анализа в окружении этого или иного семантического поля. Оно вполне может дальше развиваться и обсуждаться в рамках большого лингвистического труда.

1 Wittgenstein L. *Philosophische Untersuchungen: Philosophische Grammatik.* – Berlin 1984. – S. 68-76.

2 Duden in 12 Bänden. *Richtiges und gutes Deutsch.* Bd. 9. – Mannheim 1997. – S. 459. ISBN: 978-3-411-04097-1.

3 Stepanova M.D., Cernyseva I.I. *Lexikologie der deutschen Gegenwartssprache.* – Moskau 1986. – S. 31-32; Duden. *Die Grammatik: unentbehrlich fuer richtiges Deutsch.* – Mannheim 1984. Bd. 4. – S. 771.

4 Brigitte Bardot. *Ein Ruf aus der Stille.* – Muenchen, Langen/Müller 2004. – 188 S. ISBN 3784429467. Uebersetzerin: Antoinette Gittinger.

5. Max Beckmann. *Briefe im Krieg.* – Berlin, Privatdruck 1994. – 218 S.

Түйін

Ұсынылып отырған мақалада қазіргі неміс тілі дискурсындағы «Land-Vaterland-Heimat/Heimatland» («Ел/жұрт-Атамекен-Отан») лексикалық тізбегінің семантикалық өрістегі жалпы және нақты көрінісі беріледі. Негізгі мақсат берілген тізбекті тек лингвистикалық тұрғыдан ғана қарастыру емес, сонымен қатар саяси дискурстағы идеологиялық маңызын да көрсету. «Land», яғни «ел-атамекен-отан» концептісінің сөздік талдауы бізге дискурсивті-валенттілік және ұғымды-дистрибутивті әдісті немесе бір семантикалық өрістегі негізгі ұғымдар арасындағы өрілімдерді талдау әдісін қолдануға мүмкіншілік береді. Қазіргі неміс тілінде көптеген симплициялар мен –land компонентімен берілген композиттер кездеседі. Сонымен қатар талданатын сөздер контентінде әр түрлі лексикалық мағыналар, семантикалық толықтырулар, «кеңістік» ой елегінен өткізу, бір типтен екінші типке сапалы өзгеру және т.б. бар. Бұл берілген ұғымды талдау мүмкіншілігінің шегі емес, ол ары қарай дами және бір үлкен лингвистикалық еңбек шеңберінде талдана алады.

Негізгі ұғымдар: дискурс, валенттілік, дистрибуция, семантикалық өріс, концепт, симплиция және т.б.

Резюме

В предлагаемой статье дается общая и в то же время конкретная картина лексического ряда «Land-Vaterland-Heimat/Heimatland» («Страна-Отечество-Родина») в современном немецком дискурсе. Основная цель рассмотреть данный ряд не только с лингвистической точки зрения, но и показать его идеологическое значение-содержание в политическом дискурсе. Анализ вокабуляра концепта «Land», т.е. «страна-отечество-родина» позволяет нам применять дискурсивно-валентностный и понятийно-дистрибутивный прием или метод анализа применения сплетения слов между основными их понятиями внутри одного семантического поля или концепта. В современном немецком языке встречается немало симплиций, а также композитов с компонентом -land. В контенте анализируемых слов имеются также различного рода изменения лексического значения, семантического обобщения, «пространственного» переосмысления, качественного перевоплощения из одного типа в другой и т.д. Это не предел возможности анализа данного понятия, оно вполне может дальше развиваться и обсуждаться в рамках большого лингвистического труда.

Ключевые слова: дискурс, валентность, дистрибуция, семантическое поле, концепт, симплиция и др.

Abstract

The general and concrete pattern of lexical number of «Land-Vaterland-Heimat/Heimatland» («Country-Fatherland-the Motherland») in modern German discourse is investigated in the given article. The main goal is to consider this number not only from the linguistic point of view, but also to show its ideological value-content of the political discourse. The analysis of the vocabulary of the concept «Land» of «the country-Fatherland-Native land» allows us to apply the discursive-valency and conceptual-distributive method or the method of analysis of application of the plexus of words between their main concepts within a single semantic field or the concept. Many simplifications as well as composites with the component-land are found in modern German language. In the content of the analyzed words there are also various kinds of changes in lexical meaning, semantic generalizations, «spatial» rethinking, qualitative transformation from one type to another etc. There are no barriers and opportunities and the analysis of this concept can be further developed and discussed in the framework of a large linguistic work.

Key words: discourse, valence, distribution, semantic field, concept, simplicity etc.

ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПАТТЫҢ ЭКСПРЕССИВТІЛІГІН АРТТЫРУДА ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІҢ РОЛІ

Қ.С. Ерғалиев – ф.ғ.к., доцент, Е.Асанбаева – 3-курс студенті
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты

Газет тақырыпатына жүктелетін міндеттер көп. Ең алдымен, ол мазмұнды болуы керек. Оқырман кез келген газет не журналды оқымас бұрын, бірінші ондағы мақала атауларына көз жүгіртіп, қайсысы не жайлы сөз ететіндігін ойша саралап, өзіне қызықты тақырыпта жазылғандарын ғана зер салып оқиды. Осыдан туындайтын тағы бір талап – тақырыпат мақала мазмұнымен сәйкес болуы керек. Егер реципиент мақала атауын өзіне қызықты көріп, бірақ оның мәтінін оқығаннан кейін тақырыпат пен мақала мазмұны арасындағы «теңсіздікке» тап болып, өзінің қабылдайын деген ақпараты ойынан шықпаса, ол мақала авторынан ғана емес, барлық басылымнан да бас тартуы мүмкін.

Бұл екі негізгі міндеттен басқа, журналистер мақала тақырыпатына тағы бір міндетті жүктейді. Ол – мақала атауының көркемдік бейнелілігі. Егер алғашқы екеуі, ең алдымен, оқырман үшін туындаған талаптар болса, соңғысы оқырмандардан гөрі көбіне журналистердің жеке қамын ойлағанынан барып туындайтын талап болып табылады. Уақыт өткен сайын публицистика саласы да дамыды, мерзімді басылымдардың саны артты. Ал осынау көп мақалалардың ішінде реципиент дәл өзінің төл туындысына зер салуы үшін, журналистер өз шығармаларын көркемдік бейнелілігі тұрғысынан «безендіріп», оқырман назарын аудару үшін қолынан келгенше тырысып бағуда. Бұл тұрғыда мақала тақырыпаты нарықтағы тауардың қаптамасы іспеттес роль атқарады.

Осы үш талапқа жауап беретін публицистикалық тақырыпат әрі оқырманның мақаланы қабылдау әрекетін жеңілдетіп, әрі журналистің көздеген мақсатына жетуіне септігін тигізетіні анық. Аталған талаптарға жауап беретін тақырыпат құрастыру үшін публицистикада сан алуан құралдар қолданысқа түседі. Оқырманның мақала тақырыпатын қабылдауын жеңілдетуде тыныс белгілерінің атқаратын қызметі зор.

Егер ауызша сөйлеу әрекеті барысында ақпараттың дұрыс «сарында» қабылдануына мимика, ым-ишара, интонация және адресанттың сөйлеу әдеті жауапты болса, жазбаша коммуникацияның мұндай жүгін тыныс белгілері арқалайды.

Тыныс белгілері (пунктуация) – тіл білімінде жазуға тән шартты белгілер жүйесі [1, 509]. Тыныс белгілері (үтір, нүкте, сызықша, т.б.) айтайын деген ойды нақтылы, дәл түсінікті етіп жеткізу үшін, сондай-ақ баяндалмақшы пікірді жинақтап, айқын білдіру мақсатында қолданылады. Сонымен қатар тыныс белгілері сөз тіркестері мен сөйлемдерді айтқанда немесе оқығанда тілде байқалатын кідірісті де, дауыста аңғарылатын әркелкі құбылысты да білдіреді.

Ғалым Н.С. Валгина айтпақшы, пунктуация барынша ықшам әрі жинақы мақала тақырыпатының астарында едәуір мазмұнды және түсінікті ақпарат жасыра алу қасиетіне ие. [2]. Публицистика үшін керекті де – осы.

Тыныс белгілерін олардың қызметіне сай келесідей топтарға жіктеуге болады:

- Сөйлем бөлімдерінің арасындағы байланысты көрсету (үтір, нүктелі үтір, қос нүкте, сызықша);
- Нақты сөздер мен сөз тіркестеріне деген эмоциональдық байланысты білдіру (тырнақша, сұрақ және леп белгісі);
- Мәтін бөлімінің түсіп қалғандығын көрсету (көп нүкте);
- Төл сөздер мен дәйексөздерді ажыратып көрсету (тырнақша);
- Сөздерді қысқартуда қолданылатын белгілер (нүкте).

Жазуда тыныс белгілері пунктуациялық нормаларға сай қолданылады. Пунктуацияда біршама тұрақты қолданылатын жалпы нормалардан басқа, кейде нақты бір жағдайға және мәтіннің мән-мағынасына байланысты туындайтын ситуативті нормалар да болады. Соңғысы сөйлеу әрекетіне ерекше мазмұндылық пен экспрессивтілік береді.

Ситуативті нормаға сай қолданылған тыныс белгілері түрлі қызмет атқаруы мүмкін: логикалық-ақпараттық (әртүрлі мәтіндерде, әсіресе ғылыми және ресми іс-қағаздарда), экспрессивті-эмоциональды (көркем әдеби және публицистикалық мәтіндерде), сигналды (көбіне жарнамалық мәтіндерде), т.б.

Газет мәтініндегі пунктуацияда тыныс белгілеріне жүктелетін міндеттер екі есе салмақты. Автор шағын тақырыпат кешенін мақала мәтінінің «беті» ретінде ұсынумен қатар, оқырман санасына «оң» әсер етіп, оны оқуға итермелейтін жарнамалық тұрғыдан да қолданады.

Алғашқы публицистикалық басылымдарда пунктуация тек нақты тілдік нормаларға сай жұмсалып, оқырман тақырыпаттың мән-мағынасын дұрыс түсіне алуы үшін қолданылса, уақыт өте келе тілдік нормадан ауытқуға әкелетін болса да, тыныс белгілерін «жаңа» кейіпте ұсына бастау құбылысы жиілей бастады.

Әдетте, мұндай «ауытқуға» жазушылар қасақана барады және әдеби мәтіндерде бұндай амал эстетикалық қызмет атқарса, публицистикадағы мақсаты – оқырман санасына әсер ету.

Публицистикалық мақала атауларында қолданылатын осындай экспрессивті пунктуациялық амалдардың бірнешеуін атап өтуге болады.

- Біріншісі және жиі қолданылатыны – *парцелляция*. Ғалым Ю.В. Ванниковтың бұл терминге берген анықтамасы бойынша, «*парцелляция* дегеніміз – бір синтаксистік құрылым – сөйлемді бірнеше дара коммуникативті бірліктер – фразаларға бөлшектейтін стилистикалық амал» [3,189]. Мұндай құрылымдар, әдетте, екі бөлімнен тұрады: негізгі бөлім және парцеллят. Негізгі бөлімі әрдайым жеке дара дербес сөйлем ретінде танылса, парцеллят мағыналық байланысы жағынан да, синтаксистік қызметі жағынан да оған тәуелді болып, қандай да бір мағыналық реңк береді (толықтыру, айқындау, ойды өрбіту, т.б.). Мысалы: «Басылым аты бес рет өзгерген. Неге?» (Ақиқат, 2011. - № 9), «Қазақстан жол торабында тұр, қалай жүреді?» (Заман-Қазақстан, 16.05.1997) (Ақиқат, 1993.- N 3), «*Саддам кетті. Не қалды?*» («Жас Алаш», 12.04.2003).

Бұндай амалдың әсерлілік негізі – оқырман бір синтаксистік құрылымды бірнеше коммуникативті бірліктерге бөліп, «қасықтап» қабылдауында. Ғалым Л.А. Манькованың айтуынша: «Парцеллят негізгі сөйлемді толықтырып, мағыналық тұрғыдан жаңа реңк берсе де, шын мәнінде, мағыналық байланысы жағынан публицистикалық тақырыпат компоненттерінің ішінде дәл осы бөлімнің маңыздылығы жоғары» [4, 20].

Парцелляция құбылысынан басқа публицистикалық мақала атауында келесідей экспрессивті пунктуациялық амалдарды кездестіруге болады:

- **Лексикалық қайталама:** «*Азап тағдыр – гажап тағдыр...*» (Заман-Қазақстан, 14.02.1997), «*Отанның ойлайтыны – ортақ Отан*» (Егеменді Қазақстан, 05.07.2006), «*Тазару... айыққанша тазару!*» (Егеменді Қазақстан, 07.08.2002), «*Бір күдік, бір үміт*» (Парасат, 2000.- N 9).

- **Эллипсис:** «Мемлекеттік емес деп...» (Заман-Қазақстан, 25.04.1997), «Той десе...» (Парасат, 1996.-N 3);

- **Синтаксистік параллелизм:** «*Ауыл аман, көңіл алаң*» (Ақиқат, 1998. - N 7), «*Мысыққа ойын, тышқанға өлім*» (Ақиқат, 1992.- N 8).

- **Қарсы мәнді сөздерді (контекстік антонимдерді) бір-біріне шендестіру:** «*Өсеміз бе, өшеміз бе?*» (Парасат, 1994.- N 8), «*Ұл етем деп, құл етіпті*» («Жас Алаш», 01.08.2013).

Тақырыпатта қолданылған тыныс белгілері оған түрлі «реңк» береді: эмоционалдық, бұйрық, шарттылық, т.б. Заманауи публицистикада тыныс белгілерінің шамамен барлық түрлері белсенді қолданылады. Олардың әрбіреуіне жеке тоқталып өтейік:

➤ **Нүкте.**

1) Бүгінгі таңда публицистикалық тақырыпаттың соңында нүкте қойылмайды. Мұндайда нөлдік позиция орын алады: «*Даланың дархан данасы*» (Сарыарқа самалы, 07.06.2003), «*Бүгінгінің біз білмейтін батыры*» («Ана тілі», 8-14.04.2010), «*Күш атасының құпиялары*» (Айғақ, 27.08.2008).

2) Бірнеше сөйлемнен құрастырылған күрделі тақырыпаттарда да осы тыныс белгісін кездестіруге

болады: «Заман. Ағым. Жастар» (Заман-Қазақстан, 16.05.1997), «Сары аяз. Ескі автобустар. Зулаған таксилер» (Егеменді Қазақстан, 17.12.2012).

3) Жоғарыда аталған экспрессивті пунктуациялық амал –парцелляциялық құрылымдарда да негізгі сөйлем парцеллянттан көбіне-көп нүкте арқылы ажыратылады: «Әкімдер жұмысы қаралды. Елбасы не деді?» (Егеменді Қазақстан, 15.04.2006), «"Антиплагиат". Ғылымды тек осы бағдарлама құтқара ала ма?» (Егеменді Қазақстан, 07.01.2009), «Бізді сайлау күтіп тұр. Ол сайлауымыз қандай болмақ?» (Егеменді Қазақстан, 08.11.2002).

➤ **Үтір.** Публицистикалық тақырыпаттарда үтір көбіне тілдік нормаларға сай, «өзіне тиісті жерде» қойылады:

1) Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің арасында: «Сенің ауылың анау, менің ауылым мынау» (Егеменді Қазақстан, 29.11.2008), «Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле» (Егеменді Қазақстан, 25.07.2012), «Несие грантқа ауысты, бірақ студенттер шыдамын тауысты» (Айқап, 16.09.2005).

2) Қаратпа құрылымы бар тақырыпаттарда: «Қайырлы таң, хұқықтық республика» (Заман-Қазақстан, 28.06.1996), «Досым, саған айтам...» (Заман-Қазақстан, 10.07.1998), «Ұлық мерекелеріңізбен, Отандастар!» (Егеменді Қазақстан, 24.11.2009).

3) Автордың ойын білдіретін қыстырма сөздер (құрылымдар) де үтір арқылы ажыратылады: «Осы, ораза қашан?» (Егеменді Қазақстан, 31.01.1994), «Сонымен, саясат сахнасында – Путин!» (Ана тілі, 2000.- N 4), «Әлқисса, он бес мың жұмыс орны ашылады» (Егеменді Қазақстан, 03.07.2012), «Ай қарап жүр ме, түге...» (Айғақ, 02.04.2008).

4) Айтылған ойға жазушының түрлі сезімін, көңіл күйін білдіретін оқшау сөздерді бөліп көрсетеді: «Едігедей ерің бар, ей, Оңтүстік!» (Айғақ, 28.11.2007), «Ой-хой, шіркін, орта тап. Қазақстандағы орташалар кімдер?» («Жас Алаш», 03.11.2009), «"Қап бәлем, тағы да алдандым-ау" деп өкінетін президент қайда?» («Жас Алаш», 29.11.2011).

5) Құрамында бірыңғай мүше бар тақырыпаттарда: «Таза қазақ, шала қазақ, ада қазақ... мен осылай үш топқа бөлем» («Жас Алаш», 10.11. 2001), «Назарбай, Сара, Нұрсұлтан қараңғы үйде өмір кешіп жатыр» («Жас Алаш», 20.10.2009), «Өр Алтай, асқар Алтай, асқан Алтай!» (Егеменді Қазақстан, 11.12.2012), «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» (Егеменді Қазақстан, [28.05.2011](#)).

6) Айқындауыш мүшені бөліп көрсетеді: «Біз, журналистер, не жазып жүрміз өзі?!» (Айғақ, 14.01.2009).

➤ **Сұрақ белгісі.** Публицистикада сұрақ ретінде құрастырылған тақырыпаттардың әсер етушілік қасиеті жоғары: тілші мақала атауында оқырманға сұрақ қойып, оның қызығушылығын оятады және қойған сауалының жауабын мақаланы толық оқығаннан кейін табуға болатындығына ишара етіп, көздеген мақсатына жетеді.

1) Сұрақ белгісі риторикалық сарындағы публицистикалық тақырыпаттарда көп кездеседі. Мұндай мақала атаулары көбіне сұрау есімдіктерінің негізінде: «Қазақстандағы "қара домалақтар" қаниа?» (Егеменді Қазақстан, 28.08.2007), «Праймериз дегеніміз не?» (Егеменді Қазақстан, 04.07.2007), «Балабақшалардағы қазақ топтарының "қазақшасы" қашан дұрысталады?» (Сарыарқа самалы, 23.11.2010), «Қазақстан алюминийін не күтіп тұр?» («Жас Алаш», 14.03.1998) және сұраулық шылаулар көмегімен туындауы мүмкін: «Қытай жастары отансүйгіш, ал бізде ше?» (Заман-Қазақстан, 22.05.1998), «Қазақ БАҚ-ы әлемдік БАҚ-пен бәсекелестікке қабілетті ме?» (Ақиқат, 2013. - № 1), «Зиялы қауым зиянды қауым ба?» (Ақиқат, 2013.- № 1), «Осы жұрт Барлыбекті біле ме екен?» (Ақиқат, 2001.- N 10), «Өгейліктен құтылатын күн бар ма?» (Парасат, 1996.-N 5).

2) Екі зат не құбылыстың бірін таңдау керектігін білдіретін (бірыңғай мүшелі) альтернативті сұрақтар да осы тыныс белгісімен ажыратылады: «"Алтын адам" хан ба, әлде ханиа ма?» (Заман-Қазақстан, 22.05.1998), «Бүгін мейрам, ертең той ма?» (Заман-Қазақстан, 02.08.1996).

3) «Сұрақ-жауап» түрінде құрастырылған тақырыпаттар да кездеседі: «Бақыт қайда? Татулығы жарасқан отбасында» (Егеменді Қазақстан, 21.12.2010), «Қайда болушы еді? ...жаныңызда!» (Ана тілі, 02.02.1995), «Бақыт қайда? Бассаң аяқ астында» (Егеменді Қазақстан, 25.12.2007).

4) Парцелляциялық құрылымдарда да сұрақ белгісін көп кездестіруге болады. Мұнда көбіне-көп сұрақ-сөйлем рөлін екінші бөлім атқарады: «Әкімдер жұмысы қаралды. Елбасы не деді?» (Егеменді Қазақстан, 15.04.2006), «Сенат ІІ депутатқа жаңарды! Аз ба, көп пе?!» (Заман-Қазақстан, 08.10.1999), «Тұрартанушы мен Мұхтартанушы ауылда отыр. Ол кім?» (Айғақ, 19.07.2006).

Дегенмен, кейде өзгешеліктер де орын алып жатады: «Қазағым, қайда барасың? Өз қайығымызды өзіміз шайқамайық» (Егеменді Қазақстан, 03.11.2010), «Кім кінәлі? Құжық бұзушылығының алдын алу шаралары мардымсыз» (Ақиқат, 2007.- N 10), «Жоба құны қанша? Жобаның артықшылығы неде?» (Егеменді Қазақстан, 12.10.2011).

5) Күрделі публицистикалық тақырыпаттарда да бұл тыныс белгісі жиі ұшырасады. Мұндай тақырыпаттардың ерекшелігі – бірінші бөлімде тілші оқырманның қызығушылығын оятатын хабар «айтып», екінші бөлімде оны толықтырып, мағынасын сәл ашады немесе, керісінше, жаңа реңк беріп, шиеленістіреді де, реципиентті мақала мәтінін толық оқуға итермелейді: «Жыры бітпейтін Шардара немесе топан су қауіпінен Сыр елі қашан құтылады?» (Айғақ, 20.02.2008), «Қазақ радиосын қалай тыңдаймыз: немесе мемлекеттік тілдегі радио хабарлар ауыл тұрғындарына неге жетпейді?» (Заман-Қазақстан, 18.07.2003), «Қас шебердің сыры немесе Жамбыл ескерткіші қалай дүниеге келді?» (Заман-Қазақстан, 23.08.1996).

➤ **Леп белгісі** – публицистикалық тақырыпатта жиі қолданылатын тыныс белгісі. Түрлі эмоция мен көңіл-күйді білдіретіндіктен, мұндай мақала атауларының экспрессивтілігі жоғары.

1) Сан алуан эмоцияларды білдіретін тақырыпаттар: «Қазақ деген елміз біз!» (Егеменді Қазақстан, 21.10.2009), «Поющийден пьющийге айналғанымыз-ай!» (Заман-Қазақстан, 28.11.1997), «Әуені әсем әндер-ай әуелеген!» (Заман-Қазақстан, 31.05.2002).

2) Бұйрық райлы тақырыпаттардың соңында да леп белгісі қолданылады: «Жеріңе табын, адамдар!» (Ана тілі, 3-9.07. 2003), «Бұл жолы қателеспейік!» (Айғақ, 17.09.2008), «Елдіктің егеулі найзасы бол, қаламгер!» (Заман-Қазақстан, 26.04.2002).

➤ **Сызықша.**

1) Тілдік нормаға сай, бір сөз табынан болған бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша: «Еңбек түбі – береке» (Егеменді Қазақстан, 05.01.2013), «Ауа – жанға дауа» (Егеменді Қазақстан, 14.04.1994), «Тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық, тілегіміз – татулық» (Айғақ, 02.05.2012), «Нашар жол – азап, әлемге – мазақ» (Заман-Қазақстан, 02.08.2002), «ГБО – дастарханда көрінбейтін құбыжық» (Заман-Қазақстан, 18.07.2003).

2) «Не – кімге», «кім – қайда», «не – не үшін» деген сынды үлгілер бойынша құрастырылған тақырыпаттар: «"Дарын" сыйлығы – дарындыларға» (Егеменді Қазақстан, 25.12.2002), «Жығылғанға – жұдырық» (Егеменді Қазақстан, 25. 05.2010), «Өлілерге – сауал, тірілерге – сабақ немесе жерлеудегі "коммунистік тәсіл" жалғаса бере ме?» (Парасат, 2004.- N 2).

3) Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің арасындағы мағыналық байланысқа сай сызықша қолданылуы мүмкін: «Қалауын тапса – қар жанар» (Заман-Қазақстан, 09.08.2002).

4) Тілші нақты бір сөзге (не сөз тіркесіне) оқырман назарын аудару мақсатында, тілдік норма бойынша сызықша қойылмауы керек жерде де осы тыныс белгісін қолданып жатуы жиі ұшырасады: «Қазақ әні – құның неге құлдырады?» (Заман-Қазақстан, 05.02.1999), «Болғанда қайрақ – таспан, қайрат – жаспан» (Заман-Қазақстан, 19.10.1993), «Ұлың – құл, қызың – күң болсын... Жеріңді сат, қазақ!» (Ақиқат, 2002.- N 9), «Отан – оттан ыстық немесе... "Мүсәпір" софрасындағы мұңлық» (Парасат, 2008. - № 12).

➤ **Қос нүкте.** Қос нүкте күрделі публицистикалық тақырыпаттарда көп кездеседі.

1) Мақала атауының бірінші бөлімінде жағдайға жалпы баға берілсе, екіншісі оның мағынасын түсіндіріп, тереңірек ашады: «Қазақстан – АҚШ: ынтымақтастық дамып келеді» (Егеменді Қазақстан, 30.03.1995), «Конституция: екі жыл өткен соң...» (Заман-Қазақстан, 29.08.1997), «Кедендік одақ: алыс-беріс, барыс-келістің кешенді кеңістігі» (Егеменді Қазақстан, 15.01.2010).

2) Екінші сөйлемде алғашқыда баяндалған оқиғадан туындаған сұрақ қойылуы мүмкін: «Сыбайлас жемқорлық: кімдермен күресеміз?» (Ақиқат, 1999.- N 7), «БАҚ: қаржы дағдарысы қалам ұшында қалай сөйлейді?» (Ақиқат, 2009.- № 1), «Ауызына құдай сөз салған: Абайды толық танып болдық па?» (Парасат, 2004.- N 6), «Азаматтық неке: махаббат па, әлде алдамшылық па?» (Егеменді Қазақстан, 19.07.2010).

➤ **Көп нүкте.** Мақала атауындағы аяқталмаған ой – оқырман назарын аударып, қызығушылығын арттыруға септігін тигізетін тәсіл.

1) Публицистикалық тақырыпаттың соңында қолданылған көп нүкте, әдетте, ойдың аяқталмағандығын немесе автордың оқырман қызығушылығын ояту үшін әдейі толық айтпай отырғандығын білдіреді: «Астана – әсем қала бірақ...» («Жас Алаш», 07.10.2010), «СПИД жайлы білгіңіз келсе...» (Айғақ, 29.09.2004), «Оңтүстік шекара тыныштығы алаңдатса...» (Заман-Қазақстан, 20.04.2001), «Назым Хикмет халық ақыны ма, әлде?...» (Заман-Қазақстан, 11.10.1996).

2) Көп нүкте публицистикалық тақырыпаттың ортасында да кездесуі мүмкін. Әдетте, мұндай мақала атауларында тосын қолданыс орын алады, яки тақырыпаттың бірінші бөлімінен екінші бөлімге ауысу дереу әрі алғаш қарағанда үйлесімсіз болып көрінеді: «Диктаторлардың... кішкеленері де бола ма?» (Заман-Қазақстан, 15.09.1999), «Толқыған теңіз... тағдырың нешік?» (Егеменді Қазақстан,

10.10.2000), «Бәйшешектей бұр жарса... бизнес тілі» (Ана тілі, 22.03.1995), «Түнгі үште тұрып... айтыс көріңіз» («Жас Алаш», 12.02.2002).

3) Егер тілші барлық мақаланы жазғаннан кейінгі қорытындысын тақырыпатқа басып шығаратын болса, оның алдында көп нүкте қойылады: «...Сөйтіп, дәстүр бұзылды» (Заман-Қазақстан, 05.06.1998).

➤ **Тырнақша:**

1) Тақырыпаттағы дәйексөзді: «*Кеудеңде шыбын жаның болса егер, жоғалтпа жер бетінен қазақ атын!*» (Егеменді Қазақстан, 02.06.2010), «*Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле*» (Егеменді Қазақстан, 25.07.2012);

2) Сұхбат-мақаладан алынған төл сөзді: «*"Жеміс ағашы мәуесі піскен сайын иіледі"*» [Әнші Алтынай Жорабаевамен әңгіме] (Егеменді Қазақстан, 06.03.2004), «*Мен қазақтың, жаратылысым да, жаным да – қазақы...*» (Егеменді Қазақстан, 25.01.2012), «Аршабеков Н.: *"Педагогикалық академия атанбақпыз"*» (Сарыарқа самалы, 13.09.2012);

3) Қандай да бір ұйым не мекеменің (т.с.с.) атауын: «*"Балапан" қанат қақты*» (Егеменді Қазақстан, 25.09.2010), «*"Еларна", жақсылықты жұртқа хабарла!*» (Егеменді Қазақстан, 20.03.2002), «*"Ата мұраның" атқарғаны көп десек те...*» (СС.- 06.01.2004), «*Болашағын "Болашақпен" сабақтастырмақ*» (Сарыарқа самалы, 05.02.2013);

4) Ауыспалы мағынада қолданылған сөзді: «*Қанат Саудабаев «қосмекенді» ме?*» («Жас Алаш», 29.10.2009), «*Байқоңырдың "жыры" қашан бітеді?*» (Заман-Қазақстан, 24.05.1996), «*Толық "піспеген", болмаса "шала піскен" сюжеттердің дәлелі қайсы?*» (Ақиқат, 2013. - № 6), «*"Төртінші" жүзді қолдан жасап алмайық*» (Азия Транзит, 23.12.1999), «*Әблязов қырығында "қамал бұзды"*» («Жас Алаш», 15.05.2003);

5) Назар аударуды қажет ететін сөзді (сөз тіркесін): «*Біз "элита" емес, жай халықтың әншісі екенбіз...*» (Айғақ, 21.11.2007), «*Кешегі сөз – "Оян, қазақ", бүгінгі сөз – "Ойлан, қазақ"...*» (Ақиқат, 1999. - N 9-10);

6) Басқа тілден аударылмай енген сөзді, не терминді, не тосыннан пайда болған жаңа сөздерді бөліп көрсетеді: «*"Пантюркизм" шынымен де "құбыжық па?"*» (Заман-Қазақстан, 09.02.1996), «*"Казахизация" не, қалқам?"*» (Парасат, 2003.- N 9), «*"Фаргелетшил" қарт, "казиношыл" бала*» (Парасат, 2006. - N 7), «*Қайырбектің "ноу-хауы"*» (Егеменді Қазақстан, 06.01.2011).

Кейде тілшілер мақала атауларында бірнеше тыныс белгілерін қатарынан қолданып жататын кездер де кездеседі: «*Жоспар деген керек пе, осы...!?*» (Ақиқат, 1994. - N 2), «*Голливудтық кино түсіру бәсеке ме, әлде...?!*» (Айқап, 17.02. 2006). Публицистикалық мәтін үшін жат белгілердің мақала атауында кездесіп жатуы да жоқ емес: «*Сегізбай + Ақшай = ...*» (Егеменді Қазақстан, 06.03.2011).

Қысқасы, талданған мысалдардан мынадай тұжырым жасауға болады:

- Публицистикалық тақырыпаттың мағынасын түсініп, қабылдауын жеңілдетуде пунктуацияның атқаратын қызметі зор.

- Қазіргі газет мәтіндерінде шамамен барлық тыныс белгілері белсенді қолданыс табады.

- Оқырман назарын аударып, мақаланы оқуға қызығушылық тудыру үшін тілшілер тілдік нормалардан ауытқып, тыныс белгілерінің әсер етушілік қасиетін негізге ала отырып, оларды жаңа «кейіпте» ұсынуы жиілеп келеді.

- Журналистер өз мақалаларына атау беруде парцелляция сияқты экспрессивті пунктуациялық амалдарды көп қоланады.

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998

2. Валгина Н.С. Актуальные проблемы современной русской пунктуации: Учеб. пособие. – М.: Высш. школа, 2004

3. Ванников Ю.В. Парцелляция //Русский язык: Энциклопедия /Гл.ред. Ю.Н.Караулов. – М., 1997

4. Манькова Л.А. Лингвистическая типология газетных заголовков (90-е годы XX века): автореф. ... дис. канд. филол. наук. – М., 2000

Түйін

Публицистикалық мақала атауының оқырман үшін мазмұнды, қабылдауға жеңіл әрі экспрессивтілік тұрғыда әсерлі болуында тыныс белгілерінің ролі зор. Мақалада қазақстандық газеттердің тақырыпаттары негізге алына отырып, публицистикалық мақала атауларында кездесетін тыныс белгілерінің әрқайсысына тән ерекшеліктері, олардың тақырыпат мазмұнына беретін сан алуан мағыналық «реңктері» қарастырылған. Мақала атауларында шамамен барлық тыныс белгілері кездесетіндігі, олардың оқырман санасына әсер етуі мысалдар арқылы дәлелденген. Сонымен қатар кейде тілдік нормадан тыс қолданылуы заманауи публицистикада жиі кездесетін құбылыс екендігі анықталған.

Кілт сөздер: Тыныс белгілері, реципиент, публицистикалық тақырыпат, парцелляция.

Резюме

В статье ставится задача рассмотреть роль пунктуации в газетном заголовке, воздействующей на его содержательность, легкость для восприятия и воздействие на читателя в экспрессивном плане. В ходе исследования были рассмотрены особенности каждого знака препинания и смысловые «оттенки», придаваемые ими газетному заголовку. Также было выявлено, что в современной публицистике встречаются практически все знаки препинания и что их использование вне языковых норм является часто встречающимся явлением, дабы увеличить их прагматический потенциал на читателя.

Ключевые слова: Пунктуация, реципиент, публицистический заголовок, парцелляция.

Summary

This article seeks to examine the role of punctuation in newspaper headlines affecting its richness, ease to understand and influence the reader in expressive plans. The features of each punctuation mark and semantic 'shades', placed by a newspaper headlines were examined. It was also found that in modern journalism found in almost all the punctuation marks and their use is outside the norms of language is a frequent phenomenon in order to increase their potential for pragmatic reader.

The keywords: Punctuation, recipient, publicistic headlines, parcelling.

АНГЛИЙСКИЙ СЛЕНГ МОЛОДЕЖИ В СОВРЕМЕННОЙ ЛИНГВИСТИКЕ

С.В. Сенченко – к.ф.н., проф.,

Казахский Университет Международных Отношений и Мировых Языков имени Абылай хана,

А.К. Акилова – магистрант 2-курса,

Казахский Университет Международных Отношений и Мировых Языков имени Абылай хана

Изучение раннего вопроса образования кодированной лексики в современной лингвистике, а также многочисленные труды лингвистов-филологов, которые посвящены данной проблеме, вызывает огромный интерес и в настоящие дни. Постоянное пребывание в среде изучающих иностранные языки поначалу неосознанно удерживал на себе акцент и широкое употребление лексики в молодежном литературном языке, который имеет толкование *сленг*.

Глубокое исследование сленгов можно считать насущным в филологической науке XXI века, которая расширяет межкультурные контакты со странами Европы.

Универсальной чертой в определении термина «сленг» во всех дефинициях являются популярность, которая вызвана появлением и функционированием сленга в живой речи и его эмоционально-маркированный оттенок.

Молодежный сленг – это запас слов и выражений, которые характерны и чаще используются молодыми людьми, но не принимаемых старшими поколениями в качестве «правильных». Выражения становятся сленговыми не только вследствие их необычного грубого звучания, написания или деривации, но потому, что, их применяют незначительные слои общества и эти самые слова придают языку свой концептуальный нюанс.

Были просмотрены различные дефиниции сленга в англоязычном языкознании: E.Partridge, N.Webster, R.A. Spears, Ch. Fries, G.Greenough, C.I. Kitteridge, A.H. Murray, H.Bradley, G.Hotten, S.B. Flexner, S.I.Hayakawa, C.Sandburg, D.Crystal, English Slang Dictionary, Oxford English Dictionary и т.д.

Крупнейший современный английский исследователь сленга Э.Партридж и его последователи (лингвисты Дж. Гринок и К.И. Киттридж) определяют сленг как бытующие в разговорной сфере весьма непрочные, неустойчивые, никак не кодифицированные, а часто и вовсе беспорядочные и случайные совокупности лексем, отражающие общественное сознание людей, принадлежащих к определенной социальной или профессиональной среде. В сленге, по их мнению, широко используются *onomatopoeia* (звукоподражание), словосложение, сокращение состава слова, превращение имен собственных в нарицательные, заимствования, аналогическое расширение значения, народная этимология, а также новообразования, окказионализмы, слова, заимствованные из жаргона (студенческого, воровского и т.д.) [1, 39].

Партридж выделяет 15 причин употребления сленга [2, 182].

Некоторые авторы рассматривают сленг как вульгарный, воровской язык, которого следует избегать, и который обречен на быстрое отмирание; другие, наоборот, считают сленг признаком жизни, обновления и поступательного развития языка. Американский лингвист С.И. Хаякава называет сленг – «поэзией повседневной жизни» [3, 12].

Основной лексический состав, а также фонетический и грамматический строй английского языка отличается огромной жизнеспособностью: очень многие лексемы современного сленга и ряд его грамматических и фонетических черт существовали задолго до возникновения литературного стандарта. Существовая бок о бок с прочими социальными диалектами и с литературным стандартом и тесно взаимодействуя с ними, сленг всегда выступал и выступает как определенная четко различимая языковая система: хотя, как и другие звенья языка, он постоянно развивается, пополняется новыми словами и новыми значениями слов, основной костяк его лексического, грамматического и фонетического состава, восходящий к элементам английских территориальных диалектов, остается неизменным.

Совершенно незамеченным нередко остается тот факт, что многие сленговые слова приобрели свое специфическое значение благодаря эллипсису слов, связанных с ними в словосочетании. Например, значение сленгового слова *to create* 'поднять шум, скандал' обязано своим происхождением тому, что оно часто употреблялось в сочетаниях *to create a disturbance, fuss* [4, 29].

Наиболее детально высказался по поводу дефиниции термина «сленг» автор словаря сленга английского языка Р.Спирс. Он отмечает, что термин «сленг» первоначально использовался для обозначения криминального жаргона в качестве синонима слову «кент» (*cant*), но в настоящее время включает в себя самые разные виды нелитературной лексики, а именно жаргон, просторечия, диалекты, вульгаризмы. Концепция Р.Спирса, производя сленг из криминального жаргона, расширяет его до значительной группы идиом различных видов нелитературной лексики [5, 10-11].

Язык социален по своей природе и во всех своих проявлениях не может ни функционировать, ни развиваться вне связи с жизнью. Назначение языка – средство общения между людьми – имеет ярко выраженный социальный характер, и общественные функции языка активно воздействуют на его структуру, во многом предопределяя направление его развития. Нельзя не учитывать того бесспорного факта, что язык представляет собой специфическую знаковую систему с подсистемами и подструктурами, связанными с особенностями развития общества в разные исторические эпохи.

Дж. Хоттен дал первый список выражений «оборотного сленга» в алфавитном порядке и определил время проявления их на улицах Лондона – примерно начало 40-х годов XIX века. «Оборотный сленг» весьма скоро усваивается и обыкновенно употребляется разносчиками для сообщения секретов их уличной торговли, убытков и барышей от продажи их товаров и для того, чтобы отуманить глаза своих естественных врагов – полицейских» [6, 117].

Другую точку зрения высказывает С.Флекснер, указывая на письменную форму использования «оборотного сленга», что, по нашему мнению маловероятно, если принять во внимание сферу его употребления [7, 358].

Итак, несмотря на широкое распространение понятия «сленг», лексическое значение этого слова не является точным. Однако, обобщив все имеющиеся точки зрения, следует считать правомерным отнесение лексической единицы или фразы к сленгу, если данное слово или выражение обладает одним или несколькими существенными признаками.

Чаще всего, в обиходную речь, и подавно на сленг как речь той или иной социальной субкультуры, возлагается табу в формальном письменном стиле, но при этом сленг довольно просторно действует в написании бэкграундной речи. Реалии окружающей жизни получают в речи молодежи неординарные, а в ряде случаев и шокирующие наименования, которые сосуществуют для носителей сленга со стандартами языка, который не ограничен рамками употребления. Сленг молодежи обладает уникальным явлением, как непостоянность и личная кодировка распространенных выражений [8, 254].

Общение молодежи на сленге привлекает к себе, прежде всего, своей выразительностью, озорной и веселой игрой со словами. А также они притягивают раскованностью и краткостью обозначений. Главным образом, в сленге почитается удачная, порой угрюмо-абсурдная игра слов.

Молодежная культура – это свой, ни с чем не родственный мир. Он отличается от взрослого своей экспрессивной, порой даже резкой и грубой манерой выражать мысли, чувства, неким словесным абсурдом, который могут употреблять только молодые люди, смелые и решительные, настроенные против всего мира и создавшие свой неповторимый мир. Немаловажен факт, что сленг применяется чаще в англистике. И порой даже некоторые слова становятся более англоязычными.

Сленг – парадоксален, но часто мы не можем избежать его использования в своей речи. Сленг – пиршество метафор и экспрессии. Но некоторые сленговые выражения нам не удастся разгадать даже в родном языке, и тем более мы оказываемся в затруднении, когда имеем дело с носителями иностранного языка. Поэтому становится актуальной задача изучения сленга английского языка для

оптимизации понимания друг друга в процессе общения.

Особое внимание уделяется также иноязычному воздействию, в частности заметно это в «языке газет» и «языке телевидения», которые становятся объектами лингвокультурологии. Сленг – это одна из активных форм современных этноязыков.

Немаловажно появление слов на базе заимствований из английского языка, которые стали обретать русские аффиксы: айзы (от англ. eyes) – глаза; бусик (от bus – автобус) – микроавтобус; бэга (от bag) – сумка; аскасть (от to ask) – спрашивать; найтать (от night – ночь) – ночевать; олдовый (от old) – старый; найсовая (от nice) – красивая, симпатичная; рингушник (от to ring – звонить) – записная книжка.

Мы провели социальный опрос. Необходимо пояснить, что в данном опросе мы придерживались теории малой выборки Вайнберга и Шумекера [9, 192], полагающих, что относительно малого количества реципиентов одной возрастной группы вполне достаточно для получения качественных результатов. Используя собранные сленги, были привлечены студенты и школьники старших классов (с углубленной программой изучения английского языка), так как, на наш взгляд, такие студенты обладают достаточно развитым лингвистическим чутьем и образным мышлением. Возрастной порог реципиентов от 17 до 23 лет. Данная возрастная группа, как известно, чутко реагирует на лингвокультурологические изменения и характеризуется широким употреблением сленговой лексики в разговорной и неформальной письменной речи. Им было предложено выбрать наиболее часто употребляемые выражения и сленги, используемые в повседневной жизни. Всего было отмечено более 15 лексических единиц. Обработанные данные приведены в таблице 1.

Следует отдельно обратить внимание на то, что на формирование ассоциативной базы реципиентов огромное влияние оказывает, такие факторы, как:

- СМИ (радио- и телепередачи, фильмы); музыка (название песен); реклама; журналы, газеты;
- Интернет (общение в социальных сетях, переписка в агенте, чатах, блогах, форумах, конференциях, скайпе);
- SMS-общение, живая речь коммуникантов.

Таблица 1. Лексические единицы, употребляемые молодежью

№	Сленговое слово	Значение	Количество (%)
1	Ace	Really good, exceptional	21,2
2	Cool	Good, fashionable	18,1
3	Dough (brass)	Money	13,5
4	Da Bomb	The greatest, the best	10,4
5	Gratz	Congratulation (thanks)	9,5
6	Shizzle	Exquisite, admirable	9,4
7	Vanilla	Boring, stodgy	5,2
8	Chick	Young girl	5
9	Snack	Lunch, nibbles	4,2
10	Phat	Excellent, magnificent	3,5

Вообще говоря, весьма затруднительно в ряде случаев произвести однозначное отнесение той или иной лексической единицы к определенному жаргону, как и сделать неоспоримый вывод о принадлежности или непринадлежности того или иного слова или выражения к сленгу.

Использование сленга, вообще, позволяет быстрее и надежнее установить контакт со слушателем, а также избежать риска, приобрести репутацию излишне «серьезного» человека.

В этом есть также и свои негативные стороны. Являясь органической и необходимой частью языковой системы, отражающей процессы, постоянно происходящие как в современном обществе, так и в языке, сленг оказывает негативное влияние на формирующееся речевое сознание молодого поколения, отсекая огромные пласты литературной лексики и обедняя речь, тем самым, препятствуя интеллектуальному и творческому развитию личности [10].

В заключение хотелось бы отметить, что изучение и понимание молодежного сленга помогает старшеклассникам и студентам приобщиться к языковой среде и понять особенности менталитета своих зарубежных сверстников. Это особенно актуально в условиях расширяющихся межкультурных контактов.

1. Partridge E. *Slang: Today and Yesterday*, 1933, Chapter 2.
2. Crystal D. *The Cambridge Encyclopedia of the English language*. – Cambridge University Press, 1995.
3. Маковский М.М. *Современный английский сленг: Онтология, структура, этимология*. – М.:

Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009.

4. Беляева Т.М., Хомяков В.А. *Нестандартная лексика английского языка*. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2010.

5. Spears R. A. *Slang and Euphemism*. – N.Y.: New American Library, 1982.

6. Белов Н. *Словарь живого разговорного английского и американского сленга* / Авт.-сост. Николай Белов. – Минск: Харвест, 2010.

7. Wentworth H., Flexner S. B. *Dictionary of American Slang. Second Supplemented Edition*. – New York, 1975.

8. Элит Л.В. *Русский сленг в социолингвистическом аспекте. Язык, перевод и современные технологии обучения языкам*. – Алматы, 2002.

9. Вайнберг Дж., Шумекер Дж. *Статистика*. – М.: «Статистика», 1979.

10. http://planetadisser.com/see/dis_1087321.html

Түйін

Ұсынылған мақалада замануи лингвистикадағы ағылшын жастар сленгтерінің қолдануы қарастырылады. Қарым-қатынас үдерісіндегі оңтайландырудың өзара түсіністік үшін ағылшын тілінің сленгтерін үйрену өзектілігі анықталған. Түрлі шетел ғалым-лингвисттердің сленг ұғымына берген анықтамалары ұсынылған. Жастардың күнделікті өміріндегі пайдаланылатын сленгтерінің қонданыс деңгейін айқындауға көмектескен әлеуметтік сауалдама жүргізілген. Реципиенттер жас ерекшеліктері 17 жастан 23 жасқа дейінгі аралық. Бұл жас ерекшелік тобы сөйлеу әрекетінде сленгтік лексиканы кең қолданылатыны сипатталады. Бүгінде қолданыла бастаған орыс тілінің қосымшаларына ағылшын тілінен енген кірме сөздерден мысалдар келтірілген. Жастар сленгін үйреніп түсіну жоғары сынып оқушылары мен студенттерге тілдік ортаға қосылуға және өзінің шетелдік замандастарының тілдік ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі, әсіресе мәдениаралық байланыстың кеңеюі кезінде маңызы зор.

Кілт сөздер: лексика, жастар сленгі, сленгтің анықтамасы, жастар мәдениеті, қарым-қатынас, сөйлеу тілі.

Резюме

В данной статье рассматривается использование английских сленгов молодежи в современной лингвистике. Установлена актуальность изучения сленга английского языка для оптимизации взаимопонимания в процессе общения. Представлены определения сленга разных зарубежных ученых-лингвистов. Проведен социальный опрос, который помог выявить степень применения общепризнанных сленгов в повседневной жизни молодежи. Возрастной порог реципиентов от 17 до 23 лет. Эта возрастная группа характеризуется широким употреблением сленговой лексики в разговорной речи. Приведены примеры заимствований из английского языка, которые стали обретать русские аффиксы. Изучение и понимание молодежного сленга помогает старшеклассникам и студентам приобщиться к языковой среде и понять особенности менталитета своих зарубежных сверстников, что особенно важно в условиях расширяющихся межкультурных контактов.

Ключевые слова: лексика, молодежный сленг, дефиниции сленга, молодежная культура, общение, разговорная речь.

Abstract

The usage of youth slang in English in modern linguistics is investigated in this article. The relevance of the study of slang in English language for optimization of mutual understanding in the process of communication is established. The definitions of slang are discussed by different foreign linguists. Social questionnaire is also conveyed, which helps to identify the degree of use of generally recognized slang in everyday life of young people. The age limit of recipients is from 17 to 23 years. This group of people is characterized by the widespread usage of slang words in everyday life. The examples of borrowings from English language, which started to get Russian affixes, are introduced. The study and comprehension of youth slang helps students and older pupils to join the language environment and understand the peculiarities of their foreign peers' mentality, which is especially important in the process of expanding cross-cultural contacts.

Key words: vocabulary, youth slang, the definition of slang, youth culture, communication, speech.

К ВОПРОСУ ОБ ИЗУЧЕНИИ ПОНЯТИЯ «ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДИСКУРСИЯ» В СОВРЕМЕННОЙ ЛИНГВИСТИКЕ

В.А. Казабеева – к.ф.н. доцент КазНПУ имени Абая

В лингвистике последних десятилетий ведущим стал антропоцентрический подход, согласно которому язык рассматривается уже не как абстрактная модель, существующая сама по себе, а как основа для коммуникативно-когнитивной практики субъекта. Человек становится точкой отсчета в анализе тех или иных.

Антропологическое языковедение – как показали работы по изучению речевых проявлений (или дискурсов) личности – обнаруживает много «белых» пятен, открывает новые неизученные области научного пространства, одну из которых составляют проблемы «социального бытия», структурированности и динамичности смысловой реальности политической дискурсии как совокупности речевых практик, когда информационный манифестант в виде определенного дискурса (или просто информативного массива, текста) отражает специфику форм речевого и – шире – коммуникативного поведения говорящего субъекта, связанную с отражением (совпадением или несовпадением) его картины (языковой и внеязыковой) мира и картины мира объекта (адресата), воспринимающего информативный манифестант.

Именно исследование специфики форм политической дискурсии позволяет выявить природу этнокультурной особенности ментального вместилища, «ментального пространства» говорящей личности, по Дж. Лакоффу и М.Джонсону [1: 129; 2: 147-159; 3: 386], охватывая как культурные лакуны, знание лингвострановедческих феноменов и различных видов культурной деятельности с учетом специфики массового сознания (термин в понимании Б.А. Грушина) [4], так и лингвопрагматическую особенность функционирования ее конкретных видов и форм, манифестирующих ту или иную разновидность речевого, коммуникативного и человеческого поведения.

Проблема объяснения, интерпретации и комментирования специфики динамических образцов человеческого поведения на материале такого фиксированного эмпирического лингвистического материала как политический дискурс или дискурс политика является предметом большого числа современных исследований, что дает основание ряду ученых говорить о «новом теоретическом подходе», о «новом жанре в философии науки» [5], о нарративной специфике политической дискурсии как акте высказывания в социально-семиотическом процессе, где под «дискурсией», следуя идеям М.Фуко, понимается совокупность речевых практик, оказывающих влияние на формирование представлений об объекте, который они подразумевают. И тогда политический дискурс, являясь реальным результатом таких речевых практик, выступает как вид знания, как то, что люди говорят о социально-институциональной практике и то, как социально-институциональная практика (т.е. формы репрезентации власти) говорит о себе сама [6].

Как показывают исследования отечественных и зарубежных ученых, все возрастающий интерес к интерпретационным исследованиям, фокусирующим свое внимание на социальных, дискурсивных и культурных формах человеческого поведения, открывает новый горизонт в изучении дискурсивной включенности языковых форм любого порядка (и устных, и написанных манифестантов), которые составляют фундаментальную лингвистическую, психологическую, культурологическую и философскую основу жизнедеятельности говорящего субъекта [7; 8]. И осознание роли указанной основы в жизне-деятельности говорящего субъекта позволяет ему прийти к соглашению с окружающим миром и условиями его существования, что создает возможность для понимания и создания смыслов, которые говорящий субъект находит в своих формах жизни.

Больше того, в той мере, в какой это касается описания и интерпретации человеческой деятельности в ее широком понимании, анализ политического дискурса в различных его функциональных проявлениях как результата специфической деятельности говорящего субъекта позволяет осмысливать более широкие, более дифференцированные и более сложные контексты человеческого опыта. В сущности, обращение к анализу природы политического дискурса (также: дискурс политика, дискурсивные образования, дискурсивные конструкции) дает возможность обобщить, расширить и специфизировать широкий спектр вопросов, ответы на которые помогут выработать представления о целеустановках, намерениях и идеях личности, национально-культурной «самости» или «персональной идентичности», о способах организации человеческой памяти и многое другое.

Смещение определенного акцента в исследовании речи и текста проявляется в переосмыслении того, что речь рассматривается не только как источник данных о языке, но и как индивидуальная реализация системы языка, неразрывно связанная с мыслительной деятельностью, и, тем самым,

неотделимая от человека, порождающего и воспринимающего (интерпретирующего) речь.

Важно отметить, что под «дискурсом» мы понимаем не просто связный текст (коммуникат), а «сложное коммуникативное явление, которое включает в себя и социальный контекст, дающий представление как об участниках коммуникации (их характеристики), так и о процессах производства и восприятия» [2; 9].

В этом смысле политический дискурс как целостное образование выступает в виде определенного, т.е. построенного по определенному образцу (схеме, фрейму) комплексного речевого действия. И его надлежит рассматривать как форму социального действия, всегда определяемую конкретными ценностями и социальными нормами, условиями и социальной практикой, всегда ограниченной и находящейся под влиянием конкретных институциональных структур в социуме и реальных исторических (временных) процессах. Включение историческо-социальной перспективы в объем понятия политического дискурса позволяет в большей степени отразить динамику социальной природы языкового знака (понимаемого как язык в действии) на любом уровне и рассматривать его в качестве результата социальных процессов, мотивированных единством формы и значения.

Поэтому изложенная в политическом дискурсе история (описательная или любая другая дискурсия) на макроуровне может отражать специфику взаимодействий индивидуумов или социальных институтов, а на микроуровне она выступает в качестве маркера истории дискурсивных изменений, представляющих трансформации смысловых пространств участников политической коммуникации.

Включение исторической (временной) перспективы в анализ политического дискурса отражает динамическую природу его «социального бытия», обусловленную функционированием этого языкового образования в определенном обществе и его спецификой прагматического контекста устно-повествовательного речевого жанра: особенностями его создания и воспроизведения, целеустановки, ориентированность на адресата, психотип языковой личности и т.д.

Политическая дискурсия, как было отмечено выше, отражает особенности взаимодействия людей в политическом дискурсе. Также особенные параметры политического дискурса позволяют исследовать языковую личность политика как динамичный синкретический феномен.

Исследователи отмечают, что именно в дискурсе личность обнаруживает важное для коммуникативного процесса эмоциональное состояние. Дискурсивная личность политика – это интерактивная личность, обладающая «коммуникативным паспортом», т.е. системой индивидуальных дискурсивных стратегий и тактик, когнитивных, семиотических, мотивационных предпочтений, сформировавшихся в процессах коммуникации и оставляющих свои следы в создаваемых текстах. Исследуя языковые средства и речевые стратегии языковой личности как субъекта политического дискурса в логике дискурс-анализа, их можно рассматривать в качестве способа реализации системы культурно обусловленных значений, отражающих разделяемые членами социума знания, пресуппозиции и ценности. Языковая личность политика представляет собой дискурсивно-текстовый феномен, в котором через разные тексты с различной степенью интенсивности проявляются надындивидуальные и индивидуальные черты [10].

Таким образом, исследование политических дискурсов позволяет изучить структуру процессов, происходящих в уме носителя языка, принадлежащего к определенному направлению общественной мысли, при производстве им конкретного коммуникативного манифестанта, а также процессы, обуславливающие его понимание и зависимость восприятия направленного на адресата коммуниката (в терминологии пражских функционалистов) от избранной формы речевого воздействия.

1. Лакофф Дж., Джонсон М. *Метафоры, которыми мы живем* / Дж. Лакофф, М. Джонсон // *Язык и моделирование социального взаимодействия: Переводы.* – М., 1987. – С. 126-172.
2. Лакофф Дж. *Когнитивная семантика* / Дж. Лакофф // *Язык и интеллект.* – М., 1995. – С. 143-184.
3. Динсмор Дж. *Ментальные пространства с функциональной точки зрения* / Дж. Динсмор // *Язык интеллект.* – М., 1995. – С. 385-411.
4. Грушин Б.А. *Массовое сознание* / Б.А. Грушин. – М., 1987. – 368 с.
5. Брокмейер Й., Харе Р. *Нарратив: проблемы и обещания одной альтернативной парадигмы* / Й.Брокмейер, Р.Харе // *Вопросы философии.* – 2000. – № 3. – С. 29-42.
6. Романов А.А. *Политическая лингвистика* / А.А. Романов. – М.-Тверь, 2002.
7. Караулов Ю.Н. *Русский язык и языковая личность* / Ю.Н. Караулов. – М., 1987. – 261 с.
8. Караулов Ю.Н. *Показатели национального менталитета в ассоциативно-вербальной сети* / Ю.Н. Караулов // *Языковое сознание и образ мира.* – М., 2000. – С. 191-206.
9. Водак Р. *Язык. Дискурс. Политика* / Р.Водак. – Волгоград, 1997. – 137 с.
10. Цуцьева М.Г. *Языковая личность как субъект политического дискурса* // *Вестник Балтийского федерального университета имени И.Канта*, 2012, вып.2. – с. 104-107

Түйін

Қазіргі уақытта ақпараттық-қарым-қатынастық қызметін ұйымдастыру жағынан да, жалпыадамдық қызметтің басқа да түрлерін жүзеге асыру жағынан да адами мінез-құлықты зерделеуге қызығушылық күрт артып, ғылыми қызметте «жаңа ғылыми парадигма» немесе «дискурсивті бетбұрыс» пайда болуына себепші болды. Саяси дискурс түрлерінің ерекшеліктерін зерттеу сөйлеуші тұлғаның жан құрылымының этномәдени ерекшеліктері табиғатын анықтауға мүмкіндік береді.

Abstract

At present the interest in the study of human behavior in terms of the organization of information and communication activities and in terms of the other common human activities, which led to the emergence of "a new scientific paradigm" or "discursive turn" in science. Investigation of the specific forms of political discourse reveals the nature of ethno-cultural characteristics of the mental space of the person speaking.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Е.С. Қасенов – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Адам ойының үздіксіз дамуы күнделікті өмірде жаңа ұғымдардың пайда болуына ықпал етіп, жалпы тіл білімінің терминдік жүйесін толықтыру үстінде. Қазақ тіл біліміне байланысты терминдердің жасалуы, жалпы терминдік жүйе ретінде қалыптасуы тілдің дамуымен және А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, Х.Досмұхамедұлы сынды жекелеген ғалымдардың еңбектерімен де тығыз байланысты. Әсіресе, ұлттық терминологияның қалыптасуында А.Байтұрсынұлы еңбектерінің орны өлшеусіз. Ғалымның «Тіл – құрал», «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар», т.б. еңбектерінде тіл біліміне қатысты терминдер мен термин жөніндегі ойларды кездестіруге болады. Сондықтан ұлт терминологиясының қалыптасуы мен дамуында ғалымның бұл еңбектерінің маңызы орасан зор.

Академик Р.Сыздық өзінің «Ғылыми таным үзіктері» атты еңбегінде: «А.Байтұрсынұлының оқу-ағарту ісі мен білім-ғылым саласында істеген қызметі теңдесі жоқ феномендік құбылыс болды дей аламыз. ... А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер – білім-ғылым саласының «бұйымдары», – деген құнды пікір айтады. Расында да, халық тілінің ғылыми-техникалық, саяси-әлеуметтік, т.б. терминдерін тұңғыш рет дүниеге келтіріп, тілдік бірліктерін жасау – қиын іс. Әлбетте, белгілі бір арнаулы саланы құрайтын ұғымдар жүйесін тілде таңбалау белгілі бір сала терминологиясын қалыптастыруда айрықша маңызға ие болып келеді. Ал нақты бір ғылым салалары бойынша терминологияның қалыптасуы алғашқы ғылыми еңбектердің, оқулықтардың, терминологиялық сөздіктердің жарық көруімен тығыз байланысты. Демек, А.Байтұрсынұлы оқулықтарынан орын алған терминдер терминология саласының бастауы болғандығын дәлелдейді. Бұған ғалым Р.Сыздықтың: «қазақтың білім-ғылымының ұлт тілінде көрінуі мектеп оқулықтарынан басталады» - деген пікірі дәлел. [1, 254 б.].

А.Байтұрсынұлы білім-ғылымның кез келген саласы жалпы оқырманға, оқушыға түсінікті болуы үшін бейтаныс ұғым атауларын қазақша ұсынуға мәжбүр болды. Осы бағытта ғалым жан-жақты ізденді, барынша еңбектенді. Термин, атау жасау мәселесіне үлкен ыждағаттылықпен қараған ғалым өз еңбектерінде терминдердің қазақша баламаларын берген. Мысалы, «Тіл-құрал» оқулығының «фонетика», «морфология», «синтаксис» тарауларын «дыбыс жүйесі», «сөз жүйесі» деп атауды жөн санады. Осылай атады да. Сондай-ақ ғалым бүкіл ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасауда олардың оңтайлы тәсілдері мен тиімді жолдарын анықтау керектігін сезіне келе, терминжасамның негізгі жолы – ұлт тілінің өз мүмкіндіктерін пайдалану деп таниды. «Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану салаларының терминдерін жасауда «ұғым»-ды атау керектігін білген, өйткені, жоғарыда айттық, ғылыми танымдар негізінен абстракт (дерексіз) ұғымдар болып келеді, сондықтан термин болатын сөз алдымен сол «ұғымды» дұрыс айтатын (танытатын) болуы шарт. Ахаң бұл принципті қатаң ұстаған. Тіл табиғатын танытуға қажет белгілі бір терминге басқа сөз емес, нақ осы сөзді ұсынып отырғанын көбінесе түсіндіріп кетеді. Мысалы, *үстеу* «үстеулер сөздің мағынасын үстейді», *одағай*, «онаша одағай айтылады», *сын есім* «заттың сынын көрсетеді», етістік «заттардың өткен-өтпеген істерін көрсететін сөздер» деп термин болып тұрған сөз мағыналарының белгілі «ұғымды» беруге жақындайтынын қоса көрсетіп отырады, әсіресе етістік категорияларының ұғымдарын терминдеуде «сөз» бен «ұғым» ара қатынасын жақсы пайдаланған» - дейді академик Р.Сыздық [1, 255 б.]. Мұнда тілші-ғалым Р.Сыздық А.Байтұрсынұлы ұсынған терминдердің «сөз» бен «ұғым» арасындағы қатынасы тығыз байланыстағы мүлде жаңа терминдер екендігін баса айтып өтеді.

А.Байтұрсынұлының фонетикалық, грамматикалық ұғымдарды орыс тіліндегі атауларынан калька

жолымен аударып алғандығы да байқалады. Сонымен қатар ғалым жасаған тіл білімі терминдерінің көпшілігі араб, парсы тілдеріне негізделгені де аңғарылады. Мәселен, бүгінгі таңда қолданылып жүрген *қате, әріп, әліппе, есеп т.б.* сөздер араб тілі негізінде жасалған терминдер деуге болады. Бұл ойымызды зерттеуші К.А. Қарабаева өзінің «Авторлық терминдер: пәрменді, пәрменсіз қолданылу динамикасы (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев еңбектері негізінде)» атты зерттеуінде: «А.Байтұрсынұлының алғашқыда кейбір тілдік ұғымдар үшін термин ретінде парсы, араб сөздерін қолданғаны белгілі. Бір кездері Еуропада ғылым латын тілі негізінде жасалса, Шығыс ренессансы дәуірінде ғылым тілі араб тілінде жасалғаны, араб тілінің бірнеше ғасыр бойы адамзат ғылымы дамуында прогрессивтік рөл атқарғаны – бүгінде тарихи шындық» – деген пікірі қуаттайды [2, 63 б.].

А.Байтұрсынұлы: «біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» – деген тұжырым жасайды [3]. Ғалымның бұл ойының астарында ұлттық ғылым негіздерін қалыптастыру жатқандығы белгілі. Осы ретте ғалым қазақ тілінің бұдан былайғы жерде негізгі жұмыс құралына айналуға тиісті *сөз, сөйлеу, сөйлем, буын, таңба, әріп, тұлға, жалғау, жұрнақ, қосымша, тасымал* тәрізді толып жатқан атауларды тауып, орын-орнына қойып, қалыптастырды. Термин жасау принципіне ана тілдің ішкі мүмкіндігін жақсы пайдаланды. Мәселен, сөздерді *түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар* деп немесе *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғау, одағай* деп атаулары бүгінде тілімізге сіңіп, қалыптасып кетті.

Ғалым Ж.Манкеева «А.Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері» деген мақаласында: «Терминнің шартты белгілерден айырмасы – оның ұлттық танымға жақындығы, уәжілігі мен түсініктілігі, қызмет әлеуеті т.б. негізінде тілдің бұзылмай, жаңаша дамуы. Міне, кезінде А.Байтұрсынұлы шығармашылығындағы термин жасау ұстанымының да негізгі арқауы – осы. Себебі, термин қалыптастырудағы ең негізгі талаптар: ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік мүдде тұрғысынан қойылар талаптарға сай болу. Олай болса, қоғамдағы ғылыми қатынас құралы ретінде жаңа, күрделі ойды жеткізуші терминдер де сөздер секілді халықтың ақыл-ойын, адамдық рухын, ғылыми «көкжиегін», білім аясын жаңа сапада өсіру мұратын есте тұтады. Ол үшін термин маманға ғана таныс жасанды таңбалардан ғана жасалмай, терминжасамда халықтың тарихи-мәдени кодтық жадын жаңғырту да ескерілгені жөн екенін жалпы тіл табиғатын анықтауға негіз ретіндегі когнитивтік лингвистика тұрғысынан дәлелдеудің мәні ерекше. Осы жаңа ғылыми бағыттар (мысалы, психолингвистика) тұрғысынан саралап қарасақ, осы қисынға сәйкес терминжасам А.Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың қазақ тілінде термин түзуді ұлттық тіл мүддесі мен таным тұрғысынан, ана тілінің табиғатына сай жасауға ұмтылыстарынан басталғанын байқаймыз» – деген пікір айтады [4, 16 б.]. Әлбетте, тіл білімі саласындағы тілдік бірліктер білім-ғылымға ұмтылған өзге де адамдарға мейлінше түсінікті болуы қажет. Сондықтан А.Байтұрсынұлы бастауыш мектеп оқулықтарынан және осы мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралдарынан өзге еңбектерінде жаңа сөздердің түсінікті болу жағын басты назарда ұстап, терминдердің барлығында да ұғым дәлдігіне қатты назар аударған. Мысалы, ғалымның морфология, лексика, синтаксис салаларына қатысты ұсынған *сөз тұлғасы, сөз мағынасы, ұғым, сөз жүйесі, түбір сөз, туынды сөз, қосымша, қосалқы, жалғау, жалғаулық, септік жалғау, атау тұлғасы, ілік септігі, барыс септігі, табыс септігі, жатыс септігі, шығыс септігі, жұрнақ, сөз табы, атауыш сөздер, зат есім, деректі зат есім, дерексіз зат есім, жалқы есім, жалпы есім, сын есім, жай шырай, сан есім, реттік сан есім, есептік сан есім, есімдік, жіктеу есімдігі, сілтеу есімдігі, сұрау есімдігі, етістік, көмекші етістік, туынды етістік, болымды етістік, болымсыз етістік, үстеу, мекендік үстеу, шылау, одағай, емле, демеу, сөйлем, сөйлем жүйесі, сөйлем түрлері, сөйлем мүшесі, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, т.б.* терминдерін ұғымды дәл берген терминдер деп толық айта аламыз.

Ғалым дерексіз ұғымдарға атау ұсынуда тек ұғым дәлдігін ғана көздеп қоймай, сипаттама компонент-тің әсерлі, үнді, тұлғалас сөздер болып келуіне де баса назар аударған. Мысалы, ғалым ұсынған *тысқарғы жалғау, ішкергі жалғау, жалқы есім, жалпы есім, т.б.* терминдердің алдыңғы сипаттама бөліктері тұлға жағынан біркелкі, яғни бір жұрнақпен жасалған немесе ұйқас сөздер болып келеді. Күні бүгінге дейін ешбір өзгеріссіз пайдаланылып келе жатқан бұл терминдер ***біріншіден, А.Байтұрсынов ұсынған алғашқы терминдер болуымен, екіншіден, ғылымның тіл білімі саласындағы қажеттілікті толық өтеуге алғандығымен құнды.***

А.Байтұрсыновтың тіл мен жазуға қатысты терминдерінің келесі тобы – тыныс белгілерінің атаулары болып табылады. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде қазақ жазуы турасындағы мақалаларында А.Байтұрсынов қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің ішкі жүйесін түсіндіруге қажет

кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар: *дыбыс, әріп, емле, белгі, ноқат (нүкте), үтір, дәйекші* деген сөздер. Ғалым пунктуацияның жазу мәдениетінде мәні зор екендігін анықтай отырып, тыныс белгілері дегенді тыныстар, «нүктені тыныс, үтірді жарты тыныс, сұрау белгісін – сұраған жауаптын аяғына қойылады деп түсіндірген. Пунктуацияның бүгінде қолданылып жүрген атауларын (*дефис деген бірер бөгде тілдік терминнен басқаларын*) түгелге жуық Ахмет Байтұрсынов жүйелеп ұсынды. Терминолог-ғалым Ш.Құрманбайұлы А.Байтұрсынұлының терминология саласындағы еңбегінің өлшеусіз екендігін айғақтайтын мынадай пікір айтады: «А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге, көптеген әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты терминдер жасаған ғалым. Ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді».[5, 437 б.]. Мысалы, ғалымның мына терминдері *жалқылау (айырыңқы), жалтылау, әдістері, дыбыспен жаттығу, әдісқой (методист), сауаттау әдісі, таңбаша жазу, әріпше жазу, дыбысты әдіс, тұтас сөз әдісі*, т.б. әдістеме терминдері болып табылады. А.Байтұрсынұлының «Баяншы», «Әліппе астары», «Ана тілінің әдісі», «Қай әдіс жақсы?» деген еңбектеріндегі әдістемеге қатысты жоғарыда аталған терминдерінің бүгінгі таңда ұшыраспайтындығы ол терминдердің сәтсіздігінен емес, оқыту әдістері түрлерінің өзгергендігін танытса керек. Сондай-ақ ғалым А.Байтұрсынұлы әдебиеттану терминдерін ұсынуда ана тілінің мүмкіндігіне сенім артқан, мүмкіндігінше халықаралық терминдердің қазақша баламасын ұсынуды жөн санаған. Мысалы, *мәндес сөздер (синоним), айқындау (эпитет)*, т.б. «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінде ғалым: «қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, ол жағынан қатаң қарап, қашып тұрмаймыз, жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз жатшылық (*жат сөзділік*)», – деген құнды пікір айтады. Демек, ғалым А.Байтұрсынұлы ғылымның барлық саласындағы ұғымдарды білдіруде ана тілінің сөз қазынасын негіз, ұйтқы ретінде алған. Сондықтан А.Байтұрсынұлы ұсынған әр саладағы терминдер күні бүгінге дейін қолданыстан түспей, өміршеңдігімен танылып отыр.

Түйіндей келгенде, А.Байтұрсынов – қазақ тіл білімінің терминдерінің жасалу жолдарын айқындап берген, қазақ терминологиясының пайда болуы мен дамуында зор еңбек етіп, ғылыми ұстанымдарын қалыптастырған ғалым. Ол – термин жасауда қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерін пайдалануды негізгі шарт ретінде ұстанып, әр салаға қатысты ұғымдардың мағынасын толық беретін сөздерді ана тілінің сөздік қорынан алу керектігін үлгі ете білген дара тұлға.

1. **Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері. – Алматы: Кіе, 2009.**

2. *Қарабаева К. Авторлық терминдер: пәрменді, пәрменсіз қолданылу динамикасы (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев еңбектері негізінде). Ф.ғ.к. ғылыми дисс. – Алматы, 2010.*

3. *Қазақ әдебиеті. 1998, 8 мамыр.*

4. *Манкеева Ж. «А.Байтұрсынұлы және қазақ филологиясының мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2004. – 15-18 б.*

5. *Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым. 1999. – 568 б.*

Түйін

Бұл мақалада қазақ терминологиясының пайда болуы мен дамуындағы А.Байтұрсынов еңбектерінің маңызы айтылған. Ғалым А.Байтұрсынов еңбектеріндегі термин мәселесі мен қазақ тіл білімі терминдерінің жасалу жолдары нақтылы мысалдармен дәлелденіп берілген. Термин жасаудағы ғалым ұсынған ғылыми ұстанымдар да сөз болған. А.Байтұрсынұлының терминология саласындағы еңбегінің өлшеусіз екендігін айғақтайтын пікірлер дәйек ретінде келтірілген.

Тірек сөздер: терминологиялық бірліктер, терминология, дыбыс жүйесі, калька, терминжасам, ұғым.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности трудов А.Байтұрсынова в образовании и развитии казахской терминологии. В его трудах конкретными примерами определены проблемы термина и пути образования термина в казахском языкознании. Говорится и о научных принципах ученого в образовании термина. Как доказательство представлены отзывы о ценности труда А.Байтұрсынова в сфере терминологии.

Ключевые слова: терминологические единицы, терминология, звуковая система, калька, строение термина, понятие.

Summary

At this article there discusses about the main features of A.Baitursynov works on developing Kazakh terminology and education. Specific examples identified the issues of the term and the term in the way of education Kazakh linguistics. There discussed a lot about the scientific principles of the scientist in the

formation of the term. Reviews of the value of work in the field of terminology A.Baitursynov presented as evidence.

Keywords: terminological units, terminology, sound system, tracing paper, the structure of the term, the concept.

БАСПАСӨЗ ТАҚЫРЫПАТЫНДАҒЫ ТОСЫН ҚОЛДАНЫС – ОҚЫРМАН НАЗАРЫН АУДАРУШЫ ТИІМДІ ҚҰРАЛ

Ерғалиев Қ.С. – ф.ғ.к., доцент, Асанбаева Е. – 3-курс студенті

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты

«Кемеге қандай ат қойсаң – жүзуі сондай болмақшы» деген мақал публицистикалық мақалаларға да байланысты. Журналист мақаласын мазмұнды әрі жүйелі етіп жазумен қатар, оған жақсы атау бере білуі керек. Себебі тілші үшін оқырманның осынау көп мерзімді басылымдардан, ондағы бірсыпыра мақалалардың ішінен дәл оның туындысын бөліп жарып, зейінін салуы өте маңызды. Оқырмандар «ілтисатын» жаулап алу үшін сөз зергерлері сан-алуан тілдік құралдарды қолданып, түрлі амалдарды жүзеге асырып жатады. Солардың бірі – окказионализмдер.

«Окказионализм» термині тіл білімінде жиі қолданылады, бірақ оған берілген нақты анықтама жоқ. Негізгі мағынасын былайша ашуға болады: «окказионализмдер (лат. «occasionalis» – «кездейсоқ») – нақты бір стилистикалық мақсат пен жағдайға байланысты туындаған тілдік бірліктер (сөздер) [1, 192-193]. Олар көбіне нақты берілген контексте «өмір сүреді», ал қарапайым күнделікті сөйлеу әрекетінде қолданылуы екіталай. Ғалым Р.Сыздықова оларды «тосын сөздер» десе, Х.Нұрмұханов окказионализм-дерді контекст қалауына сай тек «бір ғана қолданымдық» болып қызмет атқаратын сөздер деп атаған [2,78]. Окказионализмдер, әдетте, номинативті және көркем әдеби мақсатпен туындайды, ал баспасөзде бұларға прагматикалық қызметі де қосылады.

Осындай тосыннан пайда болған жаңа сөздерді публицистикада, әсіресе мақала атауында, қолдану жиі кездеседі. Себебі мұндай қолданыстар тақырыпатты эмоционалды-экспрессивтілік тұрғыдан қанық-тырып, өзгешелендіреді, сөйтіп, оқырмандардың мақала мәтініне деген қызығушылығын арттырады. Тақырыпат жаңа ақпараттылық кеңістікке жол ашар есік қызметін атқарады, яғни қандай да бір жаңа мәліметті қабылдас бұрын оқырманды соған дайындап, керекті бағытта жол сілтейді. Мақала шамамен не жайлы сөз ететіндігін реципиент оның атауына зер салып топшылай алады. Айталық, «*Парақорлық эпидемиясы*» (ЖА. - 24.09.2005) атаулы мақала осындай өзгеше формада елде жаман кеселдей тарап кеткен жемқорлық жайлы баяндайтындығын түсінуге болады. «*Терминқұмарлық та, тілбұзарлықтың бір түрі*» (Ақиқат. - 2013. - № 5) – қазақ тілінде «терминқұмарлық» деген сөз болмаса да, мына бір тақырыпатқа қарап, мақала тіл біліміне, қазіргі кезде халықаралық терминдердің қазақ тіліндегі қолданылу жағдайына байланысты екендігі бірден түсінікті.

Окказионализмдерге тән тағы бір ерекшелік – оқырманға автордың баяндап отырған оқиғаға байланысты өзінің пікірін, көзқарасын білдіре алу мүмкіндігі. Мысалы, «*Соқыр да сақау саясат немесе ұлтсыздар ұлтты ұлықтай ала ма?*» (ЖА. - 28.01.2010) деген тақырыпатты қарастыратын болсақ, тілшінің «саясат» сөзін осындай эпитеттермен «безендіруі» оның бұл мәселе жайлы жағымды көзқараста емес екендігін аңғартады. Ал «*Шығыс пен Батыс текетіресі... жоқ қоғамдастығы*» (Парасат. - 1992. - №12) деген мақала атауында журналистің ойы ап-анық көрініп тұр және бұл аңдаусызда кеткен қате емес, тілшінің қасақана барған қадамы. Бұндай әрекет те оқырман назарынан тыс қалмайтындығы және мақала тақырыпатының прагматикалық әлеуетіне әсер ететіндігі сөзсіз.

Тілші – оқырманның алдына қоятын ақпараттық «тағамның» бас аспазы. Халықтың оның дайындаған тамағын қалай қабылдауы мақаланың қандай тақырыпатпен, яғни қандай тұздықпен ұсынылатындығына тікелей байланысты. Сол себепті журналист өз шығармасының тақырыпатында тосын сөздерді қолданғысы келсе, біріншіден, реципиенттің оны жеңіл қабылдай алатындығына сенімді болу керек. Яғни қолданғалы отырған окказионализмнің мағыналық мәнін автордың өзі де, оқырман да түсіне алуы қажет. Әрине, адресат құр мақала атауын оқып, ондағы тосын қолданысты бірден түсінбей, оның сырын ашу үшін мақала мәтініне жүгініп жататын кездер болады. Бұл кезде журналист өзінің негізгі мақсатына жетеді. Алайда оқырман мақала атауында қолданылған тосын сөздің астарлы мәнін түсіне алмай, оның мәтінін оқуға қандай да бір қызығушылығы туындамайтын сәттер жиі кездесіп жатады. Бұндайда журналист шығармасының оқылуы екіталай. Айталық, «*Іргемізде ... әждәһә!*» (З-Қ. - 02.08.1996) мақаласы. Мақала тақырыпатын, ашығын айтсақ, қабылдауға жеңіл, құлаққа жағымды деп айту қиын. Осы аттас мақаланы реципиент үлкен ыждағатпен оқитындығы күмән тудырады. Оны оқыса-дағы іс жүзінде автор Лобнор мен Семей полигондары жарылысынан шеккен зиян туралы баяндап, мақала атауында біраз асыра сілтеп жібергендігіне көзі

жетіп, наздануы әбден ықтимал. Ал журналистикада оқырманның көңілі бәрінен де маңызды. Кейде реципиент бір ғана мақалаға көңілі толмағандықтан, барлық басылымнан ат-тонын ала қашуы мүмкін, сондықтан бұл істе «артық қылам деп, тыртық қылып жібермей», абай болған жөн.

Сонымен қатар ситуативті тосын сөзді мақала тақырыпатында қолданбас бұрын, оның реципиент санасына әсер етудегі эстетикалық, эмоционалды қырларын да ескеру керек. Өйтпеген күнде, ғалым Т.В.Матвеева айтпақшы, «оқырман назарын аудару міндеті этикалық міндеттерді басып тастайды» [3,260-261]. Мысалы, «*Күл-қоқыстағы қазақ тілі*» (ЖА. - 09.10.2012) атты мақала сюжетінде Көкшетауда қоқыс салатын жәшіктердің сыртына «Қазақша сөйле!», «Қазақ тілін үйренуді өзіңнен баста!» деп жазылғандығы. Сөйтіп, күл-қоқыс төгетін жерде мемлекеттік тілді үйренуді жарнамалап жатқандығы жайлы ащы сынмен сөз етіледі. Мақаланың негізгі идеясы – ана тіліміздің дамып, өркен жаюына күллі халықтың қол жұмыла кірісуі керектігі. Алайда осындай тақырыпатты оқыған реципиент мұндай астарлы ойды түсіне алмай, қайта керісінше, қазақ тілі жағдайының төмендігі сонша – қоқысқа тастайтын керегі жоқ заттың кейпін бастан өткеруде деген ойдың елегінде қалуы әбден ықтимал. Автор тақырыпаттағы осындай қолданыс арқылы мәселенің көкейтестігін көрсеткісі келген болуы керек. Алайда эстетикалық тұрғыда мұндай қолданыстың «жағымсыз» ассоциациялармен байланыстылығы оқырман санасында қаяу қалдыруы мүмкін.

Публицистикада мақала тақырыпаттарындағы окказионализмдерді жалқы есімдермен байланыстырып қолдану жиі кездесіп жатады. Мысалы: «*"Иртышбаев" Иртышбаевтығын жасады*» (ЖА. - 22.01.2009), «*Қодар "қуалайды", Сүлеев "сүйреңдейді". Неге?*» (Ақиқат. - 2012. - № 8). Осы ретте де ескеру керек бір нәрсе бар: мұндай тосын қолданыстардың экспрессивтілігі жеке басқа қол сұғушылықпен ұласпауы керек, яғни жеке тұлғаға байланысты бағалаушы окказионализмдерді қолданғанда артық дәрежеліктен сақ болып, ойланып қолданған жөн. Мысалы: «*Қанат Саудабаев «қосмекенді» ме?*» (ЖА. - 29.10.2009). Мақала бүгінде ел саясатында бірқатар жетістіктерге ие мемлекет қызметкерінің бір кездері екі елдің төлқұжатына ие болғандығы жайлы сөз етсе де, тақырыпатында өзін жануарлар отрядының бір класына теңегендей болуы бұл азамат үшін ұнамсыз болар. Ал әлемдік саясат сахнасында одан да маңызды «рольдерге» ие, өз кезеңдерінің «атышулы» мемлекет қайраткерлері жайлы сөз қозғағанда, тіпті де «жеті рет өлшеп, бір рет кескен» жөн. Мысалы: «*Саддам – Сталин де, Джордж – Гитлер ме?*» (Қазақ елі. - 2003. - №5-6) деген мақала атауында осынау алып тарихи тұлғаларды бір-біріне балап, салыстыруы тарихи, мәдени тұрғыдан да орынсыз. Кісі есімдерімен қатар қандай да бір ұйым не мекеме аттарымен қолданғалы отырған окказионализмдерді таңдауда да сақтық керек. Айталық, «*Кедендік одақ – қорлық территориясы*» (ДАТ: Диалог Анализ Трибуна. - 11.04.2012) және «*Кедендік одақ – Путиннің империялық амбициясының көрінісі*» (ЖА. - 25.01.2011) деген екі мақала да авторлардың позитивті емес көзқарасын аңғартады. Бұл саяси одаққа еліміз кірмес бұрын осы тақырып төңірегінде көп пікір айтылды, «кез келген тиынның екі жағы болады» демекші, бұндай қадамға барғанда еліміздің ұтатын және ұтылатын тұстары жайлы да көп ой ортаға салынды. Осындай келеңсіздіктер орын алса да, бүгінде Қазақстан мүше болып отырған бұл ұйым жайлы тілші болашақта сөз еткенде осындай «ауыр» сөздерден аулақ болғаны дұрыс. Журналист тақырыпат арқылы өзінің көзқарасын қанша білдіргісі келсе де, ол, ең алдымен, дүйім жұртқа таза ақпараттың өзін жеткізуші екендігін және өзінің әрбір айтқан сөзіне жауапты екендігін әсте есінен шығармауы қажет.

Бір қызықтысы – қазақстандық публицистикалық тақырыпаттарда окказионализмдер басқаларына қарағанда, саяси тақырыпта жазылған мақала атауларында көбірек кездеседі. «*Қазақстандағы "жеңіл" және "ауыр салмақтағы" шенеуніктер кімдер?*» (Айқап. - 2006. - 10 ақпан), «*Мұнайдан саясаттың иісі шығады*» (ЖА. - 16.04.2002), «*Кэмпит соғысы*» *Қазақстанға жетпейді*» (ЖА. - 06.08.2013), «*Қазақстанда жасалған*» *Қытай тауары*» (ЖА. - 01.08.2013), «*Ел «папасы» Папаға пирамида сыйлады*» (ЖА. - 10.11.2009), «*Диктаторлардың... кішкенелері де бола ма?*» (З-Қ. - 15.09.1999) сияқты көптеген мақала атаулары – осыған дәлел. Бұл құбылысты қоғам дамуының осы бір саласы қай уақытта болмасын барлық әлем халықтарының назарында екендігімен және «саясаттан әркімнің-ақ таласы барымен» түсіндірген жөн шығар.

Кейде журналистер мақала атауындағы тосын қолданысты реципиент санасына прецеденттілік феноменінің әсер ету қасиетін негізге ала отырып ұсынады. Айталық, «*Назарбай, Сара, Нұрсұлтан қараңғы үйде өмір кешіп жатыр*» (ЖА. - 20.10.2009) мақаласы. Қазақстанда тұратын кез келген азамат үшін бұл есімдер нақты бір тұлғамен, оның айналасындағы адамдармен байланысты ассоциацияларды туғызады. Ал бұл тақырыпатта олардың қараңғы үйде өмір кешіп жатқандығы айтылған. Бұл хабар, сөз жоқ, оқырманның санасында тосындылық, түсініспеушілік туғызады да, мақала мәтінін толық оқуға, сөйтіп, істің анық-қанығына көз жеткізуіне итермелейді. Сонда бірақ автор Назарбай, Сара, Нұрсұлтан есімді балалары бар тұрмысы нашар отбасының үйінде жарықты өшіріп тастап, қараңғы үйде отырғандығы жайлы баяндап отырғандығын түсінеді.

Окказионализмдер көбіне белгілі контексте қолданылып, мағынасы соған байланысты қабылдана-

тынын айттық. Бұл тосын қолданыстардың негізінде пайда болған жаңа сөздерге де байланысты. Мысалы: «**Шиборизм**» (ЖА. – 14.09.2010), «**Обамамания астарында не сыр бар?**» (ЕҚ. – 04.02.2009), «**"Айханымызм" немесе ақырзаман жақындағанда жалған пайғамбарлар көбейеді**» (АТ. – 09-15.07.2009) деген мақалалардың авторлары тіліміздің лексикасында жоқ сөздерді «ойлап тапқан», бірақ бұл сөздердің мағынасы реципиент үшін мүлде түсініксіз деп айтуға келмейді. Анығы – журналистердің жасаған бұл қадамдары мақала атауының экспрессивтілігін арттырып, бұнымен оқырмандардың тарапынан қызығушылық сезімін оята білуі.

Окказионализмнің негізінде жаңа сөздердің туындауы міндетті емес, кейде журналист қарапайым сөздерді бір-бірімен қарапайым емес мағыналық мәнмәтінде қиюластырып та осындай нәтижеге қол жеткізе алады: «**Отын қымбат па, отан қымбат па**» (Парасат. - 1998. -N 6), «**Өлілерге – сауал, тірілерге – сабақ немесе жерлеудегі "коммунистік тәсіл" жалғаса бере ме?**» (Парасат. - 2004. - N 2). Осы сынды тақырыпаттарда автордың сөздерді мүлде күтпеген мағынада, тосын қолдануы көп жағдайда реципиент үшін парадокс болып, оның оқырмандық қызығушылығын одан әрі өршіте түседі. Мысалы: «**Қазақ боп туып, "Өзбек" боп танылған**» (Парасат. - 1995.- N 9), «**Шал көп, ақсақал аз**» (Парасат. - 2013. - № 5), «**Мен бір терідегі орыс әрі қазақпын**» (А. - 14.06.2006).

Публицистикада авторлар окказионализмді «құрастыру» барысында басқа тілден енген кірме сөздерді де жиі қолданып жатады. Мысалы: «**Рухани террорға тосқауыл қоймай, ұлт болып қалыптасу мүмкін емес**» (З-Қ. - 29.11.1996), «**Діни зомбилер: дін туралы сұмдық пен шындық**» (Ақиқат. - 2013. - № 6.). Ал кейде басқа тілді сөздерді аудармай-ақ, солайымен мақала атауында ұсынғандары да кездеседі: «**Полющийден пьющийге айналғанымыз-ай!**» (З-Қ. - 28.11.1997), «**Кеми бар ака! немесе Өзбекстан мен Қазақстанның базарлары жайлы**» (З-Қ. - 02.02.1996). Бұндай амал да оқырман назарын мақалаға аударуға өз септігін тигізетіні анық.

Тіл білімі тұрғысынан отандық публицистикалық тақырыпаттарда кездесетін тосын қолданыстардың табиғатын тереңірек зер салып қарайтын болсақ, онда әдеби троп пен фигураның шамамен барлық түрлерін кездестіруге болатындығын байқаймыз:

➤ Эпитет: «**Жақсы "Пушкин" мен тәтті "Абай". Өнерді сүйсең, "Рахатша" сүй...**» (ЖА.- 10.08.2006), «**"Фаргелетшіл" қарт, "казиношыл" бала**» (Парасат.- 2006. - N 7).

2. Сөйлеу тілінде аппозитивтік құрылымдардың объектіне немесе субъектіге

3. Затты сілтеу есімдіктерінің көмегімен айқындау

Кілт сөздер: аппозитивті құрылымдар, антецедент, артиклдер.

Резюме

В данной статье рассматриваются способы выражения аппозитивных конструкций французского языка, и они представлены в следующем виде:

Аппозитив, выраженный указательными, притяжательными прилагательными, а также определенным артиклем в препозиции и неопределенным артиклем и существительным.

Ключевые слова: аппозитив, антецедент аппозитив, необособленный аппозитив

Summary

In Modern French there are different ways of expressing appozitiv constructions. That are presented in the following form:

1. The definite article in the preposition that means: known and particular object or a particular person.

2. Possessive adjectives that reflect the content of attribution of appozitiv to the subjects or objects of communication.

3. Demonstrative adjectives that distinguish the person subject.

Key words: appozitiv constructions, antecedent, explicit, implicit.

COGNITIVE CHARACTERISTICS OF METAPHORS IN ADVERTISEMENT SLOGANS

А.Б. Байдуллаева – докторант 2 года обучения специальности 6D021000 – Иностранная филология

Metaphor is used by people to understand an abstract concept by referring to a concrete one. It appears so often and is utilized so widely that sometimes we use it subconsciously and without realizing it. Lakoff and Turner [Lakoff and Turner 1989, 1] consider it as “omnipresent”, “accessible to everyone” and “irreplaceable”. As a matter of fact, everyone has acquired a mastery of metaphor used in our daily lives and it helps us understand the world around us. People have applied metaphor to all walks of life for centuries, such as politics, economy and the entertainment industry. With the fast commercialization of the society and the booming of the media industry, advertising, as one of the most efficient ways of publicizing products, has become an indispensable part of our life and “a major manifestation of conceptual metaphors” [Kövecses 2002, 59]. The selling power of the advertisements largely depends on the conceptual metaphors [pictures or words] used in them. A well-chosen metaphor will greatly prompt people’s desire to buy a certain product.

Structural metaphors

In structural metaphors, rich structure knowledge is provided by the source domain for the target concept. By the structure of the source, the speakers are able to understand the target. The understanding process happens when the elements of the source are conceptually mapped onto the elements of the target [Kövecses 2002, 33]. Take the TIME IS MOTION metaphor as an example. Here, time is structured according to motion and space and we can get the following mappings in this metaphor [Kövecses 2002, 33], Times are things. The passing of time is motion. Future times are in front of the observer; past times are behind the observer. One thing is moving, the other is stationary; the stationary thing is the deictic center. Our concept and understanding of time is structured and understood in this way. Without structural metaphor, it would be difficult to understand and imagine what our concept of time would be.

Ontological metaphors

Ontological metaphors can also be understood as entity and substance metaphors [Lakoff & Johnson 2003, 26]. Ontological metaphors are based on our experience with the physical world around us. When things we want to refer to are not very concrete and do not have a clear physical shape, we tend to understand them as entities or substances. This means that we can “refer to them, categorize them, group them, and qualify them” [Lakoff & Johnson 2003, 26]. Take the INFLATION IS AN ENTITY metaphor from Metaphors We Live By [Lakoff & Johnson 2003, 27] as an example. Inflation is understood as an entity and it enables us to refer to and qualify it in the following sentences [Lakoff & Johnson 2003, 27], Inflation is lowering our standard of living. If there’s much more inflation, we’ll never survive. We need to combat inflation. Inflation is hacking us in to a corner. In the above cases, inflation is understood as something that can affect our lives and be combated. The use of ontological metaphor enables people to talk about and understand inflation as a physical entity.

Personification

Human thoughts and characteristics may be the most familiar physical entity to us among all the physical objects. As a result, a wide range of abstract concepts are conceptualized as human beings. Personification can also be conceived as an extension of ontological metaphors, for the reason that the source domain is further specified as a person and human characteristics are applied to nonhuman entities [Lakoff & Johnson 2003, 35]. The above INFLATION IS AN ENTITY metaphor can sometimes be written as INFLATION IS A PERSON based on the following examples [Lakoff & Johnson 2003, 34], Inflation has attacked the foundation of our economy. Inflation has pinned us to the wall. Our biggest enemy right now is inflation. The dollar has

been destroyed by inflation. Here inflation is understood by utilizing the concept of a human being. However, a person or a human being is also a concept on a quite general level. Looking at the sentences more carefully we can see that the more specific metaphor underlying these metaphorical linguistic expressions is INFLATION IS AN ADVERSARY. From our everyday experience, we have the knowledge that inflation as an adversary or enemy can attack and hurt us. It is not our friend and it will do us no good.

Oriental metaphors

Most orientational metaphors are related to basic spatial orientations of human beings, such as up-down, center-periphery, and so on. The cognitive function of orientational metaphor is a series of target concepts coherent in our conceptual system. It could sometimes be called a “coherence metaphor”. In the following examples, an upward orientation characterizes certain target concepts, while their opposite concepts are characterized by a downward orientation [Kövecses 2002, 36].

MORE IS UP; LESS IS DOWN, Speak up, please. Keep your voice down, please.

HEALTHY IS UP; SICK IS DOWN, Lazarus rose from dead. He fell ill.

CONTROL IS UP; LACK OF CONTROL IS DOWN, I'm on top of the situation. He is under my control.

HAPPY IS UP; SAD IS DOWN, I'm feeling up today. He's really low these days.

It should also be pointed out that the spatial orientation up-down is not the only spatial source image. Orientational metaphors also utilize spatial images such as whole, center, link, balance, and so on [Kövecses 2002, 36].

Metaphorical entailments

Owing to our detailed and everyday understanding of the world, we have a relatively rich and extensive knowledge about the source. This kind of knowledge is not totally ignored. It is made use of to reach the end of metaphorical comprehension, which yields metaphorical entailments. Metaphorical entailments are produced when rich additional knowledge about a source is mapped onto a target. “Many metaphors do map additional knowledge from the source onto the target” and “metaphorical entailments are a common property of conceptual metaphors” [Kövecses 2002, 94]. Take the metaphor AN ARGUMENT IS A JOURNEY as an example [borrowed from Kövecses]. The constituent element that the journey happens along the road is mapped to the progress of an argument. But we also have the additional knowledge that sometimes we can leave the main path and stray from it. It is a nonconstituent element of the source concept JOURNEY. But it is utilized in the expressions such as “digress from” the essence of an argument [Kövecses 2002, 33].

Creative and novel metaphors

Ortony [1993, 2] points out that metaphor can be regarded as “an essential characteristic of the creativity of language” or “deviant and parasitic upon normal use”. It is often the case that metaphors used in creative works such as literary works, advertisements and films are different from metaphors in our everyday life. They are usually more creative and new. Creative people such as advertisers usually create novel metaphors to meet various needs. As a result, there is a widespread view held by most people that these creative and novel metaphors belong to a distinct and independent category from ordinary metaphors. This view is only partially true. When talented people create new metaphors for their creative works, they do not simply leave the ordinary metaphors behind. On the other hand, they make use of a great deal of conventional and everyday metaphors. Actually “everyday language and the everyday conceptual system contribute a great deal” to their works [Kövecses 2002, 43]. To create novel and unconventional metaphors, several devices have to be employed in the reworking of normal and everyday language. These include extending, elaboration, questioning and combining [Kövecses 2002, 47]. Here only extending, elaboration and combining will be explained since these three appear most frequently in the material that is analyzed. In extending, a new conceptual element is introduced in the source domain to an already existing conventional metaphor and the ordinary conceptual metaphor is expressed by new metaphorical linguistic expressions. Take the following two linguistic expressions as examples [Kövecses 2002, 47],

Tow roads diverged in a wood, and I –

I took the one less travelled by.

In the middle of life's road

I found myself in a dark wood.

In both of the two examples, the conventional metaphor LIFE IS A JOURNEY is utilized and at the same time the ordinary metaphor is expressed in a new way. In the first case, a traveler is faced with two roads leading to the destination on his way. The novel element here is that of the two roads, one may be chosen less frequently than the other. The novel element in the second example is that one's road may go through a dark wood. What is common for the two cases is that the novel metaphors are created by using and extending conventional metaphors. An “unused” element is added in the creative process [Kövecses 2002, 47]. The difference between elaboration and extension lies in that in elaboration, people elaborate on an already existing element of the source in detail rather than adding a new element to the source domain [Kövecses 2002, 47]. According to Lakoff and Turner [1989], Horace refers to death as the “eternal exile of the raft”. The

conventional metaphor DEATH IS DEPARTURE is reflected in this expression but is elaborated by detailing the type and means of departure [exile and raft]. It includes details instead of adding new elements from the source as in the case of extension. That departure is described in terms of exile helps us understand that death is viewed as something enforced upon us. Choosing a raft as the means of transport indicates that there is no certain destination. [Lakoff & Turner 1989, 67-69] Several conventional everyday metaphors can be combined in a single metaphorical linguistic expression to create novel metaphors. It is said to be “perhaps the most powerful mechanism to go beyond our everyday conceptual system” [Kövecses 2002, 49]. Take the expression below as an example, You took away the light of my life. In this short sentence, light is understood as a substance that can be taken away and life is understood as a substance that has light. At least two conventional metaphors are combined here, namely LIGHT IS A SUBSTANCE and A LIFE TIME IS A DAY. The combination of conventional metaphors thus enables the creation of new ones.

It is undeniable that metaphor has become an indispensable part of advertisements, the selling power of which largely depends on conceptual metaphors. Cosmetics are often presented as women’s friends who have the magic of bringing them beauty. Cars are often portrayed as lovers of successful men in society. These all trigger the customers’ desire to buy products. Slogans, being one of the most important components of advertisements, contain a large amount of conceptual metaphors. They are often abbreviated and do not contain a complete sentence. In addition, due to the fact that they lack context, they could be understood in several different ways.

1. Lakoff, G and Turner, M. [1989]. *More than Cool Reason, A Field Guide to Poetic Metaphor*.
2. Kövecses, Z. [2002]. *Metaphor, A Practical Introduction*. – New York, Oxford University Press.
3. Lakoff, G and Johnson, M. [2003]. *Metaphors We Live By*. – London, The University of Chicago Press. Chicago, The University of Chicago Press.
4. Ortony, A. [1993]. *Metaphor, Language and Thought. Metaphor and Thought*. – Cambridge, Cambridge University Press.

Түйін

Мақала жарнама слогандары контекстіндегі метафора концептісін қарастырады. Жарнама слогандарының когнитивті классификациясын беріп, олардың құрылымдық, онтологиялық жақтарынан қарастырады. Мақалада слогандардағы метафора жарнаманың негізгі қозғаушы күші ретінде зерттелді.

Кілт сөздер: Слоган, метафора, когнитивті, сана, концепт, түсіну.

Резюме

Статья рассматривает концепт метафоры в контексте рекламных слоганов. В статье дается классификация ее когнитивных типов. Рассматривает их с точки зрения структуры и онтологии. В статье метафора берется как основная коммерческая сила.

Ключевые слова: Слоган, метафора, когнитивный, сознание, концепт, понимание.

Summary

The article depicts the concept of metaphor in the context of advertising slogans. It gives cognitive classification of advertising slogans, and investigate them in the aspect of structure and ontology. Metaphor in the article is taken as the main commercial strength.

Key words: Slogan, metaphor, cognitive, cognition, concept, understanding.

ТЕРМИНДЕРДІҢ АНА ТІЛІМІЗДЕ АЛАТЫН ОРНЫ ЖӘНЕ АУДАРМАТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУЫ

М.А. Махамбетжанова – Абай ат. ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институты

Қазақ тілінің сөздік қоры алтын бағалы мағынасы тереңде жатқан сөздік қазынаға бай. Еліміз өз егемендігін алып, тәуелсіз ел болып әлемге қанат қаққанына жылдардың жүзі болмаса да, білім, ғылым саласында атқарылып жатқан қызметтер мен жетістіктеріміз аз еместігі баршамызға анық. Мемлекеттік тіліміз қазақ тілі болып жарияланып жарқын болашаққа нық қадам басу жолында елбасымыз «үш тұғырлы тіл» бағдарламасын алға қойды. Ғалым Ө.Айтбайұлы «...еліміз тәуелсіздіктің туын жоғары көтеріп БҰҰ-ға мүше болып отырған кезеңде тіл тағдырына, оның ішінде әлемдік деңгейде өріс тапқалы тұрған мемлекеттік тіліміздің дипломатиялық тірегі болуға тиісті терминологияны түбегейлі зерттеп, оның табиғатын ашу қажеттігі туындайды. Байқасақ, тіліміздің ғылыми стилін қалыптастыруда аса зор рөл атқаратын бұл арнайы лексика күні бүгінгі дейін түбегейлі қарастырылмаған. Әсіресе қоғамдық ғылымдар терминологиясының қалыптасу, даму барысын бағдарлаудың мәні тіпті зор деп білеміз» - деген. [4: 11] Техникасы мен ғылымы дамыған Еуропаның алпауыт елдеріне жетіу үшін, біздің елдің өзге елдермен тығыз қарым-қатынасқа түсіп, жетік техникаларды қолданысқа ендіру шараларында тілдің қажет екендігі анық. Кез-келген жаңа ғылым, жаңа техника болмасын оның қыр-сырын меңгеру барысында шет тіл терминдері кездесетіні анық мұндай жағдайда міндетті түрде қазақ тіліндегі баламасын табуға немесе аудармасын жасауға тура келеді. Біздің қарастыратын тақырыбымызда осы терминдердің жасалу ерекшеліктері тілімізде алатын орны мен маңызы төңірегінде болмақ. Аударматану саласында терминдердің аударылуы, олардың аударылу ерекшеліктері тұрғысындағы мәселелер зерттеліп өз қорытындысына ие болды деп айта алмаймыз. [1: 63] Біз қарастыратын термин ұғымына көптеген ғалымдар анықтама берген соның бірі зерттеуші М.Малбақов терминге «термин – білімнің белгілі бір саласының ұғымдық тезаурысында белгіленген орны мен осы тезаурыстың орнының сипаттамасы ретіндегі дефинициясы бар лексикалық бірлік болып саналады» - десе [2], Тіл білімі сөздігінде «термин – арнайы ұғымдарды, түсініктер жиынтығын, дәл беру нақты белгілеу үшін жасалған арнайы сөздер немесе сөз тіркестері деген анықтама береді. Терминдерді аудару барысында туындайтын түрлі қиыншылықтар болады. Әр тілдің өзіндік сөздік қолданыстары, грамматикалық ерекшеліктері мен стильдері болады ал сол сөздерді қазақ тілінің әдеби, грамматикалық нормаларына сәйкесінше аудару оңай шаруа еместігі белгілі. Қазіргі кезде тілімізге таңдаусыз еніп кеткен шетел сөздері жетерлік. Тіліміздегі терминдердің басым бөлігін орыс тілінен жанама түрде аударылып енген яғни орыс тіліне аударылу барысында кеткен кемшіліктер қазақ тілінде бар деген сөз, ал осы орыс тілі терминдік жүйесінің кемшілігі туралы Ж.Рахимова мен Д.Қадыров өздерінің «Терминология: теория және тәжірибе» атты еңбектерінде «Бүгінгі орыс тілі термині аталып, оның ғылыми-әлеуметтік өмірінде белсенді қолданылып жүрген сөздердің төрттен үшінің арғы тегі шетелдік екені және олардың орыс тіліне қандай да бір жүйемен емес бірін-бірі қайталай «баса көктеп» тасып-төгіліп, бейберекет өткені, әлі де өтіп отырғаны белгілі. Бұл жайт, аталмыш терминдер жүйесінде омонимділік, көпмағыналық, мағыналыстық құбылыстарының жасанды, орынсыз түрлерін туғызып, терминдік қатарды дабырайтып, оның ауқымы туралы жаңсақ түсінік қалыптастырып отыр. Орыс тілінде: лук-1. Қару (орыс), 2. Өсімдік (неміс); балка-жар (түрік), 2. бөрене (неміс); брак- 1. Неке (орыс), 2. Жарамсыз (неміс);» - деген кемшіліктерін атап көрсеткен болса, екінші кемшілігі белгілі бір саладағы аталымдар сөздің дұрыс- бұрыстығына қарапайым қолданушылардың айтылымы мен атала салынған. Мысалы: хвосты - құйрық, козел - есек, наследственность - тұқымқуалағыштық, тренировка - шынығу, отпуск - жіберу деген сөздерді осылайша қазақшалайтын болсақ ұғым туралы қисынсыз сөздер тудыратындығын атап көрсеткен. [9: 101-103] Бұл мысалдардың барлығы металлургия саласына қатысты сөздер негізінде алынған себебі осы салаға байланысты терминдердің 50% қазақ тіліне орыс тілінен аударылған. Ал басқа салалардың 70-80% шет тілдерінен аударылуда. Шетел сөздерін қазақ тіліне жөн- жосықсыз аударып енгізгеннен сөздік қорымыздың өрісі кеңейіп, көмбеміз бағалы сөздер қазынасына толмасы хақ. А.Байтұрсынұлы атамыз айтқандай «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі дара сөздерді алғыштап ана тілі мен жат тілдің сөздерін алмастыра-алмастыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болады» - деген өнегелі ойын айтқан. Осы даналы ойды негізге ала отырып Байтұрсынұлының аударма жайында, терминдерді аудару барысында ұстанған қағидаларды атап көрсетер болсақ:

- а) Ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу;
- б) Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу;

в) Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек;

г) Қазақ тілінің табиғатына сәйкестін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек; деген қағидаларды ұстанса ғалым Серікбай Қондыбайдың терминжасамда ұстанатын принциптері:

а) Басқа тілдер мен бүгінгі қазақ тілінің ұқсастығы, оның ішінде ұқсастықтың екі дәрежелілігі – сөз ұқсастығы мен мағына ұқсастығының қосарлануы- негізінде балама іздеу;

ә) Біз әлде бір сөздің (басқа тілдегі сөздің) қазақ тіліндегі баламасын табу үшін, әдетте оны грамматикалық тұрғыдан қарастырумен шектелетіндігімізді аударма жасау барысында семантикалық, фонетикалық тұрғыдан қарастыру керектігін алға тартты.

Ал мұндай сапалы аудармаларды жасау үшін осы принциптер мен талаптарды орындау үшін аудармашыға: а) мағлұматтылық; ә) тілді түркілік негізден ажыратпауды діттеген «дәстүршілдік»; б) ақиқаттылық; в) жекелеген сөз, атауларды түп-төркіндік тұрғыдан және г) тілдік-мифтік жүйеде қарастыру, т.б. қағидаларды ұстану қажеттігі зор. Аралас тілдік сана үшін жаңа сөздің жасалуы – «құбыжық». Өйткені оның тілі мен санасының үйреншікті қолданатын сөздері – өзге тілдің сөзі, өзге тілдік сана болып табылады. Бұл- өте маңызды фактор. Әйтпесе, қаншалықты сәтсіз жасалған немесе ұғымды ашпай тұр деген сөздің өзін қалыптастырып қолданып кетуге болады. Өйткені сөзге де, терминге тән қасиеттердің бірі – шарттылық. Шарттылық- жалпы сөз атаулыға, тіл атаулыға тән құбылыс.

Келесі фактор – ұлт тілінде термин жасалғанымен, сол термин жасалған тілді қолдануға, қолданысын талап етуге деген талаптың болмай отыруы. Яғни бұл факторды қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде шынайы қызметін атқара алмай отырғандығымен де түсіндірген жөн.

Үшінші фактор – сөздіктердің сапасы. Ол арнайы тоқталып өтуді қажет етеді. Нақтырақ айтқанда, сөздіктерді қолдануға деген сенімнің жоғалуы және қоғамда сөздікті жасаудағы дұрыс тетіктердің болмауы құрамында қамтылатын терминдердің қолданылмауына, қажеттілікке ие болмауына алып келеді. [3]

Терминдерді аударудағы кемшіліктер жайында сөз қозғағанда сол аударманы жүзеге асыратын аудармашылардың қызметі туралы атап кетпесек болмас. Бұл туралы ағылшын тіліндегі ең алғаш рет Лонданда басылымға шыққан Мона Бейкердің “Routledge encyclopedia of translation studies” атты еңбегінде терминологияның жай күйі, бір жүйеге стандарттау, терминология және аудармашы тақырыбына бір бөлімі арналған. Термин мен аударма бір-бірімен 1960 жылдың ортасы мен 1970 жылдың басынан бері байланыста. Алғашқы кезеңде терминдер қорына Германияның “Bundes-sprachenamt” Федералды тілдер кеңесі (Federal Office of languages), EuroDicoutom атты Люксембургтегі Біріккен Еуропа Комиссиясы, Оттавадағы “TERMIUM” атты Канадалық Федералды Үкіметі кірген. Бұл ұйымдар аударма үдерісін дамыту мақсатында келесідей мақсаттарды алға қояды:

- Көптілді терминология сөздіктерінің баспаға шығуы;

- Сөздіктердің тіл мамандарының көмегімен кеңінен қолданысқа ие болатындай баспаша немесе электронды түрде сақтау;

- Түрлі аудармашылар арасында қалыптасқан аудармадағы терминологияның бірізділігін, терминологияның тұрақтылығын қамтамасыз етуді мақсат етеді;

- Аударма үдерісін жылдамдату мақсатында аудармашыға бірден-бір тиімді құрал арнайы кәсіби сөдік ұсынылады.

Ұлттық Стандартизациялау Ұйымы (The National Organization for Standardization) жыл саын тұрақты түрде терминдер глоссариін шығарады. [8] Осындай термин сөздіктерінің бірі Л.Л. Нелюбиннің «Толковый переводовеческий словарь» атты сөздіктің қазіргі таңда білім алып жатқан аудармашы студенттер мен магистранттарға, факультеттің тіл білімін оқытушыларына да көп септігін тигізуде. Аударматану саласы бойынша Отандық еңбектердің жоқтың қасы екені белгілі. Аударматану саласына өз үлестерін қосып, аянбай еңбек етіп жүрген ғалымдардың бірі филология ғылымдарының профессоры А.К.Жұмабекова мен Г.А.Жұмашеваның «Аударма терминдерінің түсіндірме сөздігі» атты оқу құралында аударматанудың негізгі ұғымдары алғаш рет қазақ тілінде жүйелі түрде берілген. Сондай-ақ, аударма ғылымы терминдерінің ағылшын және орыс тілдеріндегі баламалары келтіріледі.

Сөздік жоғары оқу орындары филология факультетінің аударма ісі бөлімінде оқитын студенттері мен магистранттарына, аударма теориясы оқытушыларына, сондай-қ аудармашы – практиктерге арналған. [5,2] Осы орайда ағылшын тілінде жарыққа шыққан Мона Бейкердің, орыс тілінде жарыққа шыққан Л.Л.Нелюбиннің, қазақ тілінде жарыққа шыққан Отандық ғалымдарымыз А.К. Жұмабекова мен Г.А.Жұмашеваның, Ж.А. Жақыповтардың еңбектерінен аударматануға қатысты терминдерден мысалдар тізбегін ұсынуды жөн көрдік:

Mona Baker	Жұмабекова А.Қ., Жұмашева Г.А.	Жақыпов Ж.А.	Нелюбин Л.Л.
------------	-----------------------------------	--------------	--------------

Litrary translation	Көркем аударма	-	Литературный перевод, художественный перевод
Machine aided translation	Машиналық аударма	-	Автоматизированный перевод, машинный перевод
Word-for-word translation	Сөзбе сөз аударма	Сөзбе сөз аударма	Дословный перевод
Free translation	Еркін аударма	Еркін аударма	Свободный перевод, вольный перевод
Theory of translation	Аударма теориясы	Аударма теориясы	Теория перевода
Covert audience	Жабық аудитория	Жабық аудитория	Закрытая аудитория
Adequate translation	Барабар аударма	Толыққанды аударма	Полноценный перевод, адекватный перевод
Invariant	Инвариант	Инвариант	Инвариант
Full translation	Толық\тұтас аударма	-	Полный перевод

Бұл кестеден ағылшын, қазақ, орыс тілдеріндегі баламалар барабар берілгендігін, аудармада трансформация тәсілдері қолданылғандығын көруге болады. Мысалы: *Invariant* – *инвариант* - *инвариант* термині қазақ және орыс тілдеріне транскрипция және транслитерация тәсілі арқылы аударылған. Ағылшын тіліндегі *adequate translation* терминін қазақ тілінде А.К. Жұмабекова мен Г.А. Жұмашева *барабар аударма* деп берсе, Ж.А. Жақыпов *толыққанды аударма*, ал Л.Л. Нелюбин *полноценный перевод* немесе *адекватный перевод* деп яғни транслитерация тәсілінің көмегімен сол қалпында берген. Мұндай аударматану терминдері: морфологиялық және синтетикалық, синтаксистік және аналитикалық, аббревациялау және калькалау тәсілдері арқылы жасалады. Соның ішінде морфологиялық тәсіл арқылы жасалған аударматану терминдеріне мысалдар келтірер болсақ:

- *лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік*: автор-лық құқық, аудармашы-лық жедел жазу, буын-дық аударма, грамматика-лық трансформация, жағдаят-тық ақпарат, семантика-лық ақпарат, тілара-лық аударма.

- *ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе*: аудар-ма, сөз-бе-сөз, ауыз-ба-ауыз, түсіндір-ме сөздік, уәжде-ме, үсте-ме ақпарат.

- *лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті*: әртип-ті сәйкестік, бедер-лі сөз, бейне-лі жад, біртекті сәйкестік, біржақ-ты аударма, біртүр-ді коммуникация, дәстүр-лі аударма, қолжазба-лы аударма, екіжақ-ты аударма, инвариант-ты ақпарат, келтірін-ді аударма, коммуникатив-ті әсер, координатив-ті қостілдік, қостіл-ді аударма, мәтін-ді бөлшектеу.

- *ша/-ше, -шы/-ші*: қабылдау-шы, жодау-шы, жіберу-ші, ауыз-ша, жазба-ша, қосым-ша эстетикалық әсер.

- *ған/-ген, -қан/-кен*: растал-ған аударма.

- *шылық/-шілік*: тілі-шілік: аударма-шылық, тіл табыса алу-шылық.

- *ық/-ық, -к*: тол-ық аударма.

- *ғы/-гі, -қы/-кі*: алғаш-қы аударма.

- *шыл/-шіл*: әріп-шіл аударма.

- *лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес*: ара-лас аударма.[7, 15]

Қорыта кететін болсақ жалпы терминологиялық лексиканың реттелуін көздеп отырған қазіргі ғылыми-техникалық прогресс заманында сөздердің шығу төркінін біліп отырудың айрықша маңызы бар. Аударма терминдерінің шығу тегін, жасалу жолын білу арқылы оның мағыналық өрісін, потенциалдық мүмкіндігін шамалауға болады. Аударматану терминдерінің сөздік қорын алдағы уақытта толықтыра тусу тәрізді міндеттерді алға қоюдың маңызы зор.

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы, 1998.
2. Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы, 2002. – 128 б.
3. Аударматану (ғылыми-практикалық көмекші құрал). – Алматы, 2008. – 328 б.
4. «Мемлекеттік тіл саясаты : терминология, аударматану, ресми құжат тілі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Алматы: Арыс, 2007. – 128 б.
5. Жұмабекова А.Қ., Жұмашева Г.А. Аударма терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2012. – 48 б.
6. Жақыпов Ж.А. Аудармашы анықтамалығы. – Алматы, 2009. – 176 б.
7. Жабағиева Г.З. Қазақ тіліндегі аударматану терминдерінің жасалу тәсілдері/ Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №1 (35), 2011 ж.
8. Mona Baker. Routledge encyclopedia of translation studies. – London and New York, 1998.

9. Рахимова Ж., Қадыров Д. Терминология: теория және тәжірибе.

Түйін

Аталмыш мақалада аударма терминдерінің құрылымы мен жасалу ерекшеліктері, қоғамда алатын орны және ғалымдардың аударма терминдері жайындағы көзқарастары қарастырылады.

Тірек сөздер: аударма, терминдер, ерекшеліктері, құрылымы, жасалуы, терминология, тіл, сөздік, лексика, тәсілдер.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности применения и способы образования переводческих терминов, а так же его основные роли в обществе. Научные взгляды ученых про переводческих терминов.

Ключевые слова: перевод, термины, особенности, структура, терминология, язык, словарь, лексика, методы.

Summary

In given article is considered particularities using and the ways of formation of the translation terminology. The role of terminology in our society. The point of view our scientists about translation terminology.

Keywords: translation, terminology, osobbenosti, structure, terminology, language, dictionary, vocabulary, methods.

БИЗНЕС ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ПОЛИСЕМИЯ

А.К. Мусагулова – PhD докторанты

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Бизнес терминдерінің «ескі» семантикалық құрылымын ұғымдық жағынан қайта бағыттау жоғарыда аталған жүйенің қалыптасуындағы елеулі кезеңдердің бірін құрайды. Ендігі кезекте бизнес терминін талқылайтын болсақ қазіргі сөздіктерде және интернет көздерінен бизнес сөзіне мынадай анықтама береді: *Бизнес* – (англ. business – іс, кәсіпкерлік) – инициативті экономикалық іс-шара, несиеге алынған қаражатқа немесе өз қаражатына құрылған, адамның тәуекелдікке және өз жауапкершілігіне негізделген, негізгі мақсаты пайда табу және өз жеке кәсібін дамыту мақсатындағы іс. [Словарь «Борисов А.Б. Большой экономический словарь. – М.: Книжный мир, 2003. – 895 с.]

Осыдан келе бизнес саласына жататын терминдер көп мағынаға ие болып жатады. Оның себебі қазақ тілінде әлі күнге дейін баламасы жоқ, шет тілдерден енген терминдер. Олар көбінесе сол қалпында қазақ тілінің кейбір сөздерінің тіркесуімен және жалғаулардың жалғануымен қолданылады.

Сөздің қатарынан бірнеше мағынаға ие болу қабілетін білдіретін полисемия құбылысы тіл құралдарын үнемдеу заңдылығынан туындайды. Өйткені, В.В. Виноградовтың пікірі бойынша, «бірде-бір тіл әрбір нақты ойды жеке дара сөзбен немесе нақты бір элементпен білдіре алмайды. Тәжірибе нақтылығы шексіз, ал ең бай тілдің қоры қатаң түрде шектеулі» /Виноградов 1986, с. 190/.

Л.А. Капаназе мен басқа да зерттеушілер терминологиялық бірліктердің бір мағыналығын әдеби тілдің сөзінен елеулі түрде айрықшаланатын негізді сипаттамасы қатарына жатқызады (Капаназе 1965, с. 41). Алайда терминдердің тілде іс жүзіндегі қолданысы олардың орыс әдеби тіліне, соның ішінде полисемияға тән барлық лексикалық-семантикалық үдерістеріне бағынатындығын дәлелдейді. Термин табиғаты белгілі бір дәрежеде ондағы көпмағыналықтың көрінісін шектей алады, бірақ та оған көпмағыналықтан арылуға көмектесе алмайды, ал оның бір мағыналығын Л.Н. Зенкованың пайымдауы бойынша, тек қана үрдіс, оңтайлы құрылған терминологияға қойылған талап немесе тілекке сәйкес сипат ретінде қарастыру керек (Зенкова 1991, с. 95).

Бизнес терминдерінің көпмағыналық себептері

В.М. Лейчик терминнің көпмағыналығына келесідей анықтама береді: «Терминнің көпмағыналығы – білім аясын белгілеу, осы ретте терминнің көпмағыналық мағынасында бірдей арнайы семалар болады» (Лейчик 1989, с.34).

Зерттелуші жүйеде көпмағыналықтың көрініс табу себебін төмендегідей сипаттауға болады:

1. Бизнес терминжүйесінде көпмағыналықтың пайда болуын былай түсіндіруге болады: гуманитарлық пәндер терминологиясы үшін полисемия өзіндік белгілердің бірі болып табылады, бұл олардың жалпы қолданыстағы лексикаға жақындығына байланысты. Коммерция (бизнес) қоғамдық өмірдегі құбылыстардың бірі бола отырып, осы тәрізді әсер-ықпалға ұшырайды.

2. Біздің терминологиямыздағы полисемияның басты себептерінің біріне оларды «идеологиялық семантика» тұрғысынан регламенттеу жатады. Қазіргі таңда кейбір терминдер өз анықтамаларын өзгертуде. «Алып-сатарлық» (спекуляция) терминін алып қарастырайық. 1984 жылы аталмыш

терминге «Заң терминдерінің сөздігінде» мынадай жағымсыз баға берілген: «Алып-сатарлық – кең қолданыстағы мүлiктi, өнiмдi, тауарды жеңiл табыс табу мақсатында сатып алу және қайта сату». 1990 жылы осы терминнің бейтарап реңкке ие екiншi мағынасы тiркеледi: «Биржалық құндылықтарды алып сату кезiнде сатып алу және сату бағасының арасындағы айырмадан түсiм алу мақсатында осы құндылықтарды сатып алу және сату». Бағаны ырықтандыру сәтiнен бастап «алып-сатарлық» терминi негiзiнен екiншi мағынасында ғана қолданылады.

3. Көпмағыналық себебiн терминнің ерекшелiгiмен түсiндiруге болады. Бизнес тiлiнiң дамуымен көптеген терминдер терминмен және терминологиялық сөз тiркесiмен берiлетiн жаңа сипаттамаларға ие болады, олар терминнің жаңа қасиеттерiн тағы бiр мағынада көрсетедi. Мысалы, 1920-жылдары «акцепт» терминiнiң екi мағынасы белгiлi болды: 1. екiншi тараптың ұсынысына сәйкес келiсiмшарт жасауға берiлген келiсiм; 2. төлеушiнiң аударма вексель бойынша онда көрсетiлген мерзiм түскенде вексельдi төлеу мiндеттемесiн қабылдауы (Брокгауз және Эфрон 1905, с. 29). Қысқа iскери сөздікте аталмыш терминнің тағы екi мағынасы тiркелген: 1. банктің аударма вексельде көрсетiлген соманы төлеудi кепiлдендiруге келiсiмi; 2. шаруашылық ұйымдар арасындағы ақшасыз есеп айырысу түрлерiнiң бiрi. Сонымен, «акцепт» терминiнiң бүгiнгi таңда 4 мағынасы бар.

Термин сөздерде ғана емес, сондай-ақ терминологиялық сөз тiркестерiнде де полисемиялық қатынас-тар дами алады. Бiрқатар жағдайларда мұны былайша түсiндiрсек болады: бiрiншi мағына терминдердi экономикалық қызмет саласымен байланыстырады және олардың негiзiнде коммерциялық қызметпен байланысты екiншi мағына пайда болады, мәселен:

импорттық үлестеме (квота) – 1. жалпы ұлттық шаруашылық үшiн импорттың маңызын сипаттайтын экономикалық көрсеткiш; 2. елге белгiлi бiр тауарларды әкелудi шектеудiң бейтарифтік сандық тәсiлдерi (Словарь теминов рыночной экономики 1991, с. 50);

нарықтық құн – 1. өндiрiс қорларының құны; 2. тауардың, құнды қағаздардың, валютаның ағымдағы бағасы, сондай-ақ олардың сатып алынатын немесе сатылатын баға деңгейi (Словарь теминов рыночной экономики 1991, с. 78).

4. Терминнің жекелеген мағыналары өзара байланысты және бiр-бiрiне бағыныңқы арнайы қатардағы түрлi градацияларды бiлдiредi, мәселен: облигация – 1. облигация иесiне тұрақты құнының тиынақталған пайыз түрiнде табыс беретiн құнды қағаз. Осы мағынасында оның құнды қағаз түрiне тиесiлiлiгiн байқауға болады. 2. мемлекеттің немесе кәсiпорынның iшкi қарызды шығаруда белгiлi бiр шартпен берiлетiн борыш мiндеттемесi. Екiншi мағынасында өзгеше түр айырмашылығын көреміз (Моргун 1991, с. 9-10).

5. Мағынаның дербестелуi (кейде жалпылануы), яғни екi немесе одан да көп мағынаның айырмашылығы сыртқы пішінінде, мағынаның тарамдануында көрiнiс табуы мүмкiн, мәселен: квота – 1. белгiлi бiр салық салу бiрлiгiне келетiн салық мөлшерлемесi; 2. қайта сақтандырушының тәуекелге қатысу үлесi; 3. әрбiр картель қатысушысының жалпы өндiрiсте және өткiзудегi үлесi (Русско-английский толковый словарь маркетинговых терминов и понятий 1991, с. 32).

Салааралық полисемия және бизнес терминологиясы

Көпмағыналы терминнің түрлi мағынасы әр түрлi терминологиялық жүйеге жататын болғандықтан да, зерттеушiлердiң барлығы бiрдей «салааралық полисемияны» полисемияға жатқызбайды. А.В. Суперан-скаяның, Н.В. Подольскаяның және Н.В. Васильеваның пікірлерi бойынша, полисемия – бiр терминологиялық өрiстiң құбылысы, ал түрлi өрiстегi бiрдей дыбысталатын терминдер омонимия болып табылады (Суперанская, Подольская, Васильева 1989, с. 44). Осы жерде арнайы лексиканың барлық сөздерi өздерi пайда болған немесе пішіні бойынша кездейсоқ сәйкес келген жалпы лексиканың сөздерiне омоним болып табылады деген тағы бiр пікір бар. А.А. Реформатский нақты бiр терминологиядан тыс терминдердiң полисемиясы болатындығын ескертедi, ол мұндай терминдердi аралас ғылымдардың жалпы терминдерi деп атайды (Реформатский 1968, с. 165- 168). В.Д. Дородных осындай құбылыстарды терминдер арасындағы ұғымдық ортақтықтың болуы негiзiнде полисемияға жатқызады. Осы дәлелге орай келесiдей пікір келтiрiледi: «Түрлi ғылымдардың терминологиясын ретке келтiру шеңберiнде полисемия мәселесiнiң дұрыс шешiмi терминдердiң өздерi кiретiн жүйесiнiң сипаттарына ықпал етiп қана қоймай, аралас жүйелердiң сипаттарына қайшы келмеу үшiн арақатынас орната алады» (Дородных 1982, с. 56). А.А. Денисованың пайымдауынша, аралас ғылымдар жүйелерiн бөлетiн шекаралар шартты болуы ықтимал. Түрлi ғылымдардың өзара генетикалық байланысты болуын ескеру қажет, сондықтан да терминжүйенiң ара қатынастары омонимдiк қана емес, полисемиялық та болуы мүмкiн (Денисова 1993, с. 117). Мәселен, франко кеме борты немесе қысқартылған ФКБ теңiз және коммерциялық сияқты екi терминологиялық жүйеде «... тауарды бортка тиеген соң оның сақталуын капитан қамтамасыз етуi тиiстiгi туралы құжат» мағынасында қолданылып жүрдi (Краткий внешне-экономический словарь-справочник 1991, с. 214). Сонымен қатар, бизнес терминологиясында аталмыш термин қосымша мағынаға ие болды: «Жеткiзушiнiң тауарды тиеу құнын төлеуi» (Толковый словарь для работы в рыночной экономике 1993, с. 40).

Амортизация термині бизнес терминологиясында «негізгі қорлардың (машиналардың, құрал-жабдықтардың) өзгеруі салдарынан олардың құнының біртіндеп төмендеуі, сондай-ақ жаңарту мақсатында негізгі қорлардың құнын өндірілетін өнімге біртіндеп ауыстыру» деген мағынаға ие (Современный словарь иностранных слов 1993, с. 41). Терминнің «Жеке тұлғаның немесе ұйымның мерзімді жарна немесе міндеттемені төлеу арқылы қарызын біртіндеп өтеуі» сияқты екінші мағынасы бизнес терминологиясында ғана емес, сондай-ақ дипломатиялық терминологияда да қолданысқа ие (Современный словарь иностранных слов 1993, с. 41).

«Сондықтан да басқа тілдер тәрізді қазақ тілінің де құрамы бұрыннан өзге тілден енген сөздер арқылы толығып, дамып отырады. Еліміздегі соңғы жылдары жұрып жатқан қоғамдық-саяси, экономикалық және басқа да салалардағы өзгерістер тілімізге де өзгерістердің, соның ішінде кірме сөздердің пайда болуына толығына әкелді. Тілімізге шет тілдік сөздердің қарқынмен енуі кірме сөздерді зерттеуді өзекті мәселеге айналдырады. Сөздердің бір тілден екінші тілге енуіне экстралингвистикалық факторлар әсер етеді. Бұл факторлар; мемлекетаралық қатынастың кеңеюі, елдің қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер, әлемдік экономикалық кеңістікте глобализация және интеграция процесінің өсіп, көптеген ұғымдар мен терминдердің халықаралық сипат алуы» - дейді Г.А. Қожахметова өз мақаласында.

1. Борисов А.Б. Большой экономический словарь. – М.: Книжный мир, 2003. – 895 с.
2. Виноградов В.В. Вопросы современного русского словообразования. – 1986. – С. 190
3. Зенкова Л.Н. структурно-семантическая характеристика военной артиллерийской терминологии. Автор. дис. ...канд. филол. наук. – 1991. – С. 19
4. Лейчик В.М. Методы и структура терминоведения. Автореф. дис...д-ра филол. наук. – М., 1989. – С. 34
5. Словарь терминов рыночной экономики/ Под ред. Лукашевского В.М. – М.: «Менеджер», 1991. – С. 278.
6. Русско-английский толковый словарь маркетинговых терминов и понятий / Под ред. В.Л. Греймана, И.Г.Курбатова. – М.: Общество «Партнер», 1991. – С. 107.
7. Краткий внешне-экономический словарь-справочник / Под ред. В.А. Рыбалкина. – М.: Международные отношения, 1991. –С.234.
8. Дородных В.Д. Терминология генетики и проблема взаимодействия различных лексических подсистем. - В кн. Контекстуальная семантика. – 1982. – С. 123
9. Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология. Вопросы теории. – М.: Наука, 1989. – С. 246.
10. Қожахметова Г.А. Шет тілдік лексиканың бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс беруі. – Алматы, 2006.

Түйін

Қазақстанның нарықтық экономикаға өтуіне байланысты қоғамдағы тілдік қалыптасу қазіргі таңда бизнес тілі деп аталады. Бұл мәселе енді ғана қолға алынып зерттеліп жатыр. Қазақ тіл білімінде термин қалыптастыру XX ғасырдың бас кезінен бастап қолға алынғанымен, әлі күнге дейін шешімін таппаған аса өзекті, күрделі мәселе болып қалып отыр. Бұның бір себебі-қоғам ардайым даму, өзгеру үстінде. Нақтырақ айтсақ, қазақ тіліндегі бизнес терминдері қалыптасу кезеңін бастан кешіріп отыр. Дегенмен терминдердің басым бөлігі қазақ тілінде XVIII ғасырдан бастап қолданысқа енген. Олардың басым бөлігі, соның ішінде кірме терминдер қолданыстан шыққан, бірақ та қазіргі таңда олардың тілге қайта оралу үрдісі байқалуда. Идеология қоғамның әлеуметтік дамуының бір факторы ретінде зерттеу нысанына алынған терминологиялық жүйенің дамуы мен қолданылуына ықпал етеді.

Кілт сөздер: бизнес терминология, полисемия, көпмағыналық, салааралық полисемия.

Резюме

Полисемия в терминологии бизнеса. Языковая реформа занимает важную роль на фоне всех экономических изменений в странах бывшего Советского Союза. Автор обсуждает функционирования бизнес терминологии, которые глубоко укоренились в языковой картине мира русских и казахов. Явления полисемии, заключающиеся в способности слова иметь одновременно несколько значений, порождается действием закона экономии речевых средств. Появление многозначности в терминосистеме бизнеса объясняется тем, что для терминологий гуманитарных дисциплин полисемия является одним из специфических признаков, что в значительной мере обуславливается близостью их лексике общего употребления. Бизнес, являясь одним из явлений общественной жизни, также испытывает подобной влияние.

Ключевые слова: бизнес терминология, полисемия, многозначность, междотраслевая полисемия.

Resume

Polysemy of business terms. Language reform is important for all the economic changes in the countries of the former Soviet Union. The author discusses the operation of the business terminology, which are deeply rooted in the Russian language picture of the world and the Kazakhs. The phenomenon of polysemy is the ability to have multiple word meanings generated by the action of the law of economy of speech means. The appearance of the terminological ambiguity in business due to the fact that the terminology of the humanities polysemy is one of the specific characteristics that largely determined by the closeness of their vocabulary of common use. Business, as one of the phenomena of social life, is also experiencing a similar effect.

Key words: business terminology, Polysemy, ambiguity, inter-industry Polysemy.

ӘДЕБИЕТТАНУ. ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ ЭТНО-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ҰҒЫМ-НАНЫМДАР

А.В. Таңжарықова – филология ғылымдарының докторы,
Абай атындағы ҚазҰПУ

Кез-келген халық өз жазба әдебиеті мен мәдениетін ежелден келе жатқан алтын арқау, өнер атаулының алғашқы тұғыры фольклордан алатыны даусыз. Ал, фольклор жүрген жерде сол халықтың этнографиясы қатар жүреді. Фольклор ілкі заманда туған, аманат болып, ұрпақтан-ұрпаққа тарап отырған кез-келген халықтың әдеби мұрасы болса, ал, этнография фольклормен үндесе, жымдаса жүретін, халықтың санасынан берік орын алған сол халықтың бүкіл тыныс-тіршілігінен хабардар ететін мәдени мұрасы. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық және исламдық салт-дәстүрлер негізінде жасалып, әрқашанда халықтың сансында жүрген.

Осы этно-фольклорлық негізімізді ертеректе жыраулар, жыршылар, шешендер, бертін акын-жазушылар ой-қазық етіп, шығармаларында қолданып отырған. Әдебиет пен этно-фольклордың арақатынасы әдебиеттің даму тарихымен тығыз байланысты. Әдебиеттің даму тарихының әрбір кезеңінде этно-фольклор біте қайнасып, бірге тыныс тіршілік еткен және шығармаларда белгілі бір сюжеттік оқиғаны құруға, кейіпкердің образын ашуда, көркемдік тәсілдердің берілуінде, оқиға түйінін шешуде, аяқталуында яғни, шығарманың он бойында белгілі бір қызмет етіп отырған.

Поэзияда этно-фольклор қайнар көзін «Күлтегін», «Тоныкөк», «Оғыз нама», «Қорқыт ата кітабы», «Құтадғу білік» «Иолыг Тегіннен» алатын болса, ал, прозада, ертегілер желісі мен ауыз әдебиетіндегі елге көп тараған аңыз әңгімелер, хиссалар мен хикаяттардан алатынын тілге тиек етуге болады. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Алаш әдебиетінде де осы үрдіс көрініс тапқан.

Сол дәуір әдебиетінің өкілдері М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», С.Көбеевтің «Қалың мал», М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», Ш.Құдайбердіұлының «Әділ-Мәрия» сынды прозалық шығармаларынан этно-фольклорлық ерекшеліктерді кеңінен не ішінара қолданғандарын байқаймыз. Өйткені ол кезде халық бірден өз негізінен ажырай қоймаған ал жаңа заман талабы шым-шымдап санаға кіре бастаса да толық анықталмаған өліара шақ еді. Жаңа өкімет құрылып, сол қоғамның мерездігін аңдаған, елінің ата-жолынан адасып, халық ретінде жойылып кетуінен қорыққан акын-жазушылар өз ойларын ашық не астарлы түрде шығармаларында беріп, ащы шындықты айта білді. Оларды халық жауы деп, өздерін ату жазасына бұйырып, шығармаларын оқуға тыйым салып, тарих сахнасынан мүлдем алып тастауды көздеді. Арман-тілегін, өткені мен бүгінін, ертеңі мен болашағын, фольклорда өрнектейтін қазақ халқы үшін – ауыз әдебиеті үлгілерінің қай түрі болса да жанына жақын екені рас. Орнаған қызыл үкімет өзімен бірге өнерге де, соның ішінде әдебиетке де өзінің «социалистік реализм» әдісін ала келді. Яғни, кез-келген акын-жазушы өнерге әдебиетке тек таптық тұрғыдан келуге және қарауға тиісті болды. Ол, мейлі поэзиялық, прозалық туынды болсын, шығармалардан тек қана кедей тобының мүддесін көтеретін идея «мен мұңдалап» тұруға тиіс болды. Сол кезде кедей табының туын шығармасында желбіретіп тұрғызуға міндетті болған акын-жазушылар еріксізден өз туындыларына фольклорлық сарынға орын беруден еріксіз саналы түрде бас тартты. Бұл жерде «құдай жоқ» деген идеологияның да әсері болғаны да сөзсіз. Сондықтан осы кезеңде «Тәңірі», «Аллаға» байланысты сюжеттердің әдебиет сахнасынан аластатылғаны тарихи шындық. Сонымен қатар, «Құдай жоқ», «Алла жоқ» деп тұрған идеология тұсында тәу етіп әрқашанда құрмет тұтып, тағзым еткен әулие-әмбилер бейнесі де аластатылды. Тіпті акын-жазушылар тарихи тақырыпқа қалам тербеуге де жүрексінді.

«Қызыл тілім кісендеулі» деп Мағжан акын айтқандай, акын-жазушылар кеңестік идеологияның қысымына қарамай, тығырықтан шығып заман шындығын астарлық формада соның ішінде осы фольклорлық сарын үлгісінде жеткізуге тырысты. Сәбиін бесік жырымен әлдилеп, ертегі айтып ұйықтататын қазаққа «Социалистік реализм» әдісі қанша қақпақ қойса да оларды өз негізінен айыра алмады. Сонау түркі бабаларының рұхынан нәр алған, түпкі негізімізді жырға қосқан, сөз еткен акын-жазушылардың өздері өлсе де арттарында қалдырған мұралары өлмек емес. Өйткені, қазақ халқы мың өліп, мың тірілсе де сол халықпен ғасырлар бойы келе жатқан бабалар рұхы, олар жырлаған өнер түрлері, ұстанған салт-дәстүрі мәңгі жасай бермек.

Уақыт өткен сайын, қоғам өзгерген сайын әдебиет фольклорлық сарынды қажет етіп ауыз әдебиеті үлгілерінің көрініс табуын талап етті. Ұлттық таным, ұлттық рух талап еткен фольклорлық сарын қазақ әдебиетіне жаңа леппен, соны сарынмен қайта оралды. Тіпті, кеңестік идеологияға қарамастан, халықтық мұраны, наным-сенімді өз шығармаларына өзек еткен жазушылар да болды. Қазақ әдебиетінде мифке қызығушылық реализммен постмодернизмге дейінгі әр түрлі эстетикалық бағыттағы жазушылардың көбіне тән, ол әңгімеден романға дейінгі түрлі жанрлық нышандарда жүзеге

асырылып келеді. Миф әртүрлі көркем бағыттар мен жанрларда нығайып қана қойған жоқ, көркем мәтіннің барлық деңгейіне енуде.

Ғ.Мүсіреповтің «Ана туралы жыр» әңгімесі алғашқы адамның пайда болуы Адам ата мен Хауа ананың алғаш жер бетіне түсіп, ұрпақ жаюы туралы. Мұны әңгімені фольклорлық пайыммен гениологиялық мифке жатқызуға болады. Ал, М.Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесіндегі орталық негізгі кейіпкер Тәңірі болса, бұл шығармада Алла бейнесі берілген. Ғ.Мүсіреповтің «Ана туралы жыр» повесінде Алланың бес періштесі болса, Марал Ысқақбайдың «Ұят туралы аңызында» Тәңірінің екі періштесі Кесепат пен Шарапаттың қарама-қарсы ойлары берілген. Екі повесте де бір Күдіретті күшке бас ию, тағзым етіп табыну. Екі автордың да авторлық идеясы – бағзы заманнан келе жатқан Тоныкөк, Күлтегін жырларымен үндесіп жатқандай.

«Жоғарыдағы Көк Тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің ортасында адам баласы жаратылған...»

Бұл повестерді көне діни аңыздық сюжетке құрылған, мифтік бейнелермен толықтырылған жасампаздық рухани шығарма деп қарастыруға болады. М.Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесі сонау бағзы замандардан да әрідегі біздің бабаларымыз тәу еткен «Тәңірі» туралы әңгімеленеді.

Ғалым С.А.Қасқабасов бұл жөнінде «Қазақтың көне мифінде болуға тиісті ілкі ата – демиург бейнесі Тәңір образымен алмастырылған. Ал, Тәңір аспанның әміршісі саналған. Яғни Тәңір – ең жоғарғы құдай, ол аспан мен жердегі тылсым мен тіршіліктің иесі» - деген.

Бұл мифтік повесте Тәңірі екі періштесін кезек тындап, ғаламда болып жатқан өзгерістерді солардың шар айналарынан қарап біліп отырады. Анда-санда жерге қарап, әуелде адамзат атаулы Адам ата мен Хауа ананы пейіштен қуғанда екеу-ақ еді, қазір ұзын саны бірер мың болыпты деп ой түйеді.

Шарапат қашанда ізгілік пен жақсылықтың символы іспеттес. Ал Кесепат болса мүлдем қарама-қарсы. Автор Шарапат пен Кесепатты антитезалық бейнелеу тәсілімен ізгілік пен зұлымдықтың, жақсылық пен жамандықтың қарама-қарсы символы ретінде алған. Дүние дүние болып жаралғалы жұмыр басты пенде бойындағы екіұдай мінез: бірі жамандыққа бастап тұратын – кесепат азғыруы, бірі адамдар үшін жақсылық жасауға бар Шарапаттың іс-әрекеті өмір-бойы бір-біріне кереғар күресіп өтетіні содан екен.

Бұл мифтік аңыз шығыстың мотивтегі көне сюжетке құрылған. Жазушы құрғақ баяндаудан гөрі адам тойымсыздығының түп төркіні неде деген сұрақты ортаға салады.

Қарымды қаламгер Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесінде де ежелгі аңыз-әңгімені, өткен күннің елесін ой елегінен өткізіп, бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін қозғайды. Жазушы ескі аңызды қайта жаңғыртып, қайта баяндап қана қоймайды, оған философиялық, психологиялық реңк үстемелей отыра аңыздың әлеуметтік сипаты, (қырын) ашады. Шығармада ежелден қонсы отырған бірде жауласып, бірде татуласып, талас-тартыспен күшін көрген қазақ пен түркімен арасындағы бітіспеспен жаулығы сөз болады. Бітімге келмей, тек қана жауласумен болған, өзара сыйыса алмай, ұғыса алмай өткен екі бауырлас жұрт талай тауқыметті бастан кешіріпті, бірін-бірі кешіре алмапты. Автор талай замандар бойы қазақ даласы мен түркімен құмдарындағы зорлық-зомбылықтың неше алуан түрі: алып кету, шауып кету, жер дауы, жесір дауы, жазушының ең ауыр сұмдық түрі – мәңгірт жасау сияқты аңыздық желілерді шебер қолдана білген.

Шығармада түркімен батыры Жөнейттің қолға түскен тұтқын жас өспірімдерді мәңгіртке айналдырып, жаулықтың, дұшпандықтың ең ауыр да сорақы үлгісін көрсетеді. Бағзы заманнан адам баласына неше түрлі қиянат зұлымдық-әрекеттер жасаудың ішіндегі ең сұмдығы, ең шектен шыққаны – адамды қинап, мәңгірт жасау болып табылады. Мәңгірттіктің қасында басқа зұлымдық, жауыздық дегеніңіз түк емес. Бұл қорлау – мәңгірт жасап, жеңген жауының тұқымын құрту, болашақтың тамырына балта шабу мақсатында жасалған мәңгілік азап. Автор повестің сюжет желісіне мәңгірттік туралы аңызды орынды ала білген. Жауласқан елдер тарихында мәңгірттік және мәңгірт жасау ежелден бар екендігі белгілі. Бұл жайлы кейбір мәліметтер ауыз әдебиеті нұсқаларында кездеседі. Мысалы қырғыздың әйгілі «Манас» жырында да жас балаларды алып қашып кетіп, олардың басына шіре байлайтыны жайлы айтылады. «Кепеш кигізу», «шіре байлау» дегенді мәңгірттікпен қатарластыра алуға болады. Төл әдебиетімізге, жалпы өз кезеңінде, одақтық әдебиетке мәңгірт ұғымын алғаш алып келген қаламгер – Әбіш Кекілбаев.

Автордың айтпағы әр заманның, әр қоғамның өз мәңгірті болады деп ой түйдіреді. Патша үкіметі тұсындағы бертің келе, Кеңес Үкіметі тұсындағы күшпен енгізілген отаршылықтың таз кепеші мәңгірт болып жалғасын тапты. Бүгінгі күні ешкімнің зорлық-қорлығынсыз-ақ туған тілімізден, дінімізден айырылған, тегін білмейтін «шала қазақ» дейтін - «рухани мәңгірт» ұрпақ дүниеге келді. Автор танымы рухани мәңгірттік мәңгірттіктің ішіндегі аса қауіптісі деген байламға көз жеткізеді. Ежелгі аңыздағы тарихи шындыққа сүйеніп, жазушының өткенді шолып, болашаққа жасаған ишара – тұспалы аңызбен астасып, қазіргі күнмен үндесіп, психологиялық – параллелизм тұрғысынан мәні

ашыла түседі.

Негізгі кейіпкер – түркімен батыры Жөнейттің өш алу, кек алу жолында туған бауырынан да, баласынан да айырылуын, өмірінің соңында құлағына келген күй әуені арқылы түсінеді. Екі елді татуластырып табыстырған да, бітістірген де өнердің құдіреті. «Күй» повесіндегі аңыздық желідегі сол кездегі мәңгірттікті қолдан жасау болса, бүгінде рухани мәңгірттіктің белең алуын және екі кезең мәңгірттігін бір-біріне қарама-қарсы, антитеза формасында алынуы шығарманың әлеуметтік салмағын арттыра түседі.

Ол күйдің астарында – рухани таным, ұлттық болмыс, салт-сана, фольклорлық сана, бүкіл қазақ елінің рухани-мәдени – пәлсапалық байлығының негізі, түп-тамыры, көрсеткіші жатыр.

Д.Досжановтың «Тілегімді бере гөр» повесінде Шалқардың шалғай түкпірінде жас журналист жігіт Дана сол маңнан мемлекеттік қорық аштырмақ болады. Жергілікті «Охотсоюздың» қорықшысы, өкіметтің байлығына қолын салып, тегін ішіп-жеп отырған араны ашылған Молдаберді зиянкестік әрекет жасап жас жігітті айдалада соққыға жығып тастап кетеді. Біраз жыл өткен соң Молдаберді ұшты-күйлі жоғалып кетеді. «Ақырында Мәнәулие маңында жапанда шошайып жалғыз отырған жүз жасқа келген аңшы шал айтыпты-мыс деген сөз ел ішінде гу ете түседі. Әлгі аңшы айдалада, киік қарап сандалып жүрсе, бүйірі қабысып бұратылған аш қасқыр көріпті. Құдая тоба, сол қасқырдың көзі құдды Молдабер-дінің көзі, үні құдды Молдабердінің үні дейді: қарт аңшы қарап тұрып қайран қалыпты, қатты шошыпты, көріп тұрып сенбеуге амалы болмапты. Аш қасқырға айналып айдалаға қаңғып кеткен Молдаберді сол деп иманын айтып жат та қарғаныпты. Бұл қауесетке бәреу сенеді, біреу күлді, біреу шошынып ішегін тартты.

Бұл повесте автор «аш бөрідей» деп қазақ айтпақшы өмірінде «тою» дегенді білмей, өмірі аш көзденіп, аш қасқырдай жалаңдап өткен Молдабердінің образын символмен ұтымды берген.

Автор неліктен кейіпкерін қасқырға айналдырды? Бұл ретте ел арасында тараған танымал аңыз желісімен келетін болсақ, халық қарғысына ұшыраған Қарынбай саранның суырға айналуын тілге тиек етіп кетуге болады.

Жазушының «Келіншек таудағы тас түйелер» атты тағы бір мифтік шығармасында қыздың әке қарғысына ұшырап тасқа айналуының себебі тасбауырлығында жатса, сол Молдабергеннің қасқырға айналуы оның аш көзділігінде болса керек.

Д.Досжановтың тағы бір «Қызылқұмның желі не деп жырлайды» атты әңгімесінде түйеден өзге уайымы жоқ қария алдындағы малды совхоз басшысы басқа кісіге алып бермекші болғанда, шарт ашуланып, түйесіне мінеді де құмға сіңіп ұшты-күйлі жоғалып кетеді. Ел-жұрт қарияны іздеп, таппағаннан кейін өлдіге санап, жаназасын шығарады.

«Сол жаназа оқитын күні бұрын-соңды мал ішінен ұшыратпаған, сол аяғын сылти басқан кәрі атан (неге бура емес) келіп, ашаға сүйеніп үнсіз жылап тұрыпты. Көрген адамдар әлгі кәрі атанның көз жанары өткірленіп, қарағаны, әр кісіні танытындай жетіп келіп бас шұлғығаны – құдды баяғы Мүсіркеп түйеші деп жат та қарғанады».

Автор бұл жерде кейіпкерін неліктен түйеге айналдырып отыр? Көзін ашқалы көргені түйе, бар ынта пейілі өзінің алдындағы аз ғана түйесінің қамы болған, адамдардан гөрі түйемен тіл табысу оңайырақ тиетін Мүсіркеп шалды түйе малынан басқа малға айналдырудың жөні жоқ сияқты.

Автор идеясына сәйкес мифологиялық дүниетаным бірде асқак, бірде трагедиялық, бірде фарстық сипатта болуы мүмкін.

Тұтастай алғанда, халықтық мұрамыз атадан балаға аманат болып, заман он айналып түссе де өз негізін әлі жойған жоқ. Ал, сол негіз жойылса, халық та бірге жойылады. Қазір егемендігімізді алып, елдігімізді қайта сезінген кезде, сол кездегі ұмыт бола жаздаған не алмағайып кезеңдерде ұмыт болған сол асыл мұрамызды қайта тірілту, қайта жаңғырту әрбір қазақтың міндеті деп ойлаймыз.

1. Ысқақбаев М. «Ұят туралы аңыз». – Алматы: Жазушы, 1980. – Б-7.
2. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма баспасы, 2002. – Б-96.
3. Кекілбаев Ә. Таңдамалы шығ. – 1 том. – Алматы: Жазушы, 1989. – Б-125
4. Досжанов Д. «Алыптың азабы». – Алматы: Рауан, 1997. – Б-138.

Түйін

Бұл мақалада этно-фольклорлық мотивтердің қазақ прозасында көрінуі жайлы ой қозғалған. Прозада этно - фольклорлық негізді өз шығармаларына арқау еткен бірталай жазушылардың туындыларына осы бағытта жүйелі талдау жасалған. Қазіргі ақпараттану мен жаһандану дәуірінде ұлттық руханиятқа барынша назар аудару – болашақ ұрпақ алдындағы кемелді міндет. Білгілім заманнан дәстүрлік желімен бізге жеткен мифтік оқиғалардың көркем шығармада бірде басталуына, бірде шарықтау шегіне, бірде шешіміне әсер етуі қарастырылды. Көне түсінік бойынша адам фаниден бақиға озғанда бұрынғы өміріндегі мінез-ерекшелігіне байланысты о дүниеде не аңға не құсқа айналады деген түсініктің, құбылудың түрлерінің қазіргі прозадағы сәулесі бағамдалды.

Ғ.Мүсіреповтің, Ә.Кекілбаевтың, М.Ысқақбаевтың, Д.Досжановтың туындылары осы негізде зерделенді.

Резюме

В статье рассматриваются фольклорные мотивы в современной казахской прозе. Был сделан тщательный анализ проз, в основу которых, рядом писателей взят фольклор. Дошедшие до нас с незапамятных времен события, описанные в мифах, оказывали свое влияние то на начало, то на кульминацию, то на конец произведения, это влияние было рассмотрено с разных точек зрения. Согласно ветхой концепции, человек при переходе из этого мира в потусторонний мир в зависимости от своего характера превращался в зверя или птицу, отблески такой реинкарнации наблюдаются в современной прозе. Произведения таких знаменитых казахских писателей как Г.Мусрепов, А.Кекилбаев, М.Ысқақбаев и Д.Досжанов были глубоко исследованы в этом направлении. Их книги являются хорошим примером для воспитания подрастающего поколения в духе традиций и обычаев казахского народа, также они учат их передавать традиционный опыт из поколения в поколения безо всяких изменений, хотя время неизбежно налагает на них свой отпечаток и оставляет неизгладимый след.

Summary

The article considered folklore motives in modern Kazakh prose. It was analyzed systematically the books of writers who took as a base the folklore motives in the prose. Sometimes it was considered the influence of the miffs to the beginning, culmination and the fin of the writings. According the oldest conception when the person passes from the this world to the life after the death the person because of his character becomes an animal or a bird, this phenomena of reincarnation observes in our days prose. The writings of G. Musrepov, A. Kekilbayev, M. Iskakbayev, D. Doszhanov was analyzed in this direction. Their books are a good to educate the yang generation in kazakh tradition and teach them to keep them and pass them to the next generation without any changes, although the time leaves its foot printing.

ҒАБИДЕН МҰСТАФИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА БҮГІНГІ КӨЗҚАРАС

Ш.А. Валиханов –

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты доценті, филол.г.к.

Ғабиденанудың көркемдік танымдағы елеулі орнын бар мәнде айқындап, ашудың жолы жазушы шығармашылығын арнайы зерттеген еңбекте міндетті түрде қамтылуы – көркемдік таным талабынан туындап отырған өзіндік міндет.

«Тәуелсіздік айдынында желкен көтерген қазақ елінде сана бостандығы, ой еркіндігі бірінші кезекке шықты. Соның нәтижесінде күні кешегі бастан кешкен өмірдің кей тұстарына, бірқатар қағидалары мен шындықтарына сын тұрғысынан, қайта пайымдау, жаңаша бағалау ниетімен көз жіберетін күндер туды. Бұл өткеннің бәрін жоққа шығару, «сыпыра тазалау» емес, қайта әділ бағасын беру, кешегі қателеріміздің орнын толтыру болмақ.

Міне, осы тұста өз заманының барлық мәселелеріне сергек түсінікпен қараған, тарихи шындықты көркем бейнелей отырып, өз сөзімен айтқанда, «өткен қауымның, дәуірдің бейнесін кейінгілерге жеткізуге» ұмтылған Ғабиден Мұстафин шығармашылығына да жаңа өмір салты тұрғысынан қарап, әділетті бағасын пайымдап алғанның артықтығы жоқ», – дейді әдебиеттанушы ғалым Балтабай Әбдіғазизұлы [1].

Б. Әбдіғазизұлы Ғабиден Мұстафиннің қаламгерлік ғұмырын өткен кеңестік дәуірмен сабақтастыра сыр төге отырып, аса бір айқын тоқтамға бұрады әңгіме ыңғайын.

«Ғабиден бейнелеген өмір жағдайларының «кеңестік өмір шындығы» деген жылтырақ айдарын алып тастап көріңізші. Нағыз өмір шындығы, халық тағдырының белгілі-бір тарихи кезеңдегі шынайы көрінісі болып шыға келмей ме?

... «Шындық деген әрқилы ғой, – дейді Ғабиден Мұстафиннің бір кейіпкері, – түпсіз терең жүректе жарқыраған шындық бар. Айтуға тіл күрмеледі».

Дәл осы сөздердің астарында бірқатар терең сыр жатқандай көрінеді. Автордың ішкі цензурасы жылт еткендей болады. Шындықты жазып отырған жазушының да «тілі күрмелетін» тұстары жоқ емес» [1].

Б. Әбдіғазизұлы Ғабиден Мұстафин шығармашылығына деген ендігі танымға елеулі міндеттер жүктелеріне мензеп отырып, бірталай сырға бастап жатқан ой өрбітеді.

Ғабиден Мұстафин мұрасын келешек ұрпақ, кейінгіне табыстап, жеткізуде оның шығармашылығын бағалап, тануда жасалар болашақ зерттеулер бағыты қазірде айқын.

Ғабиден Мұстафин жайлы қазақтың артық туған біртуар перзенттері ағынан ақтарылып, аса қадірлеп сөйлеп келеді. Мұның өзі арғы-бергіде, заманалар тоғысында талай дүниенің шаңы қағылып қалып жатқан тұстарда сирек кездесетін құбылыс. Шын осы дегенді айтқызбай сезінтетін бір сыр.

Ғабиден Мұстафин туралы қашанда ұланасыр ой ағынымен сөйлеп кеткен Тахауи Ахтанов әйгілі «Кесек кісі» естелік-мақаласында қаламгердің қадіріне жеткен пайымдауларын ортаға тастап еді. Ғабиден Мұстафиннің әдеби талғам, таным мәселелеріне қатысты қыры жайлы Тахауи Ахтанов былай дейді: «Ғабенді әдебиеттің теориясын терең білетін сұңғыла кісі деп мактауға болмас. Бірақ көп жағдайда орнықты, озық пікірлер айтып отыратын. Бір рет Алматыға келген Шыңғыс Айтматов Ғабені сәлем беруге кірді. Былай жеңіл-желпі әңгімелесіп отырды. Ғабен бір кезде әңгімелесіп тереңдетіп жіберді» [2].

Т.Ахтанов Ғабиден Мұстафин өз буыны әдебиетке келген кезең, ондағы оқушы деңгейі ендігі уақыттың әлемдік озық көркемдік бағыттары, қаламгерлік міндет пен мұрат, талап туралы өсиет мәнді сөз айтып еді деп еске алған.

Ғабиден Мұстафин Одаққа басшы болып жүрген кездегі бір үрдіс те әдебиеттің, көркемдіктің мұрат-мүддесіне келгендегі таза туралықтың бір көрінісі болғанын Тахауи Ахтанов естелігінде тағы бір қырынан тани түсеміз.

«Соңғы жазып жүрген «Көз көрген» романын талқыға ұсынды. Талқылар алдында кіргенімде кәдімгідей қобалжып «жұрт не айтар екен?» деп жүрегі лоблып отырғанын көрдім. Сол романның талқысында жұрт біраз пікірлер айтты, біраз адамдар революция, Азамат соғысындағы оқиғалар шиеленіспей, ширықпай, солғын шыққан деген пікірлер туындады» [180].

Т.Ахтанов сондағы айтқан өз пікірін есіне ала отырып «Көз көргеннің» жазылу, танылу тарихынан бір сыр ұшығын шығарады.

Ғабиден Мұстафин бір әңгімесінде өзінің әр пікірдің соңынан қалам ала сала түзету жасамайтынын айтқаны да есте. Алайда Тахауи Ахтановтың құнарлы ойларын ескеруі әбден ықтимал көрінеді. «Көз көрген» кемел көркемдік келісімімен келді оқушыға.

Тахауи Ахтанов Ғабиден Мұстафин шығармашылығы, қаламгердің азаматтық болмысы жайлы әркез ойлы сөз, оң сөзін айтып жүрген. Жазушы туындыларының ұлттық негізі, жалпыадамзаттың өрісі туралы ол кезінде Одақ әдебиеті көлемінде алып отырып та таза көркемдік құндылықтар жөнінен сөз өрбіткен. Шығармалар жалпы мәнде, идеология ыңғайында озық, ұрымтал тұстарынан ғана емес, қаламгердің қалыптасу жолы көркемдік процесс, көркемдік алым-танымның түпкілікті принциптері негізінде ауқымды жинақтаушылықпен, нақтылы саралаумен зерделенеді.

«Жазушы қайтпас қажырлылықпен үлкен прозаға ұзақ жол тартты. Ол былайынша айтқанда тек қана материал жинап қойған жоқ, сонымен бірге өмірден тәжірибе жинақтай жүріп уақытынан кешіккен шәкірттің ынта-жігерімен, табандылықпен еңбектеніп ізденді. Өзіңіз ойлап қараңыз, он сегіз жастағы оқуы шала жігітке ой-өрісі жоғары, жан-жақты білімді қаламгер деңгейіне көтерілуі үшін қаншама қажыр-қайрат, арман-тілек қажет» [3,390-б.].

Тахауи Ахтанов қаламгер шығармашылығын, шығармадан шығармаға ұласқан ізденіс, табыс өрісін, көркемдік диалектикасын кең ауқымда қадап айтып қисындап отырып, Ғабиден Мұстафин прозасындағы мүлде жаңа бағыт, елеулі бет болған «Дауылдан кейін» мен «Көз көргеннің» көпшілік бағалай бермейтін, байқай қоймайтын құнды қатпар, нәзік иірімдеріне сол тұстың өзінде зерек зерде, суреткерлік талғам-таныммен үңіледі. Әділ бағасын беруден, Ғабиденді «Алыптар тобының» алдына қарай ілгерілете сөйлеуден тайсақтамайды.

«Қазақтың кешегі көне рулық әлемі бізге М.Әуезов, Б.Майлин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов және Ә.Нұрпейісов шығармалары арқылы етене таныс. Ал бастапқы негізі бір бола тұра, Ғ.Мұстафиннің көзімен көрінген әлем - жоғарыда айтылған өзіндік қолтаңбалары бар біздің үлкен қаламгерлеріміздің шығармаларында суреттелген әлемнен мүлде басқа.

Мұстафин шығармаларында қайта жаңғырған әлем өзіндік ерекшелігімен және ешкімді қайталамауымен қымбат. Автор сол кезеңдегі қазақ қоғамының тұрмысын, өмір салтын шынайы суреттермен береді. Өз халқы өкілдерінің нағыз, бұрынырақ ешкім байқамаған ұлттық мінездерін, толыққанды айқын бейнелерін жасайды» [3, 393-б.].

«Писатель возрожденного народа» мақаласында Тахауи Ахтанов қазіргі заманғы қазақ әдебиетінің қалыптасу, кемелдену тарихындағы елеулі көркемдік бағыттарды айқындап, жинақтап, жеке шығармашылық тұлға, әдеби мектеп мәселесін ұдайы назарда ұстап, жүйелеп, негіздеп отыруды күн тәртібіне қояды. Өткеннің бай да жемісті көркемдік тәжірибесін тану міндеттерін айқындай түседі. Сол негізде Ғабиден Мұстафиннің қазақ прозасының баянды көшіндегі көтеріп келе жатқан жүгін аса ыждаһатпен саралайды.

Ғабиден Мұстафин туралы Тахауи Ахтановтың «Ұнамды герой туралы» зерттеу-мақаласында да елеулі пікірлер бар. Одақ әдебиетіндегі ұнамды герой жайлы пікірталасқа орай айтылған ойлар Ғабиден Мұстафиннің жазушылық еңбегін және бір жаңа қырларынан танытқан.

«Автор аса шебер диалогтармен, қысқа әсерлі суреттермен, қазақ халқы үшін үлкен өзгеріс жылдары болған отызыншы жылдардың бірінші жартысының көркем суретін жасаған. Біз романның сол кездегі адамдардың психологиясын, мінез-құлқын, жүріс-тұрысын да көреміз. Солардың өздеріне ғана тән, қарапайым болса да ішінде поэзия жатқан тілдерін көреміз, даусын естиміз. Автор әсерлі детальдармен қысқа эпизодтардағы кейіпкерлер арқылы сол кезеңнің суретін толықтыра түседі. Бұл жағынан оның Чехов шеберлігінен үйренгенін байқауға болады. Кейбір қысқа көрінетін кейіпкерлерді есте қаларлықтай дәл етіп беруге келгенде, Мұстафин алғырлықты, жазушылық байқампаздықты жақсы танытады» [4, 79 б.]

Ғабиден Мұстафиннің шығармашылық әлемі, құндылығы мен көпқырлылығы туралы қазақ әдебиеттану ғылымында белгілі бір ғылым арнасы – мұстафинтану қалыптасты. Қаламгердің дара жазу машығы, өміртанымы, ізденіс-үйренуі, қазақ көркем прозасын дамытудағы елеулі ықпалы, шеберлік мектебі, қазақ руханиятындағы қаламгерлік ұстанымы, азаматтық болмысы жайлы тұтас таным, ой жүйесін құрауда іргелі зерттеу еңбектерменен бірге көлемі шағын болғанымен көреген түйсікпен зерделенген шағын зерттеулердің де елеулі орны бар.

Ахат Жақсыбаев «Көреген еді» мақаласында қаламгердің қарапайым кісілік қалпын, даналық дәні дарыған адамшылық болмысын өмір өткелдерінде қатар жүру бұйырған күндердің шуағынан аулап жазады. Жазушының қилы заманда қайыспаған қайраткер болмысына жақындата түседі [5].

Дандай Ысқақов «Алыптар тобының соңғы тұяғы» [6], «Мұстафиннің ой өрнектері» [7] зерттеу-мақалаларында қазақ әдебиетінің XX ғасыр басындағы даму бағыттарымен бірге қалыптасып, біте қайнасқан Ғабиден Мұстафин шығармашылығына уақыт биігінен жинақтау, таратып талдау арқылы жан-жақты баға береді.

Ғабиден Мұстафиннің: «Абыз жазушы «Қоғамның даму жолындағы кезеңдерден асарда, халықтың жаңа тілектерді орындарда, сөз жоқ, әдебиетімізге өзгерістер жаңалықтар еніп отырады. Бірақ оның бір де бірі қол жеткен табыстарымызды, жақсы дәстүрлерімізді жоюмен келмей, соларды нығайту, дамыту негізінде келеді. Біздің кейбір әдебиетшілер әдебиеттегі бүгінгі бір жаңалықты мақтау үшін, бүгінгі тұрғыдан қарап, әдебиеттің өткен бір табысын кемітіп әуре болады...» [6] – деп жазған бір ой-тоқтамына зер сала отырып, заман өзгергенімен өзекті арнасы ортаймаған Ғабиден дәстүрі туралы ой қорытады.

Д. Ысқақұлы әдебиет өнерінің бағбаны болып ғұмыр кешкен ірі суреткердің көркемдік талғамы туралы татымды тоқтамдарымен бөліседі. Азаматтық асыл парыздар алдында аласармай өткен адамшылық келбетін аша түсер өмір деректерін, әдеби дамуда аса мәнді болған нақтылы әрекет шешімін нақтылы мәнде бағалайды.

«Алашордашыл әдебиеттің өкілі ретінде 20-30-жылдары саяси қуғын көрген Мұхтар соғыстан кейінгі дәуірде «Абай» романдары жарық көре бастаған тұстарда, қайтадан қатты қысымға түсті. Әсіресе елуінші жылдардың бірінші жарымында ресми баспасөз бетінде «Абай» романдарында қазақтың ескі ұлттық тұрмыс-тіршілігі барынша мадақталған деген сияқты солақай социологиялық сындар қаптап кеткен болатын. Міне, осындай жағдайда қазақ совет жазушыларының құрылтайында жасаған баяндамада М. Әуезовтің шығармалары, оның ішінде «Абай» романдары хақында оң пікірдің айтылуы жазушының болашақ шығармашылық тағдыры үшін маңызды оқиғаға айналды. Осы кезден бастап М. Әуезов шығармашылығы танылуының жаңа кезеңі, әлемдік әдебиет айдынындағы салтанатты шеруі басталды деуге болады» [7].

Ғабиден Мұстафин «Абай» романының құндылығын соншалықты айқын, жалпы мәнде ұғынудың да басында болған көреген, кемел таным иесі болғандығын, әрине, бүгінде біреу білсе де, біреу білмейді.

Ғабиден Мұстафиннің қазақ руханиятындағы өзіндік ықпалы, орны туралы кезінде де, кейінде де жан-жақты елеулі пайымдаулар жасалды.

«Жас қазақтың» астарын аңғардық па? немесе Ғабиден Мұстафин және Алаш зиялылары» атты мақалада Дихан Қамзабекұлы Ғабиден Мұстафиннің өмір ғибратын тағы бір тың тұстардан алға тартты.

«Аталған тақырып, шындықты айтсақ, XX ғасыр әдебиет алыптары санатындағы Ғабиден Мұстафиннің өз болмысындай сырбаз, кесек тақырып. Бірақ дерегі аз тақырып. Неге? Біріншіден, Ғабиден – Алаш зиялыларының көзін көрсе де олармен араласып-құраласпаған жан. Сондықтан білмегенін жазбаған қаламгерден жоқты талап ету қисынсыз. Екіншіден, Ғабиден – Алаш зиялыларының не үшін күрескенін жанымен түсінген азамат. Сол себепті ол елдік мәселелерді жалаң айтпай, ісімен орындаған» [8].

Д. Қамзабекұлы Ғабиден Мұстафиннің қазақ руханиятындағы «бүтін бітімі» (3. Қабдолов) астасып жатқан алаш азаматтарының аңсары туралы ой-тоқтамдары қаламгер тұлғасын уақыт биігінен танудың, ендігі ұғынудың олжасы, қайырлы дерегі. Автор қазақ ұлты қилы тағдырды бастан кешкен XX ғасырдың тарихи тағылымын жалпы мәнде көтере отырып жалқы тұлғаның қайраткерлік, кісілігі

жайлы нақтылы тұжырымдауларға барады.

Ғабиден Мұстафиннің адамшылық ауқымы, азаматтық болмысы, суреткерлік әлемі туралы XX ғасырдың 90-жылдарының басында жарық көрген Тахауи Ахтанов, Серік Қирабаев байламдарын ілтипатпен алға сала отырып Дихан Қамзабекұлы ұсынған қисындар былай дейді:

«Серік Смайылұлының жазуына қарағанда Ғ. Мұстафин ойындағысын «Сыр дәптеріне» хаттап отырған. Мысалы ол, 1979 жылы 6 ақпанда Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Шәкәрім сынды Алаш зиялылары ақтап, мұрасын жариялау туралы ұсынысымен Д. Қонаевқа үш мәрте кіргенін жазыпты. Кірген сайын ел басшысымен бір сағат, сағат жарым әңгімелескен көрінеді. Әлбетте, қайсар жазушыны осынша уақыт тыңдаған Д. Қонаев та тегін адам емес. Бірақ қаламгер жағдайсыздыққа назалана отырып: «Қазақ тарихы, қазақ әдебиеті жойылмаса, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Шәкәрімдер жойылуы мүмкін емес. Тарихымыздың төрінен орын алады олар», – деп жазыпты...

... Аға толқынның естеліктері мен жазғандары осы рухта сөйлейді. Олардан шығатын түйін: Ғ. Мұстафин кісілікпен өмір сүрген. «Ар болмаса. Арға ерік болмаса не болар еді?» – депті ол. Осы лепеске жазушының бүкіл философиясы сыйғандай. Ал ол бұл философияның негізін Әлихан-Ахмет бастаған Алаш зиялылары еңбегінің тағылымынан алды десек ше...

... Біздіңше, Ғабиден елдік мәселелерді жалаң айтпай, ісімен орындаған. Қайсар жазушы тындырған осындай бір ісі – Рамазан Елебаевтың «Жас қазақ» әніне жазған сөз (өлең) дер едік» [8].

Дихан Қамзабекұлы Рамазан Елебаевтың «Жас қазақ» әнінің шығу тарихын тарата келіп, Ғабиден Мұстафин жазған сөз, орындаушылық шеберлік тұтасып түсіп жан жүйенді жаулап алардай болып шыққан «Жас қазақ» әнінің сөз ырғағы, үн екпіні үлгі еткен бір туынды жайлы бұрын байқалмаған, айтылмаған бір сырды ақтарады.

«... «Жас қазақ» сай-сүйегінді сырқыратады, жан-жүйенді еңіретеді, қос жанарыңды парлатады. Рамазан әнінде қапы жоқ. Мұндай сыршыл, сезімтал әнді жүрегі шын елжіреген, мейірімі риясыз иген жан ғана шығарады.

Біздіңше, «Жас қазақ» әнінің мәтіні Ғабиден қадірлеген Алаш зиялыларының ұлт сарбаздары үшін шығарған гимн, марш сөзімен үндес, рухтас. Салыстырып көрелік.

Кез болған соң кер заман
біздің баққа,
Жау жарағын асынып,
міндік атқа.
Ел бастайтын ерлерге бұл зор
бір сын.
Жаңа талап, жас ұлан,
қарап жатпа, –

дейді Міржақып Дулатұлы жауынгерлерді рухтандыратын өлеңінде...

... Міржақыптың «Жас ұланы», Жүсіпбектің «Қаһарман сабазы», Ғабиденнің «Жас қазағы» – елінің ары үшін басын құрбандыққа тіккендер...» [8].

Д. Қамзабекұлының «Жас қазақ» («Алаш құрбаны») туралы астастырып отырып түйген тоқтамы қисынды. Бұл жалпыазаматтық деңгейдегі бейне-тұлға деген ойын алаш руханиятына және жеке тұлға мәніндегі кең, келешек зерттеулерге қарай бағытталған ғылыми пайым – өзекті.

Ғабиден Мұстафиннің шығармашылығы ұлт мүддесіне бағышталуымен де аса құнды. Қаламгер XX ғасыр басында Алаш азаматтары көңіл бөліп, қам жеген, көтеріп кеткен көп түйткілді мәселелерді барынша қозғаған, қоғамдық ой-санаға сіңіріп отырған қайраткер тұлға еді. Ғабиден Мұстафиннің «Дауылдан кейін» мен «Көз көргенде» әсіресе айқын көтеріп, көрсеткен көп мәселе көкейкестілік мәнде Алаш идеясымен астасып жатқан, тарихтың суық шындығымен суарылған туындылар болып шығуымен де аса маңызды, мәнді. Д. Қамзабекұлы меңзеп отырған бұл тарихи ақиқат әлі де арнайы зерттеліп, ашылуды күтеді дер едік.

Арман-аңсары туған ұлтының тағдырымен тұтасып кеткен, қаламгерлік ғұмыры ендігі еркін дәуірде қашанғы қай кезеңдегіден де тұғырлана түскен, жаратылыстан дарыған жазу өнерін еңбекпен ұштап өткен қазақтың қабырғалы қаламгері, классик жазушы Ғабиден Мұстафиннің әдеби мұрасы – көркемдік кеңістіктегі өшпейтін жарық нұр.

1 *Әбдіғазизұлы Б. Түпсіз терең жүректе жарқыраған шындық бар... // Егемен Қазақстан. – 2002. – 15 қараша.*

2 *Ахтан Т. Кесек кісі // Егеменді Қазақстан. – 1992. – 9 қазан.*

3 *Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы: Әдеби-сын, өнер туралы мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – Т.5. – 399 б.*

4 Ахтанов Т. Керуен: Әдебиет туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1969. – 339 б.

5 Жақсыбаев А. Көреген еді // Ақиқат. – 2002. – №11

6 Ысқақұлы Д. «Алыптар тобының соңғы тұяғы» // Егемен Қазақстан. – 2002. – 29 маусым.

7 Ысқақұлы Д. «Мұстафиннің ой өрнектері» // Жұлдыз. – 2002. – №11

8 Қамзабекұлы Д. «Жас қазақтың» астарын аңғардық па? // Егемен Қазақстан. – 2003. – 29 қаңтар.

Түйін

Мақалада Ғабиден Мұстафиннің шығармашылық мұрасы қазақ әдебиеттану ғылымының бүгінгі көркемдік талаптары бағытында сараланады.

Жазушы шығармаларының танылу, бағалану тарихы көркемдік таным аясына тартылып, жаңа тоқтамдар жасалады.

Мақала авторы Ғабиден Мұстафиннің қаламгерлік қалыптасу жолы, жазушылық дара мәнер-машығы, адамгершілік бейнесі жайлы баяндап, пайымдайды. Ұлттық руханият пен қазақ мәдениетіндегі орны туралы айтылады.

Белгілі қазақ әдебиеттанушыларының жазушы шығармашылығы жайлы пікірлері беріледі.

Кілт сөздер: өмір шындығы және көркемдік шешім, Ғ.Мұстафин, таным, қазіргі әдебиеттану, авторлық ұстаным, адамгершілік мұрат.

Резюме

В статье рассматривается творческое наследие Г.Мустафина в соответствии с художественными требованиями современного казахского литературоведения.

Сделаны заключения об особенностях писательской манеры с точки зрения познания художественной специфики произведений Г.Мустафина и их исторической оценки.

Автор статьи рассуждает о формировании Г.Мустафина как писателя, о своеобразии его стиля, человеческом облике, все это связано с размышлениями о казахской культуре и национальной духовности.

Приводятся мнения известных казахских ученых о произведениях писателя.

Ключевые слова: жизненная правда и её художественное воплощение, Г.Мустафин, познание, современное литературоведение, авторские принципы, человеческая сущность.

Summary

The article considers G. Mustafin's creative heritage according to art requirements of modern Kazakh literary criticism.

The author makes conclusions about features of a literary manner from the point of view of knowledge of art and specifics of G. Mustafin's works and their historical assessment.

The author of the article examines G. Mustafin's formation as a writer, originality of his selfstyle, human shape, all this is connected with reflections about the Kazakh culture and national spirituality.

Opinions of well known Kazakh scientists on works of the writer are given.

Keywords: vital truth and its artistic realization, G. Mustafin, cognition, modern literary criticism, author's principles, human essence.

ЖАЗУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЗЕРТХАНАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Д. Ибраева – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы,
филол.ғ.к.

Белгілі бір шығарманың жазылуы ұзақ ізденістің нәтижесі екені анық. Алғашқыда тақырыптың белгіленуі, түрлі арналардан мәліметтердің топтастырылуы, жиналған деректерді қорытып, белгілі бір идеяға бағындыра отыра көркем жинақтау негізінде жазылары анық. Осындай жазу үрдісінде жазушының өзіндік ұстанған бағыты, тәжірибесі айқындалады. Ал қалыптасқан өзіндік ерекшелігі ешбір қаламгерге ұқсамауы әбден мүмкін. Мұның себебі әр адамның өзгеше ұқсамас мінезі тәрізді өзіндік дәстүрі, тәжірибесімен тікелей байланысты болуы мүмкін. Қаламгердің әдеби шығармашылық әлемі дегенде ең алдымен жазушының осындай өзіндік тәжірибесін атауға болады. Бұл шығарманы жазу туралы ой-түркінің пайда болуынан бастап, соңғы нүктесі қойылғанға дейінгі кезеңді қамтиды. Шығармаға тақырып табу, түрлі арналардан материал жинау дағдысы, деректерді сұрыптау тәрізді мәселелермен қатар, жазушының өмір жолы, әдебиетке келу жолы, белгілі бір шығармасының жазылу тарихын сөз етерде осы шығармасымен тақырыптас, өзге туындылармен сабақтастығы, өзі тұстас қаламгерлермен шығармашылық байланысын терең меңгеру қажет. Бұл жазушының шығармашылық тәжірибесінің ұшталуына өз әсерін тигізген туындыларын айқындау үшін қажет.

Жазу үрдісіндегі қаламгердің көңіл-күйі, жазу машығы, талап-талғам деңгейі деген мәселелер де шығармашылық әлеміне қатысты болып келеді. Шығармашылық жұмыс үстіндегі әр қаламгердің өзіндік жазу тәсілі қалыптасатындығы анық. Бір қаламгерлер шығарманы жазу үстінде сурет салғанды ұнатса, енді біреулері ән салғанды ұнатады. Жазу үстіндегі көңіл-күйге қатысты қойылған сұрақтарды қаламгердің кейбірі қатты ұната қоймайтындығы белгілі. Бұл жеке шығармашылық құпиясына қатысты мәселелерге өзгелердің куә болғанын қаламағандықтан туындаса керек. Бұл мәселелер бір жазушының жекелеген шығармасына қатысты көзқарасын танытумен қатар, сол шығарманың құндылығын таныту үшін, қаламгерлік тәжірибе алмасуға әкеледі.

Шығармада суреттелетін дәуір шындығын, сол кезеңнің әлеуметтік сипатын анықтап алуда жазушы жиналған деректерді іріктейді. Өмір дерегін жинақтап, сұрыптаудан өткізу шығарманың идеясымен байланысты жүзеге асады. Бұл жиналған мәліметтердің шығармаға барлығы бірдей пайданыла бермейтіндігін көрсетсе керек. Екінші жағынан өмір шындығы жазушы елегінен өтіп барып, көркем шындыққа айналатындығын байқатады. Өмір шындығын тұтастай көркем өнер заңдылығына орай игерудегі жазушы шеберлігі әр алуан. Шығарма егер тарихи тақырыпқа арналар болса, тарихи кезеңге қатысты түрлі еңбектер, мұрағаттық жазбалар мен қатар, куәгерлердің естеліктерін кеңінен қолдануы әбден мүмкін. Ал жоспар жасауда жиналған материалды екшеленіп, іріктеледі.

Бұл ретте, көркем бейнені толыққанды етіп танытудың белестері ретінде кейіпкер болмысын прототип негізінде суреттеу болып табылмақ. Болашақ кейіпкердің жалпы бітімі, тұлғасын танытатын өмір дерегін зерттеп, ой елегінен өткізу суреткерлер тәжірибесімен тығыз байланысты. Көркем бейнеге түптілге болатын адамның бойындағы кейбір мінез-құлық алынбай, оның орнына басқаларда кездесетін іс-әрекеттер суреттелуі мүмкін. Бұл көркем өнердегі жинақтау, типтендіру тәрізді мәселелерімен байланысты, сондай-ақ шығарманың алдына қойған мақсаты, идеясымен байланысты болса керек. Прототипті көркем образға айналдыруда қаламгердің өзіндік қалыптасқан тәжірибесі бар.

Шеберлік ұғымы тек тек жазушы таланты ұғымымен шектелмеуі тиіс. Бұл жерде ой мен сөз жүйесі, жазушы сөз саптамы, шығармаға сюжет табу, композиция құру мәселелері де қарастыруға болады. Мұның барлығы өмір дерегінің көркем шындыққа ұласу жолына алып келеді. Қаламгерлердің бұрын-соңды жарық көрген туындыларын өңдеп, шындай түсудегі шығармашылық ізденістері де қаламгердің әдеби шығармашылық әлеміне алып келді. Автордың жарияланған шығармасына тың толықтырулар енгізіп, қайта қарауының себебі жазушының өзіндік жауапкершілігінде болуы керек.

Бұл аталған мәселелердің қай-қайсысы болса да қаламгердің шығармашылық әлеміне бойлауға алып баратын бағыттар. Әрқайсысы да жеке алдына зерттеуге тұрарлықтай үлкен мәселелер.

Түйін

Мақалада қаламгердің шығармашылық әлеміне қатысты мәселелер сөз етіледі. Тақырыптан бастап, материал жинау, оны өңдеу, көркем шындықпен өмір шындығының арақатынасы қарастырылған. Протип пен көркем бейне, қолжазба және шығарманың түрлі нұсқаларының арасындағы ерекшеліктердің барлығы қаламгердің әдеби шығармашылық әлеміне әкелетіні қарастырылған.

Түйін сөздер: шығарма, тақырып, көркемдік ерекшелік, шығармашылық зертхана.

Резюме

В статье рассматривается проблемы творческого лаборатории писателя. Определение темы, сбор материалов из разных источников, превращения жизненной правды в художественную правду, поиски в изучении характера персонажа – все эти уровни произведения показывают свойственный писателю художественный почерк.

Ключевые слова: произведения, тема, художественная особенность, творческая лаборатория.

Summary

Input a word in the article the problem of the creative laboratory of the writer. Definition of the topic, the collection of materials from different sources, transformations truth of life in the artistic truth, the quest to explore the nature of the character – all these works show the typical levels writer artistic handwriting.

Keywords: artwork, theme, art feature art laboratory

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТЕАТРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН КӨҢІЛ-КҮЙ САЛТАНАТЫН ҚҰРУШЫ ТҰЛҒАЛАР ЖАЙЫНДА

П.Адиева – *А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, ф.ғ.к.,*

Доктор Фатма Ахсен Тұран – *Гази университеті, доцент*

Әр ұлттың, халықтың өзіндік ерекшелігі бар. Сал-серілер туралы айтқандар да, жазып зерттеушілер саны да қазір молшылық. Салды да, серіні де қанша зерттесек те оның әлі ашылмаған, айтылмаған қырлары көп. Өйткені ол синкретті тұлға. Бір бойында бірнеше өнерді қамтыған тұлғалар ұлттар арасында жоқтың қасы. Бұл қазаққа берілген бақ іспетті. Сал-серілерді көңіл күй салтанатының иелері деп көрсетіп зерттеген ғалым Ж.Әбіл сөзіне тоқталсақ: "Диалог комедиядағы көңіл күй салтанатын барынша шарықтатудың ең бір қызық тәсілі - күлкі шақыратын комикалық амалдарды ойлап табу. Бұндай комедия әр уақытта екі түрлі мақсат ұстанады. Оның біріншісінде, тек қана күлдіру көзделеді, екіншісінің әзілқойлығы мен қалжыңқой қасиеті түрткі болады"-деуі осы сал-серілерге де қатысты пікір (Әбіл 2000: 103). Жалпы Ж.Әбіл фольклорлық жанрларға тың ой тастап кеткен ғалым. Фольклорлық жанрларға жеке-жеке тоқталып комедиялық жағын ерекше зерттеп, оны диалогтық тұрғыдан қарастырып жаңадан "диалог комедия" деген терминді ұсынған, тұңғыш пікір айтушы ғалым. Тақырыпқа тікелей келер болсақ осы "диалог комедия" тұлғаларына жататын бірме-бір орындаушылар осы -сал-серілер екенін Ж.Әбіл жаңа көзқарас ретінде қарастырған. Адам баласының таным деңгейі бірден өркениеттілікке жетпегені тарихи деректемелерден белгілі. Негізгі ұлттық сипаттағы ежелден қалыптасып келген дәстүрлер жалғасын тауып отырады. Сондай дәстүрден қалған бір саркынты сал-серілер бейнесі. Бүгінгі күнге дейін сал-серілер туралы зерттеулер ғалымдар тарапынан біршама зерттелді. Е.Тұрсынов сал мен серілер өнері іс-әрекетінің сипаттамасы ғана емес, бұл типтердің қоғамда қалыптасуы және пайда болуы, өмір сүру ерекшеліктерін ашық айтқан. Оның пайымдауы бойынша сал мен серілер типі жоғары әлеуметтік дәрежесімен ерекшеленетін әскери ұйымдар негізінен туған, бұл қасиеттер оларға бөлінбес бірлікте болған. Орта Азия сопыларының басты пірі – Қожа Ахмет Яссауи. Осы Қожа Ахметтің көп шәкірттерінің бірі және ең қабілеттісі – Бекташ есімді сопы болған. Қазақтың сал-серілерінің пірі – осы Бекташ. (Осман империясының тарихында Қожа Ахмет пен Азиядан шыққан сопылардың есімі ерекше құрметпен аталады. Қазіргі Стамбул, бұрынғы Византияның астанасы Константинопольді жаулаған әскердің алдыңғы легі тұтастай Қожа Ахмет Яссауидің жаужүрек шәкірттері болған деседі) (Егемен Қазақстан 2010). Әрине, көп жағдайда сал-серілердің шерігі тұтастай қырылатын болған. Қазақта серілерге үлкен құрмет көрсеткен. Халықтың соншалықты таңдаулысы болғандығын мына деректен байқауға болады: "Бүкіл аймақ жиналып серіні кілемге салып немесе жатқан жерінде үстіне отау тігіп, басына көтеріп ардақтайтын болған. "Қан жұтып жауды жеңіп келген серінің тілегін беріп, оған ләззат сילהан – қандай ұрғашы үшін болса да үлкен абырой екен. Серінің бауырында болып шыққан қыз бойы бұзылған қыз болып есептелмейді екен". (Егемен Қазақстан 2010) Бұл дәстүр, әрине, естіген құлаққа оғаштау көрінуі мүмкін. Қазақ дәстүрінің әлсіздігін таныту емес, мақсат, сал-серілердің абыройының жоғары болғандығынан шықса керек. Қазақ қашанда "қызға қырық үйден тыйым", "қыз қонақ" деп жоғарыдан орын берген халық. Қыздың жолының жіңішкелігін, ертен бір үйдің тұтқасын ұстайтын "От анасы" болатындығын ұлт көрегенділікпен білген. Сондықтан, Т.Әсемқұлов та сал-серіліктің қасиетін анықтау барысында оның атақ-даңқының ерекшелігін көрсету үшін осылай көрсетсе керек.

Белгілі ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан "Жұлдыз" журналының 1983 жылғы №9 санындағы "Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер" атты мақаласында осы сал-серілікті ұстанған өнерпаздар туралы жазған. Бұл еңбек сал-сері деген кімдер екендігіне анықтама беруден басталады. "Сал-сері тарих көзімен қарасақ, серілік ту баста түрік қағанаты кезінен басталған дей келіп, Орхон-Енисей жазбаларында есімі аталатын Иоглық тегінді серілікті әдет қылған ойшыл кісінің бірі, өзі ғажайып

аңшы, мерген, атты күтіп ұстайтын бапкер, сонымен қатар ақын-жырау болған" деп атайды. (Жұлдыз 1983)

Қазақта "сал" және "сері" сөздері қатар айтыла береді. Яғни, кейде "сал" сері орнына, "сері" сал орнына. Негізінен, қызметі жағынан айтарлықтай ерекшеліктер байқалмағандықтан халық арасында біріктіріп көрсету әдетке айналған. Дегенмен, салдардан серілерді айырып көрсететін екі нәрсе бар екендігін Е.Тұрсынов: "Біріншіден, серілердің жүріс-тұрысында көзге ерсі көрінетін қылықтары болмағандығы. Серілердің бойында алғырлық, кербездік, жомарттық, ақындық, сыпайыгершілік бір жерден тоғысатын. Ерсі қылық, ерсі мінез көрсету серілерде болмаған. Киімдерінің етек-жеңі жинақы, ерсіліктен тіпті аулақ болатын, әрі қымбатты заттардан, әрі алыстан көз тартарлықтай етіп, әрі сымбатты көз жанарын қандыратын үлгімен тігілетін. Екіншіден, репертуары салдардың репертуарынан едәуір аз болатын. Серілер лирикалық әндер, мақтау өлеңдерін шығарып орындайтын, айтыстарға түсетін. Ойын көрсету, фокус көрсету, күреске түсу, өлең айтқанда актерлік қимылдар жасау серілерде болмаған. Өлең айтқан серінің қимылдары жинақы әрі кербез болатын, жүріс-тұрысында паңдықтың белгілері сезілетін"-дейді. (Тұрсынов Е.Д. 1976: 147-148).

Дегенмен ғалымның сөзіндегі серілер репертуары аз деген пікірге кішкене келіңкіремейтін сияқты. Өйткені, серілер өзі күйші, өзі әнші, өзі ақын, өзі композитор, өзі шебер, өзі мерген, өзі балуан, өзі шешен, өзі батыр, өзі ер, шабандоз бір сөзбен айтқанда сирек жаратылыс, сирек бітімді біртуар азаматтар болғаны тарихтан аян. Бір сөзбен айтқанда, олар бір өзі бір театр жұмыстарын атқарған. Яғни, бұл музыканттар бір тұлғаға әншілерді, композиторларды, әртістерді, сиқыршыларды, бишілерді біріктірген. Олар жастардың арасында топпен ауылдар кезіп және әрдайым той думанның басында жүрген. Серілердің де бірнеше күрделі типтік ерекшеліктері бар екенін біз зерттеу барысында байқаймыз.

Марғұланның айтуынша сал мен сері бір типті емес, екеуі алуан түрлі дәстүр өрнектерін білдіреді. Олардың бірінің бірінен өзгешелігі тұрмыс көрінісінде, типінде. Ең алдымен "сал", "сері" деген сөздер қалай туған, соған келейік. "Сал" – Европа тілімен айтқанда, эксцентрик немесе өз бағымен жүретін бір алуан адам. Оның бар арманы – сылқымдық, кербездік, киімді әдемі киіну, өзімен қатар жүретін адамның бәрінен де қылығымен де, қылығымен де артық болып асып-түсу. Ертоқымның өзі де басқаныкіндей болмайды, алтынмен, күміспен өрнектеліп, ерекше салтанатпен жасалады. "Сал" сөзі киімді салпандатып кең тігуден шыққан. "Сал", "салпаң" ұғымы осыны білдіреді. Ал, "сері" деген сөз салдықтан бүтіндей басқа. Екеуінің қосылар жері екеуі де ақын, күйші, екеуіне де ортақ болатыны музыка аспаптары. "Сері" сөзі серпілуді, бой жазу, шалқу, асқақтау деген ұғымды білдіреді. Сері оқымысты кісілер арасында көп болған. Олар жақсы көрген қыздарға салдар сияқты іздеп бармайды, хатпен жұмбақ жазысады. Ерте кезде жасаған серілер көбінесе хан ордасында болып, ойын-сауықтар құратын. Мәселен, Жошы ханның, басқа да хандардың серілік құрған тұрмысы жайлы Әлкей Марғұлан деректер келтірген. (Марғұлан Ә. 2007:427) А.В. Затаевичтің зерттеуінше, "Сери были детьми "белой кости", богатыми, но эксцентризм их не принимал таких крайних форм", – деп жазды. (Затаевич А.В. 1963) Серілер ең алдымен атақты мерген, екіншіден, сұңқармен, лашынмен, тұйғынмен құс ілгізген саятшы, тұлпар аттың ең жүйрігін қадірлеп баптаушы тұлға.

Салдардың да, серілердің де негізгі тақырыбы махаббат, жастық шақтың қызығы, той-думан, шаттық көңілді жырлау болып табылады.

Сал-серілер – қазақ халқының мәдениетінің маңызды тұлғалары. Е.Тұрсыновтың пайымдауынша суырып салма ақындар, эксцентриктер, сиқыршылар, әншілер мен думаншылар сияқты ауыз әдебиеті дәстүрлерін жеткізуші типтер қазақтардан басқа түркі тілдерінде сақталмаған. (Тұрсынов Е.Д. 1999:201). Сал-сері - бұл дала әзілқойы, қалжыңқойы, жайдары күлдіргішісі, оларсыз еш ойын-сауық өтпейтін. Оның айтқанының бәрі де кешірілетін. Ол тек шындықты ғана айтып қоймай, ойына келген әрекеттерді істейтін. Ғалым сал туралы былай деп жазады: "сал киген киім басқалары киетін киім сияқты емес. Егер ондай киімді басқалары киетін болса, ол оны тастайды да, қымбат матамен астарлап қатты кигізден киім тіктіреді; сонымен қатар салдардың киімінің кең болғандығы соншалықты, бір балағына адам тұтастай сыйып кетеді". (Бақтыбаева А.Т. 2007: 314)

19 ғасырдың салы Біржан Қожағұлұлының (1884-1897) сөзін көріп-естігеннің айтуынша "ол киген киім сол кездері барлығының киімдерінен айрықшаланатын". (Бақтыбаева А.Т. 2007: 314) Кейде жай адамдардан да ерекшелену үшін салдар қыз киімін де киіп алады екен.

Белгілі сал Жаяу Мұса ашық қызыл матадан тігілген кең көйлек киген екен. (Тұрсынов Е.Д. 1999:201). Е.Тұрсыновтың сал-сері типінің қазақ халқында ғана сақталған деген пікірі олардың шынында осындай бірнеше ерекшеліктеріне қарап айтылған көзқарас болса керек.

Көне дәуірдегі ақындық дәстүрде сал-сері деген айтылмыш тарихи деректер болмағанымен өнердің бұл түрінің генезисі сонау тұрмыс-салт жырларының бір құрамды бөлігі екендігі, оның және өнер тармағына бертін бөлініп шыққанына ешкім шүбә келтірмесе керек. Керісінше, Орта Азия, орыс, Сібір, орта ғасырдағы Европа, көне шығыс тарихында сал, серіге ұқсас ақындық салт болғандығы мәлім.

Туыстас және шетел фольклорында бұл типтес өнер адамдарының өз ұлттық театрын қалыптастыру барысында бірнеше атаулармен көрсетілетінін атап өту қажет. Фольклорлық театр дамуында жанрлық тұлға мен шығармашылық тұлға біртұтас болған. Қазақ сал-серілеріне келетін орыстардың "скоморох-тары" және тәжік, өзбектердің "масхарабоздары", "қызықшылары" бұл халықтардың ұлттық театрды қалыптастырудағы жеткізген жетістіктері деуге болады. Өйткені Тәжік зерттеушілері "Масхарабоздар" құрамының бір бөлігіне музыканттар труппасы, қуыршақ пен дарда жүрушілер, уағыз айтушылар жатса, екінші басына 3-4 адамнан өз алдына құралған топ жататындығын көрсеткен. (Нұржанов Н.Х. 1985:51-82). Ал, өзбек зерттеушілері фольклорлық театрды жанрлық тұрғыдан зерттеуде масхарабоздар мен қызықшылар ойынын бөлек-бөлек қарастырған. Масхарабоздарды олар "тоқлид, мукаллад, күлкі-хикая" деп бөлген. Аталған терминдерге М.Х. Қадыров мынадай сипаттама берген: "Тоқлидке жататын шығармалар көпшілік еңбекшілер мен билеуші топтар арасындағы дәуірдің әлеуметтік қайшылықтарын көрсетеді. Мукалид термині осы сахнада шығатын халық орындаушысының жанрын анықтауда қолданылады." (Қадыров М.Х. 1985:81). Ал, орналасу территориясына қарай масхарабоздар мен қызықшыларды М.Х. Қадыров хорезмдік, бұхаралық масхарабоздар және ферғаналық қызықшылар театры деп іштей бірнеше салаға тарамдаған.

Ал, тәжік фольклорлық театрының зерттеушісі Н.Х. Нұржанов "масхарабоз", "қызықшы" деген терминдерді іштей жанрлық түрлерге бөлмей, жалпылама қолданған.

Еуропа және орыс ғалымдарының жонглер, шпильман, карнавал, скоморох, балаган, медведь, клоун сияқты ұлттық театрды дамытудағы кейіпкерлері біздің сал-сері типтеріне ұқсас. Әсіресе, скоморох - ақын, әнші, өнерпаз. Бірақ оған жанрлық тұрғысынан басымырақ қарағандықтан, ақын-әнші деп аталынбаған. Мәселен, скоморохтар бірнеше болып бірігіп, топ құрап, ел аралап өнер көрсетуі тұрғысынан, жалпы іс қимылы жағынан қазақтың сал-серілеріне ұқсайды. Бірақ олар сал-серілердің өлең айтудан гөрі әр түрлі ойын көрсететін сауықшылдығымен ерекшеленеді. "Скоморох" сөзін арабтың "маскара" сөзінен шыққан дейді. "Қалжың, қылжақбас" деген мағынаны береді. (Бактыбаева А.Т. 2007: 313)

Бүгінгі қазақ кәсіби театрлардың бастау көзі сал-сері типтерінде жатқан іспетті.

1. Әбіл Ж. Қазақ комедиясы. – Алматы: Ғылым, 2000. – 272 б.
2. Әсемқұлов Т. Егемен Қазақстан. Қылышымның майын бер! – Алматы, 2010.
3. Марғұлан Ә. Жұлдыз журналы. №9. Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер. – Алматы, 1983. – 177 б.
4. Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 200 б.
5. Марғұлан Ә. Шығармалары. – Алматы: Алау, 2007. – Т.2 /427. 3000 экз.
6. Затаевич А.В. Қазақ халқының мың әні. – М., 1963.
7. Тұрсынов Е.Д. Возникновение бақсы, акынов, серэ и жырау. – Астана, 1999. – 201 с.
8. Бактыбаева А.Т. Kazakistan ve Türkiyenin ortak kültürel Değerleri Uluslar arası sempozyumu. Қазақ халқының күлкі дәстүрі. – Алматы, 2007. – 312-315 б.
9. Нұржанов Н.Х. Таджикский традиционный театр // Фольклорный театр народов СССР. – М.: Наука, 1985. – 51-82 с.
10. Қадыров М.Х. Своеобразие школ узбекского театра масхарабозов и кизикчи // Фольклорный театр народов СССР. – М.: Наука, 1985. – 83-114 с.
11. Азамат Т. Сал-серілік дәстүр арқылы этномәдени тәрбие беру. – Павлодар: Кереку баспасы, 2008. – 154 б.
12. Исмаилов Е. Ақындар. – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957. – 402 б.

Түйін

Ұлттың ұлт болып қалыптасуы ғасырлардың дамуымен байланысты. Уақыт оған себепші. Бір замандарда халық қажеттілігінен туған дәстүрлер, келе бере өнер түрлеріне айналды. Ұлттық театрда соның бір көрінісі. Дәстүрлердің дамуы бүгінгі сахнаның жетістігі. Зерттеуімізге негіз болған көңіл-күй салтанатын тудырған сал-серілер образының тамыры тереңде. Бір басына бірнеше өнерді меңгерген аталмыш тұлғалар хақында мақаламызды өрбітеміз.

Резюме

Развитие народа зависит от развития столетий. Время ему свидетель. В свои времена традиции появившиеся благодаря народным потребностям, постепенно перешло к видам искусства. Народный театр является одним из его проявлений. Развитие традиций и есть сегодняшнее достижение театра. Основанием к исследованию стала образ Сал-сер основанная на традиции развлечения. Статья предназначается вышесказанным героям, владевшие сразу несколькими навыками искусства.

Summary

Development of the nation depends on the development of the centuries. The time him witness. At the time of their tradition emerged through consumer has moved gradually to kind of art. People's Theatre is one of its manifestations. Development of traditions today is the achievement of the theater. The basis for the study was the image of Sal-ser based on the tradition of entertainments. The above of article is meant to heroes who owned several art skills.

«АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫНЫҢ» ТАҒЫ БІР ҚЫРЫ

Г.Б. Тоқшылықова – Абай атындағы ҚазҰПУ, қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы

Филологиялық терең білімнің иесі, қазақтың ғалым қызы Шәмшиябану Сәтбаева кеңес дәуіріндегі қазақ ғылымының жан-жақты, қарқынды дамуына ерекше үлес қосты. Ш.Сәтбаева филологиялық терең білім иесі деп бекер айтып отырған жоқпыз. Ғалымның жуырда жарық көрген бес томдық шығармалар жинағын (Астана, «Елорда» баспасы, 2010) бір шолып шыққан жанның өзі Ш.Сәтбаеваның қазақ әдебиеті тарихындағы іргелі, өз кезеңіндегі өзекті мәселелерді сөз еткендігін бірден аңғарады. Қазақ әдебиеті тарихында «бес арыс» атанған ақтандақтарымызды ақтап алу, олардың шығармашылық мұрасын зерттеу, жариялау, ғылыми ой-пайымдауларын білдіру секілді маңызды жұмыстарды ғалымның абыроймен атқарғаны белгілі. Соның нәтижесінде Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Міржақып Дулатұлы еңбектері Ш.Сәтбаеваның алғысөздері, түсініктемелерімен жарық көрді.

Ш.Сәтбаева қазақ әдебиеттану, әдебиет тарихы ғылымындағы көптеген іргелі мәселелерді сөз етіп қана қоймай, қазақ әдебиетінің шығыс, батыс әдебиетімен де көпғасырлық әдеби байланысын зерттеп, зерделеген. Абай, Шоқан, Шәкәрім шығармашылығын зерттеуде жалаң алып қарастырмай, олардың зерттеу нысанын анықтап алып, орыс әдебиетімен, шығыс әдебиетімен, Батыс Еуропа әдебиетімен байланысына тереңдеп талдай отырып тоқталуының өзі көп нәрсені аңғартады. Бұл ғалымнан көп тер төгумен қатар терең энциклопедиялық білімді, биік эрудицияны, үлкен қажырлылықты талап ететіні түсінікті. Қазақ ауыз әдебиеті мұраларынан бастап, ХУІІІ ғасырдағы, ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы мәселесін, оған қоса жекелеген әдеби тұлғалар Абай, Шоқан, Ыбырай, Сегізсері Шақшақов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Ілияс Жансүгіров, Жұмағали Саин, Қайнекей Жармағанбетов, Әнуар Дербісалин сынды ғалым, ақын-жазушылардың шығармашылығын жан-жақты сөз етеді.

Шығыс әдебиетінен Фирдоусидің «Шах-намесімен» қатар, Сағди, Жәми, Хафиз, Низами, Науаи шығармашылығына талдау жасап, оның қазақ әдебиетіне тигізген әсері, қазақ тіліне аударылуы, насихатталуы, қазақ-шығыс әдеби байланысы мәселесі айтылады. Шығыс халықтары арасында кеңінен танылған «Бозжігіт», «Сейфүлмәлік», «Жүсіп-Зылиха», «Мұңлық-Зарлық», «Тахир-Зухра» дастандарын Орта Азия халықтары арасында кездесетін басқа да нұсқаларымен салыстырып, тақырыптық, идеялық, көркемдік ерекшелігіне ғылыми анализ жасайды. Ш.Сәтбаева қазақ ғылымындағы шығыс әдебиетін зерттеуді бастаған бірден-бір ғалым деуге болады. Орыс әдебиетінің алыптары Л.Н. Толстой, Г.В. Плеханов, А.М. Горький, украин ақыны Т.Шевченко шығармашылығы да ғалым назарынан тыс қалған жоқ.

Ал біздің негізгі айтпағымыз – сан-салалы білім иесінің көне дәуірдегі грек-рим әдебиетінің терең білгірі екендігі. Ш.Сәтбаеваның 1972 жылы «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-еуропа әдеби байланыстары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғағаны белгілі. Ғылыми маңызы зор бұл іргелі еңбекке өз уақытында «Дружба народов», «Простор» журналдарында лайықты бағасы берілді. Жалпы Ш.Сәтбаева антика әдебиетін тікелей зерттеу объектісі етпесе де, Абай мұрала-рындағы, Ш.Уәлиханов еңбектеріндегі антикалық сюжет, образдар мәселесіне тоқталу арқылы өзінің осы саладағы мол білімін көрсетеді.

Көне дәуірдегі грек-рим әдебиетін, тарихын, мәдениетін зерттеуші қай ғалымның пікіріне сүйенсек те, айтылатын ой біреу, бүгінгі дамыған, гүлденген Еуропа мәдениетінің қазығы, іргетасы – антика мәдениеті, ежелгі грек-рим мәдениеті қалдығының негізінде еуропалық мәдениет қалыптасты. Сол еуропалық мәдениетті, соның ішінде антикалық әдебиеттің інжу-маржандарын қазақ халқы да ертеден игерді деп айтуға болады. ХІХ ғасырдың өзінде антикалық мәдениет пен әдебиет «қазақтардың рухани, ғылыми және әдеби өміріне келіп, орнығып, сіңіп, дала сахарасының қажеттерін, мұқтаждарын, мүдделерін өтесуге қызмет етті. Антикалық әдебиет байлығын қазақтардың рухани азықтарының

біріне айналдыруы, шығармашылық қатынасы – қазақ әдебиетінің әлем әдебиетімен байланыстарының аса бір мәнді, өнімді саласы» [1,125] болды. Оның көшбасында ғылымда «құйрықты жұлдыздай жарқ етіп» танылған ғалым Шоқан Уәлиханов тұрды. Антикалық дүниемен Сібірдің кадет корпусында оқып жүргенде-ақ таныс болған Шоқан Петербург архитектурасында ғана емес, халықтың рухани өмірінде де грек мифологиясының ерекше үлгілері маңызды орын алатынын байқаған. Сондықтан да Шоқан еңбектерінде антикалық әдебиет үлгілерінің, символды образдарының, аңыз, кейіпкерлерінің, ақындары мен ойшылдары пікірлерінің түйдек-түйдегімен кездесіп отыруын ғалым Ш.Сәтбаева табиғи, заңды дүние деп қабылдайды. Бұл мәселеге «Ш.Ш.Уәлиханов еңбектеріндегі антикалық әдебиеттің көркемдік бейнелері» деген мақаласында тереңірек үңіліп, Шоканның ежелгі дәуір мұраларын, грек мифологиясын жетік білгендігін жан-жақты талдап көрсеткен. Ш.Уәлиханов қазақтың халық поэзиясын сөз еткенде, қырғыздың «Манас» жырын талдауда Эллада ақыны Гомер жырларымен байланыста алып қарайды. Сұңғыла ғалым Жоңғарияға жасаған сапарында Алатау қырғыздарының арасында болып, «Манас» эпосының «Көкөтай ханның асы» деген тарауын жазып алғанда, «Манастың» жойқын жыр екендігін бірден аңғарып, оны атақты «Илиада» жырымен салыстырады. Яғни, жырдың мазмұнын білумен ғана шектелмей, салыстырмалы тұрғыда ғылыми пайымдаулар жасап отырады.

Шоқан халық аңыздарының үш түрлі саласына ерекше көңіл бөлген. Халық арасында кең таралған сюжет жөнінде: «Азия көлемінде бір жерден бір жерге ауысып жүретін аңыз-ертегілер, жырлар өте көп. Соның бірі «Одиссей» жырында кездесетін жалғыз көзді дәу, яғни циклоп Полифем. Бұл аңызды қазақ даласы да біледі. Жалғыз-ақ мұнда циклоп адам жейтін дәу түрінде суреттелсе, Одиссейдің рөлін Батырхан атқарады» десе, қазақ поэзиясы жөнінде: «қазақ поэзиясындағы мадақ, жоқтау, жылау, ...осы суырып салып айтатын өлеңдердің белгілі бір ұйқасы, калпы болады. Бұл өлеңдер көне Грециядағы Гомердің рапсодиялары тәрізді» деп ой қорытады [2,168].

Ш.Сәтбаева «адамзат тарихындағы тамаша дәстүрлердің бірі – ежелгі Эллада мен Рим мұраларын халықтардың игеруі» [1,131] деп тани отырып, өзінің осы антикалық мәдениеттің маңызды саласы – мифологияны терең білетіндігін көрсетеді. Шоканның білімпаздығын дәлелдеу үшін оның достарына жазған хаттарында, ғылыми мақала, заметкаларында жол-жөнекей сөз еткен немесе теңеу, салыстыру, метафора ретінде пайдаланған тіркестердің мән-мағынасын түсіндіріп, баға беріп отырады. Солардың қатарында «Еуропаны алып қашқан Зевс», «циклоп Полифем», «талас алмасы», «Троя соғысы», «құбыжық химера», «нимврод мұнарасы» секілді көптеген мифтерді егжей-тегжейлі баяндап, бүгінгі қолданыстағы тіркестерді талдап көрсетуін айтуға болады. Бұл қазақ әдебиетінде антикалық фразаларға берілген бірден-бір ең алғашқы түсініктеме, мазмұндау десек қателеспейміз.

«Сонау қайта өрлеу дәуірінен бері антикалық мәдениет пен әдебиет туындылары, шығармалары, олардың өшпес образдары, ежелгі грек мифологиясының бейнелері өздеріне қызықтыра көңіл аударуда» дей отырып, өзі де үлкен қызығушылық тудырады. Әр дәуірде өмір сүрген әлем таныған суретші, музыкант, ақын-жазушылар шығармашылығындағы антикалық образдар көрінісіне жан-жақты тоқтала отырып, бүгінгі қолданысын сөз етеді. Шоқан қолданған аналогиялардың ғылыми негізділігін айтып, мағлұматтардың, деректердің мән-мазмұнына тоқталады.

Шоканның антик әдебиетін жақсы білгендігін Ә.Марғұлан да айтып өтеді. Өзінің «Шоқан және «Манас» атты еңбегінде Марғұлан Шоканның қырғыздың «Манас» эпосын зерттеу барысында жалаң баяндауларға бармай, скандинавиялықтардың «Үлкен Эдда», «Кіші Эдда» жырларымен қатар, гректердің, нақтылай айтқанда Гомердің «Илиада», «Одиссей» жырларымен салыстыра отырып, талдаулар жасап, ғылыми пайымдаулар жасағандығын келтіреді.

Яғни, қазақ халқы үшін антика дүниесі, мұралары таңсық емес, ол XIX ғасырдан бастап тарала бастаған. Шоқан бастаған бұл дәстүрді кейін Абай, Ыбырайлар дамытып, жарасымды жалғастық тапқан.

Үнемі рухани ізденісте болған Абай ақын шығармаларында антика әдебиетінің классикалық үлгілері жиі кездесіп отырады. Абайдың 27-қарасөзінде грек ойшылдары Аристотель, Сократ, Гомер, Софокл, Зевксис есімдері құрметпен аталады. Ол Сократ туралы шағын трактат жазса, «Ескендір» поэмасы арқылы Александр Македонскийдің, Аристотельдің көркемдік бейнесін жасады. Эллиндік мұраның Абай ақын шығармашылығындағы орны жөнінде заңғар жазушымыз М.Әуезов: «Абай аңызды Еуропа тарихы мен мәдениетінен өзі білген Александр Македонский жайына қарай бейімдейді. Тарихтағыдай оның астанасы – Македония шаһары болды және де тарихтық деректер бойынша ертегілік Қызырдың орнына Ескендірдің тәрбиешісі болған философ Аристотель кіреді. Оған

ақылшы болған Аристотель өзінің әмірші патшасынан сонағұрлым биікте, анық қасиет иесі боп суреттелді» деп жазады [3,61]. Қазақ даласында XIX ғасырда басталған антик мұраларымен танысып, зерттеп, зерделеу әлі күнге жалғасын тауып жатқандығы, ешқашан толастамайтындығы ғалым Ж.Әскербекқызының: «Антик дәуірінің әдебиеті – әлемдік даңқты туындылардың бастауында тұрған мәңгілік құнды мұра. Мұндай қымбат рухани қазына қашан да адамзат игілігі болып қала бермек» деген сөздерінен анық байқалады [4,23].

Ғалым Ш.Сәтбаева Абай мұраларындағы антикалық мәдениет көрінісін сөз еткенде орыс қоғамында жоғары бағаланған грек-рим мәдениетінің Абай назарынан тыс қалуы мүмкін еместігін дәлелдеп отырып, эллин классикасының үлгілері әсіресе, Абай қарасөздерінде жиі кездесуін «ежелгі гректердің эстетикалық мұраттары қазақ ақынының ізденіс-толғаныстарына үндесе үйлеседі» деп таниды [1,270]. Абай қарасөздері арқылы қазақ халқы грек ойшылдары мен өнер иелері арасынан Сократ, Аристотель, Гомер, Софокл, Зевксисті танып, білді. Абайдың атақты поэмасы – «Ескендірдің» сюжетінің өзі грек қолбасшысы Александр Македонскийдің өмір жолынан алынғандығы белгілі. Осы тұста ерекше атап көрсетер жайт, Ш.Сәтбаеваның Абай жырлаған «Ескендір» поэмасының басқа шығыс ақындары жырлаған мотивтен бөлек, халық аузындағы аңызға емес, шындыққа сай келетіндігін дәлелдеп көрсетуі.

Шоқан мен Абай еңбектеріндегі антикалық көріністерді талдап, түсіндірумен қатар, Ш.Сәтбаева гректерде «эпос атасы» ретінде танылған Гомер, «тарих атасы» – Геродот, рим ақыны Квинт Гораций Флакк жөнінде де бұрын-соңды қазақ әдебиетінде сөз болмаған тың мағлұматтарды келтіреді. Атап айтқанда, Гомердің өмір сүрген дәуірі, оның эпикалық туындыларының туу тарихына, поэмаларының көркемдік ерекшелігіне, құрылысына, орыс тіліне аударылу мәселесіне тоқталып, осы тұрғыдағы А.С.Пушкин, В.Г.Белинскийдің т.б. ғылыми пайымдауларына баға беріп отырады.

Бүгінгі қазақ ғылымында антикалық мұралар, соның ішінде Гомер поэмаларының көркемдік ерекше-лігін зерттеу мәселесі кеңінен қолға алынып отыр. Соның қатарында зерттеуші Р.Тасқынғалиқызының Гомер поэмалары мен қазақ эпостарының типологиялық ұқсастықтарын ажыратып, екі жырдың да фольклорлық негізі бар екендігін дәлелдеген еңбегін атауға болады [5]. Р.Тасқынғалиқызы бұл еңбегінде қазақ және грек поэмаларының арасындағы ұқсастықты белгілеп, Гомер поэмаларындағы эпостық поэтикаға тән көркемдік тәсіл, оның стадиялық ерекшелігін, жанрлық синкретизм, эпикалық дәстүр секілді мәселелерді сөз етеді.

Ш.Сәтбаева сақтар туралы құнды мәлімет қалдырған тарихшы Геродоттың «Тарих» еңбегіне, оның 9 музаға бөліну ерекшелігіне тоқталады.Ежелгі гректерде Зевс пен есте сақтау қабілетінің құдайы Мнемозинаның ғылым мен өнерді жақтайтын 9 қызы – музалар деп аталды. Атап айтар болсақ, Каллиопа – эпикалық поэзия музыкасы; Эвтерпа – лирика; Эрато – махаббат әндері; Мельпомена – трагедия; Талия – комедия; Терпсихора – би; Клио – тарих; Урания – астрономия; Полигимния – қасиетті гимндер музыкасы. Бірақ автордың өзі қалай бөліп, қалай атағандығы бізге белгісіз. Тағы бір ерекше тоқталатын жай – Ш.Сәтбаева Геродоттың көп ретте тарихшы ретінде еңбегі еленіп, бағаланып, әдебиетпен байланысы қалыс қалатындығын дәл тапқан. Аристотельдің Геродотты «ертегіші» деп атағандығын орынды ескерте отырып, оған көркем сөз шебері ретінде жоғары баға береді. Римдік ақын Горацийдің Ресейдегі танымалдылығы, оған ақын-жазушылардың, әдебиеттанушы ғалымдардың берген бағасына сараптама жасай отырып, Горацийдің тарихи тұлғасын анықтап, оның шығармашылығына берілген екіжақты көзқарастың себебін анықтауға тырысады.

Ш.Сәтбаеваның мақалаларында ғылыми дәлділік, деректілік, көпшілік біле бермейтін соны материал-дарды ғылым қажетіне жаратып отыратыны байқалады. Оған әрине ғалымның тек туған әдебиеті тарихын ғана емес, батыс, шығыс, орыс және туған әдебиетін терең білгендігі септігін тигізгені айқын.

Нағыз ғалымдар мен талантты жазушылардың еңбектеріне терең бойлай оқу, зерттеу қажеттігін үнемі басты назарда ұстап, өзі сүйсіне қолданатын «Ұлы адамдардың ойларына бойлау – нағыз қызғылықты ғылым» деген Пушкин афоризмін бүгінде текті әулеттің текті ұрпағы болып өткен Ш.Сәтбаеваның өзіне қатысты қолдансақ артық болмайтын секілді.

1. Шәмшиябану Сәтбаева. *Бес томдық шығармалар жинағы. – III-том. – Астана, Елорда, 2010. – 130-бет*
2. Уәлиханов Ш. *Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 168-бет.*
3. Әуезов М. *Таңдамалы шығармалар жинағы. – IV-том.*
4. *Антик заман драматургиясы. Эсхил, Софокл, Еврипид, Аристофан, Менандр. «Әлем әдебиеті»*

кітапханасы. – Астана: Аударма, 2009.

5. Риза Тасқынғалиқызы. Эпос. – Ұлағат, 2009, №5. – 11-23-беттер.

Тірек сөздер: антика әдебиеті, эллин, Эллада, Батыс Еуропа әдебиеті, грек мифологиясы.

Резюме

В этой статье рассматривается историческое значение и место античной греко-римской литературы в казахской литературе. Также говорится, что известный казахский ученый Ш.Сатбаева была хорошим знатоком и аналитиком античной литературы. Это подтверждается многими научными статьями про Абая и Шокана.

Ключевые слова: античная литература, эллин, Эллада, литература Западной Европы, греческая мифология.

Summary

This article discusses the historical significance and place of the ancient Greco-Roman literature in Kazakh literature. It is also said that the famous Kazakh scientist Sh.Satbaeva was a good scholar and analyst of ancient literature. This is confirmed by many scientific articles about Abay and Shokan.

Keywords: ancient literature, Hellene, Hellas, the literature of Western Europe, Greek mythology.

ОЙЫН-ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ДИАЛОГТЫҢ КӨРІНІСІ

П.Адиева – А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, ф.ғ.к.,

Доктор Фатма Ахсен Тұран – Гази университеті, доцент

Балалы үй – базар. Бала тәрбиесіне ыждаһаттықпен көңіл бөлген қазақ қай кезде де ұлттық болмыспен үлгі көрсете білген. Ата-бабамыз ұрпағын мейірімділік пен сүйіспеншілікке баптау барысында халық мұраларына сүйенген. Олар – өлең, жыр, ертегі үлгісіндегі ұлттық байлығымыз. Жазу, сызу болмаған тұста халықтың сөз байлығы болашақ жеткіншектің дамуына әсер еткен құндылық болды.

Бесік жыры, жаңылтпаш, санамақ, ертегі, мысалдар мен өтірік өлеңдерден басталып, эпостық шығармаларға дейінгі бүкіл құндылықты бойына сіңіріп, толыққанды азаматқа айналған. Бүгінгі таңда технология дамыды. Балалар машина арқылы бүкіл жаңалықты меңгеріп отыр. Бірақ оның өскелең бала үшін қандай зарары барын ұрпақ та және оны тәрбиелеп отырған ата-ана да сезер емес, немесе сезгісі келмейді. Зерттеу мақалада баланың дамуына әсер етуде маңызды болып табылатын ұлттық ойындардың диалог арқылы әсерінің көріністерін нақты тәжірибеге сүйене отырып дәлелдеуге тырысамыз.

"Балалар фольклоры дегеніміз – халықтық шығармалармен бірге туып, бірге жасасып келе жатқан бала тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың өнер тәжірибесінен туған игі ісі, соның игі жемісі. Балалар психологиясы - тек балалардың психологиясымен, олардың жас ерекшелігімен санасудан туған және оларды тәрбиелеу ісінен шыққан игілік" (1, 14)

Ойындар ақыл мен ойды шыңдайды. Әсіресе, диалогтық ойындардың балалар үшін маңызы зор. Диалог қазақ халқының бірқатар ойындарында елеулі қызмет атқарады.

Сөзге құрылған ойындардың ішіндегі ең танымалы “Ұшты-ұшты” ойыны. Ойын жүргізуші мен ойнаушылар арасында өрбиді. Ойынның шарты: “Ойын жүргізуші ұшатын зат пен ұшпайтын затты ұйқастырып айтып ойнаушыларды ылғи да жаңылдырып отыруға тырысады. Тіпті көпшілікке таныс емес құстардың атын айтып та ұшатын жәндіктердің атын айтып та, жаңылдыруға болады. Мысалы, ұшты-ұшты – кекілік ұшты, ізінше, кекік ұшты, қарға ұшты – сырға ұшты, уық ұшты, қаршыға ұшты – ебелек ұшты, тауық ұшты, уық ұшты, қаршыға ұшты – қанжыға ұшты... деп жалғаса береді” [2, 58 б.].

Ойында қателескен ойыншы жазаның орнына тақпақ, өлең, ән орындайды. Сол сияқты “Шымбике” ойынында диалогты жүргізуші ақсақ кемпір болады. Ойын ойнаушы жастар кемпірге қарап:

- Шым-шым, шымбике!
- Шымылдығыңды құр, бике!
- Ақсақ кемпір тоңқылдақ,
- Бұрама темір солқылдақ, мына судан қайтіп өтемін, - дейді.

Ойын жүргізуші (ақсақ кемпір): — Ақсақ кемпір тоңқылдайды, бұрама темір солқылдайды – көйлегінді салып өт, - деп әмір етеді. Осыны естіген ойыншы алдыға бір рет секіреді де, тағы да: мына судан қайтып өтемін, - дейді. Сонда ақсақ кемпір: тоныңды салып өт! – Тағы секіреді. “Мына судан қайтіп өтемін”. “Қалпағыңды салып өт”. Төртінші рет секіргенде ақсақ кемпір қолынан ұстап өткізіп алады да: “Неше аяқ көже ішесің” - деп сұрайды. “Төрт аяқ”. “Отыр!” Отырғызып қояды [2, 59 б.].

Қазақтың балаларға арналған ойын өлеңдерінің даму тарихы туралы зерттеулер да тым мардымсыз.

Біз бұл сипатты балалар ойындармен аралас келетін өлеңдерден де байқаймыз. Олардың көпшілігінің халықтың әдет-ғұрпымен тамырласа байланысып жататыны белгілі, ал кей біреулері балалар арасына үлкендер мен балаларға ортақ болып келеді. Мұнда өлеңдер бірде ойындағы әрекеттің басталуының алғы-шарт болып келіп, қайырма ретінде қайталанып келсе, енді бірде ойынның басынан аяғына дейін қозғаушы күш ретінде әрекет етеді, ойыннан тыс өмір сүрмейді. Ойын арасында келетін өлеңдер көбінесе диалог ретінде келіп, хормен айтылады. Оның айқын үлгісі қазақ балалары арасында ең көп тараған “Айгөлек” ойынынан көрінеді. Біздің жоғарыда бөлген екінші тобымызға осы ойын мысал болады.

Ойыншылар екі топқа бөлініп, әрбір топ аралары 20-30 қадамдай аралықта бір-бірлеріне қарама-қарсы қарап, қол ұстасып тұрады. Ойынды бастайтын топ хормен:

Айгөлек-ау, айгөлек
Айдың жүзі дөңгелек
Ақ терек пен көктерек
Шауып алдым бәйтерек
Бізден сізге кім керек? - десе

екінші топтың ойыншылары да хормен

Айгөлек-ау, айгөлек
Шауып алдым бәйтерек
Анау тұрған пәленнің
Қақ басы керек- деп өздері
Ақ терек пен көктерек
Шауып алдым бәйтерек
Анау тұрған пәленнің
Қақ басы керек

- деп айтылады – [3, 109-110 б.б.] деп айтылады. Қай халықтың болмасын балалар ойындарының композициялық құрылысына назар аударсақ, олардың басым көпшілігінің өлеңмен өрнектеліп келетінін байқау қиын емес. Халық ойындарының алғашқы және соңғы академиялық жинағында В.Вседоловский-Гернгросс мұндай ойындарды “өрнекті ойындар” (орнаментальный игры) деп топтастырады [4, 15-16 б.б.].

Үшінші топқа жататын адам санына шек қойылмайтын ойын түрлері міндетті түрде көпшіліктің көмегімен бітеді. Неғұрлым адам саны көп болған сайын ойын да қызық бола түседі. Ұлт ойындары ертеден-ақ, жалпы этнографиялық әдет-ғұрыптармен бірге дамып жетіліп, ендігі жерде өз алдына зерттеуді қажет ететін еңбек екені белгілі. Жоғары да көрсетілгендей ұлт ойындары Қазақстан жерінде ең алғашқы хандықтардың пайда болып қалыптасуы мен бірге өзінің даму сатысының ең жоғары шегіне жетті де, халықтың шығарған “хан жақсы ма?” ойынымен тоқтады. “Хан жақсы ма?” ойынының шығуы қазақтың ұлт ойындарының ең ақырғы кезеңі. XVII ғасырдан бастап, яғни Қазақстанның Россияға қосылуы дәуірінен бері қарай тарихи даму емес, тек кезіндегі шыққан халық ойындарын үйрету – жаттығу ретінде қайталанып отырды. Себебі XVII ғасырдан XX дейін қазақ хандықтары өмір сүрген дәуірде ойындары жаңа кезең алып дамитындай тарихи өзгеріс бола қойған жоқ. Әсіресе, “Үй үстіндегі кім?” [2, 66 б.], “Атқаума” [2, 67 б.] ойындары нағыз диалогқа құрылған, сұрақ-жауаптан тұратын ойын екені көрініп тұр. Қарап отырғанымыздай қай ойынның түрін алсақ та қорытындысы немесе айыпты ойыншы міндетті түрде өнер көрсетуі керек. Кейде хормен, кейде екі адаммен немесе екі топқа бөлініп орындалатын ойын түрлері қара сөзге де, өлең сөзге де лайықталып жасалатынын жоғарыдағы мысалдар арқылы көрдік. Сол сияқты “Тапшы кімнің дауысы” ойынындағы барлық ойыншылар хормен:

Секір-секір деген кім,
Білгіш болсаң таба ғой,
Тауып ал да, өзің кеп,
Сол орынға тұра ғой,

- деп, өлеңдетіп шеңберді айнала қозғалып тұрады. Хор айтылып біткен соң, ойын басқарушы белгілеген оқушы “секір-секір” - дейді. Айтылып болған соң, басқарушы ортадағы тұрған баланың көзін шешеді. Ол “секір” деп айтқан баланы іздеуге кіріседі. Тапса, айтқан бала ортаға шығып, ойын басқарушы көзін байлайды. Егер таба алмаса, өзінің көзі қайта байланады [2, 72-73 б.б.]. Балаларға арналған “Айгөлек” ойыны да өлең сөзге құрылған диалог екенін ескерте кеткен жөн.

Дүниеге сәби келеді. Оған бүкіл бір ауыл ғана емес, іргелес өрістес ауылдардан қыз, бозбала келіп шілдехана жасайды. Яғни осы күнде шоғырлану жүріп жатыр, жастар шоғырланып, әшекейлі ақ үйде қыз-келіншек, бозбала араласып отырып ән салады, жарық дүниеге келген кішкентай адамның ғұмырлы, бақытты болуына тілектестігін өлеңмен тапқақтап, әнмен әсемдеп айтады. Бұл кеште қос

ішекке тіл бітірген күйші де, тыңдаушыларын тамсандырған әнші де өнер көрсетеді. Осының бәрі “Дала театрының” сипаты. Нәрестені алғаш бесікке бөлеу кезі де қызықты той – сауық түрінде өткен. Онда да өнер жарысы қызып, өнерпаздар сынаққа түскен. Ж.Әбіл бұған “диалог комедияның шоғырлануы” деген терминді алып келді. “Шоғырлану – диалог комедияның қалыпты нормаға түскен түрлерін туғызады [5, 65 б.]. Ғалымның айтқысы келгені ырым-нанымдық, салт-ғұрыптық рәсімдердің шоғырлануы жанрлық шоғырлануды туғызбайтынын, тек оның міндеті – жанрларды түрлендіру екенін түсіндіреді. Балалар біздің ертеңіміз. Сондықтан баланың дұрыс өсіп-қалыптасуы ата-анаға байланысты. Ол үшін баланың өсу қабілетін туылғаннан оята білу керек. Әрине, бұл дәстүрге байланысты бесік жырын айтсақ болады. Сөзіне түсінбегенмен, әуеніне құлақ түріп жататын бала осы әнді айтқанда тынши қалатыны сөзсіз. Дегенмен, біздің тікелей тақырыбымызға бесік жыры, сәбилік ғұрып өлеңдер мысал бола алмайды. Себебі, бұл өлеңдердің құрылысы баяндауға негізделеді. Осы тұста Б.Уахатов “...балаларға арналған өлеңдер өзінің жасалуы, әдіс, құрылымы жағынан екі түрлі болып келеді. Мұның біріншісі – төкпе сөз түрінде келетін “Әлди, бөпем” тектес арнау өлеңдері де, екіншісі – оқиғалы желіге құрылған өлеңдер тобы” – [6, 85 б.], деп пікір айтады. Айтылған пікірдің екіншісі диалогқа құрылуы әбден мүмкін.

- Айналайын баладан,

Тауып алдық даладан.

- Далада бала жата ма?

Түсіп қапты шанадан [7, 42 б.].

Осы сияқты балалардың мінез-құлқының қиялын дамыту барысында диалог өлеңдердің атқаратын қызметі зор.

Балаларға арналған диалогқа құрылған өлеңдер ғалымдар тарапынан біршама зерттелген.

К.Ісләмжанұлы: “Диалогқа құрылған формалар әсіресе әдет – ғұрып жырларында мол ұшырасады, бұл оның түп-төркінінің ырымдық (ритуалды) салттармен байланысты қырын танытса керек” [7, 75 б.] – дейді.

Бұл орайда Ю.Г. Кругловтың “Өлең диалогтар – арбаудың көне түрі. Олар адамзат табиғатты жанды деп түсініп, оларға әсер ету үшін түрлі магиялық ғұрыптар шығарған кезде пайда болған болу керек” деуінде шындық бар [4, 50-72 б.б.].

Мысал келтірейік: Қазақ халық поэзиясында диалогқа құрылған өлеңдердің мол ұшырасатынын академик З.Ахметов те атап көрсете отырып мынадай мысал келтіреді:

Ағат деген немене?

Санат деген немене?

Қанат деген немене?

Жанат деген немене?

Екі кісі ұрысса

Ағат емей немене?

Екі жақсы сөйлесе,

Санат емей немене?

Мінген атың болдырмай

Межелі жерге жеткізсе

Қанат емей немене?

Токтышақтың терісі

Тондырмаса суыққа

Жанат емей немене? [8, 50-72 б.б.].

Өлеңнің мазмұнынан байқап отырғанымыздай, насихатқа, жақсы мен жаманның паркын түсінуге тәрбиелеп отырған бұл диалог баланың болашақ өміріне де әсері зор. Егерде осы өлеңді диалог арқылы емес, жай өлең түрінде берілсе, баланың санасына жету-жетпеуі екіталай. Қойылған сұраққа жас жеткін-шектің өзін жауап бергізу арқылы диалог жасату баланың өз бетінше ойлауына, еңбектенуіне талпындырады. Демек, диалогтың қызметі бұл жерде жоғары. Тағы бір айтатын нәрсе, ойындық өлеңдерде диалогты шығарушы ата-аналар. Себебі, бір дарынды бала болмаса, негізгі ойынның авторы үлкендер болып келеді. Сондықтан зерттеуші Б.Уахатов: “Қазақта балаларға арналған өлеңдердің екі түрі бар. Бірі – балалардың атынан шығарылып, бірақ соны балалардың өздері орындайтын өлеңдер де, екіншісі – ата-аналар шығарып, ата-аналар орындайтын өлеңдер тобы”-дейді [6, 79 б.]. Сөзіміз дәлелді болу үшін ғалымның бірнеше пікіріне “Балалар диалогынан” мысал келтірейік:

Бірінші бала:

Апаң кетті бел асып,

Беліне белбеу жарасып.

Тезек теріп жүргенде,

Кетіп қапты адасып.

Екінші бала:

Апасы оның келеді,

Жұмыртқа әкеп береді.

... Жыламайды күледі [7, 43 б.].

Диалогтың сөзі жеңіл, баланың жаттап алуына қолайлы. Егер өлеңді тек бір ғана бала айтып қоя салса, екінші балаға ол түсініксіз болып қалады. Және қызықсыз. Өлеңнің диалог арқылы жасалуы баланың өлеңге деген ынтасын оятады. Балалардың өлеңдері ойындарға, яғни іс-әрекетке құрылады. Мәселен, ата-аналар тарапынан ойналатын ойын түрлеріне саусақ ойындарын да жатқызуға болады. Бұл қимылды қажет етеді:

- Ұрлық жасаймыз ба? – дейді.

Сұқ саусағын ұстап:

- Жасасақ жасайық.

- Орган қолын ұстап:

- Кұдайдан қорықпайсыңдар ма?

- Аты жоқ саусағын ұстап:

- Кұдай не қылар дейсің?

- Шынашағын ұстап:

- Алайық тақашайық

Ұрлайық та сояйық, - дейді.

Берлан

Черлан,

Отыз,

Қатыз,

Отыз, -

деп саусақтарды жұмып шығып, келесі жолға ауысады [7, 44 б.]. Немесе, уату-алдарқату өлеңдерінде де: - Алатаудың басынан не көрдің?

- Ақ бесікті мен көрдім.

Ақ бесіктің ішінен

Ақ баланы мен көрдім.

Ақ баланың қолынан

Ақ биялай мен көрдім.

Қызыл алма тістедім,

Ақ бөпемді иіскедім [7, 41-42 б.б.].

Жаңа туылған нәресте айтылған ойларды қайдан ұға қойсын? Тек оның айтылу интонациясы, ырғағы, әуені баланың шартты рефлексіне әсер етеді. Бұл өлеңде арнайы әуен болмағанымен, сарын бар. Балаға осы әсер етеді. Демек, ана өзі сұрақты қойып алып, жауабын өзі айтып отырады. Өлең нәрестенің кәдімгідей түсініп, ишара білдіргенін байқатады.

Қ.К. Бижанов балалар өлеңдерінің драмалық белгілері бар дей келе: “Яғни біздің де міндетіміз балалар ойын фольклорын тұтастай алмай, тек драмалық фольклорға жақын белгілері бар түрлерін алып, поэзиялық текстермен көмкеріліп келетін түрлерін ғана қамтып, ондағы өлеңнің міндетін анықтау, өзіндік ерекшеліктерін саралау болып табылады. Сондықтан да өз зерттеуімізді ойын ішінде келетін өлеңдердің поэтикалық сипаттарына негіздеп, ол өлеңдерді “ойын өлеңдер” (игровые песни) деп атап отырмыз” [3, 49 б.]-дейді.

Ғұрып жырларындағы ойын өлеңдер табиғатын тереңірек қарастырған Ю. Г.Круглов оның өзіндік белгілерін “ойын өлеңдердің негізгі белгісі олардың орындалуының ойындық шартты әрекеттерімен міндетті түрде қабысып келуінде. Өлеңдер ойыннан тыс өмір сүре алмайды, мәтіндері ойыннан ажыраса мәнін жоғалтады. Ойын өлеңдердің басқа шығармалардан басты айырмашылығы осында” [9, 115 б.].

Егерде ойын өлеңдердің сөзі болмаса, біздің де тақырыбымыздан алшақ болар еді. Сөздің бала тәрбиесі үшін маңызы зор. Баланың тез дамуына монолог өлеңдерге қарағанда диалогтың тигізер әсері мол. Біріншіден, жас өсіп келе жатқан жеткіншектің қарсыласымен жарыса айтқан сөздері оны шапшаңдыққа, ойлау қабілетінің жоғарылуына әсер етсе, екіншіден өмірді тани қоймаған баланың іш пыстырмайтын ең оңтайлы, әрі қызықты жолы деуге болады.

К.Ісләмжанұлы ойындық фольклорды да екі топқа бөледі.

1. Балардың қимыл-қозғалыс ойындарына, ойынның басталуына, жүргізілуіне, аяқталуына байланысты айтылатын, яғни, ойынға байланысты өлеңдер:

2. Екінші жікке өлең-ойындар жатады. Екінші жағдайда балалар өлең сөзін ойынға айналдырады.

- Қоян қашқын,
- Қайда қаштың?
- Тоғайға қаштым,
- Неге қаштың?
- Сенен састым.
- Неге састың?
- Ізімді бастың.
- Ендеше қашпа,
- Мылтығыңды таста!
- Аузыңды жап та,

Тез зыт! – [8, 101 б.] деген сияқты түрлері де бала ойынының көрінісі және нағыз диалогқа құрылған ұшқырлық сайысы екенін көрсететеді. Қазақтың ұлттық ойындары баланың өсу қабілетін дамытуға өте үлкен әсерін тигізген. Әсіресе, олардың диалогқа құрылуы, баланың ойынға деген қабілеттілігін оятады. Одан оның тез жаттап алу әрекеті пайда болады. Сондықтан да сөзге құрылған ойындардың диалог ретінде келуі бұл да зерттеу жұмысымыздың актуальды екенін көрсетеді.

Қорыта келе, балаларға арналған ойындар беталды шықпаған. Оның бірнеше шарт, ұстанымы бар. Атап айтсақ, баланың жас ерекшелігін ескере отырып, сол жас аралығындағы бала психологиясымен бірлестікте дамытын шығарма тудыру және баланың тілімен сөйлей білу, баланың тілімен сұрақ қойып, баланың тілімен жауап бере білу керек. Баланың жүрегіне ізгілік тудырып, біреудің қуанышын бөлісіп, біреудің қайғысына ортақтасатын мінез қалыптастыру осы ойын диалогтар арқылы астасып жататын көрсету біздің еңбектің маңызын танытты деп білеміз.

1. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Мектеп, 1965. – 326.

2. Төтенәев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қайнар, 1994. – 144 б.

3. Бижанов Қ.К. Қазақтың драмалық фольклоры: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы: 1997. – 131б.

4. Игры народов СССР. – М., 1985. – С. 269

5. Әбіл Ж. Қазақ комедиясы: Генезисі мен жанры. (Оқу құралы) – Алматы: Ғылым, 2000. – 272 б.

6. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 160 б.

7. Тал бесіктен жер бесікке дейін: (Қазақтың отбасылық ғұрып жырлары). / Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемесін жазған К.Ісләмжанұлы. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.

8. Ісләмжанұлы К. Рухани уыз: Қазақ балалар фольклоры. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 144 б.

9. Круглов Ю.Г. Русские обрядовые песни. – М., 1982. – 270 с.

Түйін

Балалар ойындары қазақ халқының тұрмыстық дамуымен, күнделікті тіршілігімен тығыз байланысты. Әсіресе жас өспірімнің санасын ояту үшін диалогтық ойындардың мәні зор. Бұл мақалада бала ойындарына қатысты мысалдарды ала отырып, қарым-қатынасқа құрылған диалогтық өлеңдердің маңызына кеңінен тоқталамыз.

Резюме

Детская игра тесно связана с жизнедеятельностью и гражданским развитием казахского народа. Особенно важна сущность диалоговых игр в развитии разума детей. В этой статье принимая во внимание примеры детских игр, изучается сущность диалоговых песен сконструированных на коммуникационной основе.

Resume

Child's Play is closely connected with the life and civil development of the Kazakh people. Especially important is the essence of interactive games in the development of children's intelligence. In this paper, taking into account the examples of children's games, we study the essence of the dialogue songs constructed on the basis of communication.

ФЕНОМЕН КУЛЬТУРЫ САЛА И СЕРЕ, КАК ОТРАЖЕНИЕ КАРТИНЫ МИРА ЭТНОСА

С.С. Джансентова, Г.С. Сулеева –

Казахская национальная консерватория имени Курмангазы

Область обозначения типов музыкальных деятелей богата и дифференцирована: *бақсы, сал, сері, ақын, жырау, күйші, әнші*. Традиционный музыкант, будучи не только исполнителем, но и творцом-исполнителем, демиургом культуры, становится в социальной структуре традиционного степного общества одним из главных источников знания, излучающим большое информационное поле,

связанное как со всей Вселенной, так и с историей, культурой, традициями своего народа. Творческие особенности профессионалов-исполнителей связаны со статусом, занимаемым в обществе, с возрастными особенностями, своеобразным поведением.

Сал, сері. Создателями первых эпосов были военные прорицатели, сочетавшие в своей практике обрядность культа аруахов (ритуалы военной магии) и элементы шаманской обрядности. Возникшие еще в домусульманский период салы и сере считались выразителями общечеловеческих норм бытия, психологами человеческих душ, по роду деятельности относились к артистической богеме, были прекрасными воинами. Их творчество разграничивалось по смысловой направленности: куртуазное (песни, посвященные девушкам, молодым женщинам), эпико-дидактические, восхваляющие подвиги воинов, мужские лирические песни о мудрости, старости. В культуре казахов, салы и сере осуществляли важную функцию обновления мира, связанную с магией плодородия, осуществляли инициацию перевода индивида во взрослую фазу, из одного состояния в другое. Пора взросления – важный этап жизни человека, одна из функций деятельности салов и сере – воспитательная, состоящая в привитии молодежи навыков и основ степного этикета, в рамках которого на первый план выдвигалась душевная и духовная красота любви, сущность гармонии вечности [2, с.45]. Лирико-песенная деятельность салов и сере, воспевающая любовь и ее прекрасные проявления, была направлена на важную для общества сферу жизни – создания семьи, укреплений традиций.

Салы и сере объединяли в себе качества и способности воина, акына, жыршы, композитора, артиста, декоратора, фокусника, танцора, акробата, гастролировали по аулам только группой, в сопровождении молодых людей, находясь во главе празднеств и веселья, по своей природе были близки странствующим певцам-музыкантам. Во Франции их называли труверами, в Германии миннезингерами, в России скоморохами.

Первое упоминание о салах и сере в научной литературе как об «экстравагантных людях эпикурейского толка» находим у А.В. Затаевича в сборнике «1000 песен казахского народа». Исследователь пишет: «Сал – это эксцентрик, «форсила» футуристического толка, человек, желающий во что бы то ни стало отличаться от «серой» толпы и ей импонировать вычурным ли костюмом, оригинальными ли замашками, смелыми выходками, богатством седла и упряжи и т.п. [3, с.476]. С большой теплотой и любовью о салах и сере пишет А.К. Жубанов, автор считает, что салы и сере были настоящими «людьми искусства», всю свою жизнь «чувствовавшие себя на сцене» [4, с.166]. Значение слова *сал* он расшифровывает как «степной актер». Е. Исмаилов говорит об универсализме дарования салов и сере, а также знакомит читателя с особенностями их поведения: шутовском, юродством салов, наоборот, рыцарством и благородством сере, преобладанием в их творчестве любовной тематики. Салы и сере были, как правило, состоятельными людьми и «имели для выезда несколько десятков коней» [5, с.65].

Исследователи А.Мухамбетова, Е.Турсунов, М.Гамарник, М.Курмангалиева подчеркивают эротическую функцию салов и сере, обуславливающую эксцентричность, куртуазность, «театральность», художественный артистизм, этикетность, рыцарство, «аристократизм» поведения. Призванные определять в обществе «молодежную культуру», стиль жизни, салы и сере отражали сферу интересов именно этой возрастной группы. В рыцарской культуре салов и сере возникает культ поклонения женской красоте, придававший исключительное значение любви как чувству, возвышающему человека, пробуждающему в нем все лучшее, вдохновляющий на подвиги. Произведения салов и сере увлекали чувственной красотой звука, удивительно тонко и нежно передавая в музыке красоту женщины, ее летящую походку, быстрый взгляд, переличатый смех, поистине поэзия и музыка становились «повелительницами» номадической культуры.

Е.Турсунов, раскрывая ритуальный аспект поведения салов и сере, пишет о истоках их происхождения, формирования в обществе. По его мнению, салы и сере отличались высоким социальным статусом, с пренебрежением относились к физическому труду, вели богемный образ жизни [6, с.185]. В исследовании типов носителей казахского фольклора Е.Д. Турсуновым была поднята тема тюркских воинских братств, в котором автор возводит генезис казахских салов и сере к тайным мужским союзам первобытного общества через опосредованные ступени ритуальных тайных союзов [6, с. 201-235]. По мнению исследователя, изначальное значение слова сере – «воин», «дружинник». З.Ж. Наурзбаева реконструировала на основе казахского фольклора ряд тюркских ритуалов воинской инициации их мифологию, идеологию [7, с.96]. Автор считает, что главными архетипами воинского пути салов и сере были – Любовь и Смерть. Как представители военной аристократии, они первыми вступали в битву, отличались безрассудной смелостью и отвагой. Если в Европе трубадур лишь воспевал подвиги рыцарей и красоту их дам, то казахские салы и сери были бесстрашными воинами, были в первых рядах. Об этом же пишет М.Магауин в романе «Кокбалак»: в ярких нарядах салы и сере привлекали внимание противника, смело бросались навстречу опасности не щадя жизни, полагая, что не стоит цепляться за жизнь любой ценой.

С.Кондыбай считает, что искусство салов и сери, это, по преимуществу, искусство воинской касты,

возникшее из экзистенциальных переживаний воинов, увидевших Смерть в лицо, знавших цену Жизни, Любви, Красоты. Хвалебные оды *мақтау*, посвященные мужеству воинов, исполнялись, как правило, перед сражением, чтобы духи погибших воинов оказали покровительство во время битвы и помогли вселить боевой дух [8]. Работа С.Кондыбая «Книга воинского духа», посвящена казахскому воинскому искусству, военному этикету. Автор пишет, что «постоянная угроза смерти формирует особое пограничное состояние сознания. Поэтому вся наша кшатрийская поэзия и музыка неподражаема. Только опыт войны и смерти может породить такое высокое искусство». В героическом эпосе салов и сери существовал императив: «Вырасти себя достойного врага, чтобы он убил тебя на взлете». Предполагалось, что эта неиспользованная энергия взлета поможет подняться еще выше в следующей жизни (Т.Асемкулов <http://otuken.kz/index.php>). Нарочитое бесстрашие воинов салы и сере, специально оставляющих в доспехах уязвленные места: «Не останется неисполненных желаний (арманы жок) у воина, встретившего врага, способного убить ударом прямо в сердце» (Н.Базылхан).

Открытая схватка ценилась салами и сере выше, чем военная хитрость. Для салов и сери было свойственно безусловное уважение к врагу, в т.ч. побежденному. Они восхищались храбростью и мужеством, отмечая достоинство и подвиг врага, противника, демонстрируя высокий воинский этикет, считая, что победа над достойным противником возвышает героя: «Для воинской культуры кочевников Центральной Азии характерен рыцарский этос (нормы и ценности морали, личностные образцы поведения, исторический тип нравственности, взаимоуважение противников)» [7]. Героическая смерть в честном бою считалась достойным завершением жизни. Салы и сере мало ценили человеческую жизнь, свою и, особенно, чужую. Привыкшие проливать кровь, война казалась им естественным делом. «Одна из основных особенностей рыцарского этоса – идеалистический индивидуализм, соперничество индивидов ради славы, почестей. Точнее, следовало бы говорить о генетической связи рыцарского этоса с традиционной кочевой культурой [7].

Представители воинских братств – тайных мужских союзов, салы и сери отправлялись за тысячи километров, чтобы сразиться в айтысе (тартысе) с человеком, чья слава дошла до него [8]. Т.Веблен пишет: «Если не было войны рыцари – странствовали, чтобы не изнежиться от бездействия, они не могли спокойно слушать о чужих успехах, обязательно должны были встретиться в поединке с восхваляемым героем», встреча двух рыцарей непременно сопровождалась выяснением, кто из них лучше. Автор назвал рыцарское братство «праздным классом» и показал, что в мирное время это сословие характеризовалось «демонстративной праздностью» [9], именно она, согласно Т.Веблену, обозначала социальное положение.

Особый интерес вызывает книга итальянского исследователя Ф.Кардини «Истоки средневекового рыцарства», в частности разделы: «Шаманы, воины, миссионеры», «Меч и крест», «В начале была сила», где автор пишет, что истоками происхождения рыцарской культуры Европы, являются традиции конно-кочевой цивилизации Евразии, европейской аристократии тюрков-кочевников: «Ветер степи шумит в древе европейского рыцарства». С азиатского Востока, утверждает Ф.Кардини, «явились не только полчища искусных и бесстрашных всадников, повергшие в ужас и трепет жителей Европы, но вместе с ними был занесен некий прекрасный социальный и культурный идеал образ воителя верхом на коне» [10]. Об этом же пишет Г.Альтхайм: «культ оружия и культ меча, военное искусство германцы переняли у кочевников». А.Дугин характеризует рыцарство как слой воинов-защитников, лишь много позднее трансформировавшийся в довольно широкую и неоднородную социальную группу с определенным набором общественных функций, обязательств и прав [11].

Г.Р. Кадырова, А.Д. Маймакова –

к.филол.н., доц. кафедры практических языков КазНПУ им. Абая

Современный период развития общества характеризуется сильным влиянием на него компьютерных технологий, которые проникают во все сферы человеческой деятельности, обеспечивают распространение информационных потоков в обществе, образуя глобальное информационное пространство. Неотъемлемой и важной частью этих процессов является компьютеризация образования. Этот процесс сопровождается существенными изменениями в теоретической подготовке словесника и практике преподавания языка, связанными с внесением корректив в содержание технологий обучения.

Сегодня представляется актуальным по-новому взглянуть на имеющийся опыт обучения, в том числе обучения языкам, переосмыслить его, найти пути его приложения вкупе с передовыми идеями, т.е. найти пути гармонично-интегративного использования накопленного опыта и современных концепций обучения в отечественной практике языкового образования.

Новая модель образования в целом ориентируется на самостоятельную учебно-познавательную деятельность индивида, что требует нового подхода к организации учебного процесса, других

отношений между преподавателем и студентом в образовательном пространстве, поиска инновационных методов обучения, в совокупности обеспечивающих взаимосвязь образовательной, развивающей и воспитательной функций обучения. Поэтому одним из важных факторов совершенствования системы подготовки профессиональных кадров в современном вузе является внедрение в учебный процесс активных и интерактивных форм проведения занятий, модели обучения, с которой на современном этапе развития образования связаны многие методические инновации.

Сегодня в процессе обучения преподавателю необходимо обращать внимание на такие методы, при которых студенты идентифицируют себя с учебным материалом, включаются в изучаемую ситуацию, побуждаются к активным действиям, переживают состояние успеха и соответственно мотивируют свое поведение. Всем этим требованиям в наибольшей степени отвечают интерактивные методы обучения. Ведь интерактивные методы основаны на принципах взаимодействия, активности обучаемых, опоре на групповой опыт, обязательной обратной связи. Создаётся среда образовательного общения, которая характеризуется открытостью, взаимодействием участников, равенством их аргументов, накоплением совместного знания, возможностью взаимной оценки и контроля [1].

Термин *интерактивность*, давший название данному виду обучения, определяется как психологическое новообразование, характеризующееся деятельным состоянием, направленным на активность партнеров в процессе коммуникации и основанным на взаимопонимании. Следовательно, интерактивное обучение представляет собой обучение в диалоговом режиме, в ходе которого осуществляется взаимо-действие. Интерактивное обучение позволяет так организовать учебный процесс, что все обучающиеся оказываются вовлеченными в процесс учебного познания, у них есть возможность понимать и рефлексировать по поводу того, что они знают и думают. То есть интерактивное обучение строится на взаимо-действии обучающегося с учебным окружением, учебной средой, которая служит областью осваиваемого опыта.

В интерактивном обучении обучающийся становится полноправным участником учебного процесса, его опыт – основной источник учебного познания. В интерактивном обучении, по сравнению с традиционным, меняется взаимодействие обучающего и обучающегося: активность преподавателя уступает место активности студентов; педагог не дает готовых знаний, но побуждает учащихся к самостоятельному поиску, создает условия для их инициативы. Преподаватель здесь выполняет функцию помощника в работе, одного из источников информации [2].

Привлекательность и эффективность интерактивного обучения связаны с тем, что оно позволяет одновременно решать несколько задач:

- развитие коммуникативных умений и навыков, помощь в установлении эмоциональных контактов между студентами;
- решение информационной задачи, поскольку осуществляется обеспечение обучающихся необходимой информацией, без которой невозможно реализовать совместную деятельность;
- решение обучающих задач, поскольку происходит развитие общих учебных умений и навыков (анализ, синтез, постановка целей и пр.);
- решение воспитательной задачи, поскольку студенты приучаются работать в команде, прислушиваться к чужому мнению;
- решение задач релаксации, снятия нервной нагрузки, смены форм деятельности, переключения внимания и т.д. [3].

В настоящее время разработан целый арсенал интерактивных методов, таких как: деловая и ролевая игра, драматизация и театрализация, мозговая атака, метод дискуссии, метод эвристических вопросов, метод анализа, игровое проектирование, имитационный тренинг, психотехнические игры и тренинги, кейс, большой круг, вертушка, аквариум, дебаты, метод конкретных ситуаций и др.

Опыт показывает, что в практическом курсе русского языка, изучаемом в казахской аудитории, эффективным является использование таких форм занятий, как работа в малых и больших группах.

В качестве примера работы в группах с использованием интерактивной методики можно предложить фрагмент занятия (СРСП): «Повторение и обобщение по разделу «Лексика научного стиля» на дидактическом материале специальностей географо-экологического факультета педвуза, где предлагается работа с научным текстом «Загрязнение биосферы». Данное занятие строится так, чтобы создать ситуацию, требующую поисковой деятельности: поиск и обработка необходимой информации научного характера по заданной теме, ее интерпретацию.

Занятие состоит из трех этапов. Предлагаемые задания и формы работы могут варьироваться в зависимости от целей, задач, состава групп, степени подготовленности участников и др.

I. Подготовительный этап. Разминка.

1. Преподаватель предлагает студентам со словом «загрязнение» составить 3 словосочетания, употребляя термины. С полученными словосочетаниями студенты составляют 2-3 предложения на тему: «Загрязнение окружающей среды», используя конструкции: *что это что, что представляет*

собой что, по данным ученых и др.

Каждый студент выполняет данное задание письменно, затем происходит обмен мнением в парах и короткое выступление перед аудиторией. Такое задание позволяет студентам сформулировать основные понятия, ориентируясь на имеющиеся собственные знания по предложенной теме.

Как видим, на подготовительном этапе работы, ориентированной на основной вид деятельности – анализ научного текста, деятельность студентов осуществляется в группах различного состава, при этом происходит постоянная перегруппировка, в результате чего наблюдается интенсивный обмен знаниями, мнениями, наработками, полученными ранее, студенты переходят от внутригруппового (в микрогруппе) обсуждения к межгрупповому.

II. Анализ научного текста «Загрязнение биосферы».

В основе занятия – работа с текстом по группам, но при этом необходимо отметить, что групповая деятельность сопровождается уровневым подходом, где каждая группа выполняет разное задание, что отражает дифференциацию имеющихся знаний у первокурсников. На этом этапе работы студенты особенно оживленно, с энтузиазмом выполняют задания, взаимовыручая и помогая друг другу в решении общих и частных вопросов.

Следующий элемент работы – презентация у доски – реализация проделанной самостоятельной коллективной работы студентов, что дает обратную связь в получении знаний и обмене друг с другом полученной информацией. Данный вид деятельности заканчивается самоанализом, что также является элементом интерактивной методики обучения, где ребята учатся объективно оценивать свои знания и знания однокурсников. Здесь используется прием рефлексии.

В виде закрепления на этом этапе можно отметить еще один вид работы – это аудирование, направленное на развитие внимательности студентов. Это наблюдается при выполнении задания по рубрике «Знаете ли вы?». Данный вид работы содержит не только познавательную информацию, но и грамматический материал по изученной теме, так как сопровождается заполнением таблицы терминами, причём воспринятыми на слух.

Термины		
простые	сложные	составные

Таким образом, сочетание познавательного, воспитательного элементов в единстве с выполнением грамматического материала отличают это задание.

III. Этап рефлексии.

Известно, что рефлексия – это деятельность человека, направленная на осмысление своих собственных действий и состояний. На данном этапе студентам может быть предложено ответить на вопрос, дополняя сведения своими знаниями по данной теме: *О каких видах загрязнения вы узнали сегодня на занятии?* Здесь студенты презентуют собственное мнение о применении полученных навыков на практике, что помогает преподавателю проверить степень усвоения знаний обучающимися. Или составить *синквейн* (пятистишие). Данное задание можно предложить выполнить в парах.

Такого рода занятие, направленное на использование смешанных форм групповой работы, включающие в себя и психологические, и воспитательные, позволяют ребятам учиться друг у друга, чувствовать взаимопомощь, а это немаловажно на обобщающих занятиях.

Чтобы стимулировать и постоянно поддерживать у студентов интерес к получению новых знаний, нужно больше обращать внимания на обучение их системе самообразования в рамках занятий по СРСР, а форма групповой работы, применяемая на практических занятиях по русскому языку, дает возможность активного и видимого участия в процессе обучения всех студентов группы без исключения.

Подводя итог вышеизложенному, хотелось бы отметить, что занятие, построенное на использовании таких активных методов, как неимитационные (работа в группах), делает процесс познания интересным и развивает творческий потенциал студентов. На таких занятиях для студентов создаются возможности проявить себя, и в то же время происходит восприятие учебной задачи, что является основой обучения.

На занятиях по русскому языку интерактивные методы и приёмы (определяющие в кредитной системе обучения) могут применяться и для развития коммуникативных умений студентов: *эторазличные коммуникативные тренинги, диалоги, ситуативные реплики, рефлексия* и др. Ср.:

1) *Объединившись в группу из 3-5 человек, выберите тему, обсудите ее в группе и коллективно защитите выбранную тему (предварительно распределив между членами группы фрагменты-*

подтемы общего выступления).

Темы для обсуждения:

1. Что объединяет праздники Наурыз и Масленица?

2. Какие различия существуют между праздниками Наурыз и Масленица?

Готовя своё выступление, используйте формы речевого этикета «Выражение своей точки зрения».

● Объективно оцените свою работу в группе.

Указанные формы работы направлены на совершенствование у студентов языковой, речевой и коммуникативной компетенций, которые позволяют им полноценно участвовать во всех сферах и ситуациях коммуникации, владея нормами русского литературного языка и системными представлениями о мире, зафиксированными в языке. Такой подход к языковому обучению способствует воспитанию целостной личности, способной строить новые коммуникативные отношения на межкультурном уровне.

Кроме того, данные интерактивные формы обучения значительно увеличивают время речевой практики обучаемого, речемыслительной деятельности, позволяющие акцентировать внимание обучаемого на самостоятельном добывании информации, ее критическом осмыслении и усвоении.

Предлагаемые нами интерактивные задания способствуют успешному формированию таких умений, как: ориентировочные, информационно-аналитические, прогностические, полемические, визуально-презентативные, креативные и рефлексивные. Ср.:

1) *Составьте кластер на тему «Профессия».*

2) *Разыграйте ситуацию.*

Вы приехали из разных стран: Китая, Монголии, Турции, Узбекистана. Вам нужно познакомиться. На каком языке вы будете общаться? Какие вопросы вы зададите другу другу? Предложите свой диалог.

3) *Представьте, что вы корреспондент. Вам поручено взять интервью у известного политического деятеля. Какие вопросы вы зададите?*

● В своём диалоге используйте слова и словосочетания: *давно, в настоящее время, в прошлом, редко, часто, постоянно, иногда, регулярно, дружно, весело, оптимистически* и др.

Рефлексия. Работа по группам.

1 группа. Ответьте на вопрос: В чём состоит творческая работа учителя? Мотивируйте свой ответ.

2 группа. Наличие каких качеств вы считаете обязательным, желательным (нежелательным) для своей профессиональной деятельности? Мотивируйте своё отношение к отдельным качествам характера.

3 группа. Подготовьте презентацию об известном педагоге-новаторе. Отрадите его основные новаторские идеи.

Также такого рода задания повышают ответственность каждого студента, распространяемую не только на результат его индивидуальной работы, но и на результат работы всей группы.

Говоря об интерактивных методах обучения, нельзя не назвать дидактические игры, так как игры относят к активным методам современных инновационных технологий. В процессе игры студенты в значительной мере приобретают новые знания путем поиска оригинального решения.

Приведем примеры.

Например, при проведении *ролевой игры* на тему: «*Казахстан – моя Родина, моя родная земля*» студенты делятся на две группы и готовят вопросы, ответы на которые показывают знания ими своей родины, своего края, его природы, природных богатств, достопримечательностей и т.д. Предлагаются вопросы:

1. Какую часть суши занимает Республика Казахстан?

2. С какими государствами граничит Казахстан?

3. Какова численность населения нашей страны?

4. Представители каких народов живут на территории Республики Казахстан? и т.д.

Такие ролевые игры помогают студентам более глубоко осваивать страноведческий материал, учат следить за свежими политическими событиями, происходящими в жизни страны, усиливают у них интерес к изучению русского языка и культуры многонационального Казахстана, а также дают возможность творческой самореализации личности, познавать новое как получение дополнительных знаний.

При проведении *конкурсной игры «Кто быстрее?»* студенты должны, например:

1. Подобрать к данным словам другие, которые начинаются со звонкого согласного

Образец: тень – день.

Кора, кость, пить, почка, тело, том, точка, фаза, шар, шить.

2. Изменить данные слова так, чтобы они заканчивались мягким согласным.

Образец: угол – уголь.

Брат, вес, дал, ел, жар, прибыл, пыл, удар, цел, шест.

3. Объяснить значения слов с разными ударениями и составить словосочетания с ними по образцу. Дать определение омографа.

Образец: леднИк (в горах) – лЕдник (погреб), пАрить (репу) – парИть (в облаках).

1. Атлас – атлАс, ЗАмок – замОк, мУка – мукаА, хлОпок – хлопОк, Орган – оргАн, Ирис – ирИс, крЕдит – кредИт, трУситЬ – трусИть, наГоло – наголО, Угольный – угОльный, языкОвая – языковАя, лАвровый – лаврОвый, характЕрный – харАктерный.

Такие игры-конкурсы способствуют развитию внимания, памяти, речи, мышления, умений сравнивать, сопоставлять, обуславливают формирование объективной самооценки, креативного подхода к решению разнообразных жизненных и учебных проблем.

Таким образом, через интерактивные образовательные технологии обучения реализуются такие принципы, как: принцип активизации обучающихся в учебной деятельности и в общении; динамичности и сочетаемости моделируемых информационных и личностных отношений в педагогическом процессе; педагогической интерпретации личностных достижений в учении в контексте развития индивидуального и коллективного субъектов учебной деятельности; полимодального предъявления учебного материала; соразмерности использования логических форм объяснения учебного материала; соразмерности приемов педагогического управления учебной деятельностью.

Обобщая сказанное, можно констатировать, что интерактивный процесс, характеризующийся высшей интенсивностью коммуникации, способствует целенаправленной рефлексии обучающихся в процессе формирования их познавательной активности и решения различных дидактических задач.

Применение интерактивных методов обучения является действенным педагогическим средством и приобретает особую актуальность, поскольку активность студентов, умение ориентироваться в разных сферах жизни и выстраивать свою собственную деятельность, направленную на решение научных, производственных и социально-педагогических задач, определяет успешность их будущей профессиональной карьеры.

1. Давыдов В.В. *Теория развивающего обучения*. – М.: ИНТОР, 1996. – 544 с.

2. Кашлев С.С. *Технология интерактивного обучения*. – Минск: Белорусский верасень, 2005. – 176 с.

3. Кларин М.В. *Интерактивное обучение – инструмент освоения нового опыта // Педагогика*. – № 7. – М., 2000. – С. 12-18.

4. Гейхман Л.К. *Интерактивное обучение общению: подход и модель*. – Пермь: Издательство Пермского гос. ун-та, 2002. – 246 с.

5. Вайсен Р., Оли Дж., Эванс В., Ли Дж., Спрингер Б., Пеллаукс Д. *Обучение жизненным навыкам в школах*. – М.: Вита-Пресс, 1996. – 66 с.

6. *Инновационные процессы в школе: организация и управление*. – Владимир, 1995. – 69 с.

Түйін

Мақалада жоғарғы мектеп студенттерінің орыс тілі сабақтарында танымдық қызметін белсендіруге мүмкіндік беретін оқытудың интерактивті әдістерінің ерекшеліктері қарастырылады.

Негізгі сөздер: орыс тілі, оқытудың интерактивті әдістері, белсенділік, танымдық қызмет.

Резюме

В статье рассматриваются особенности интерактивных методов обучения на занятиях по русскому языку, способствующие активизации познавательной деятельности студентов высшей школы.

Ключевые слова: русский язык, интерактивные методы обучения, активность, познавательная деятельность.

Summary

The article discusses the features of interactive teaching methods in the classroom for the Russian language, contributing to enhance the cognitive activity of students of higher education.

Keywords: Russian language, interactive teaching methods, activity, cognitive activity.

ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТІ ҚОЛДАНА ОҚЫТУ

Р.Б. Ибраева – *Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы*

Интербелсенді оқытуды жүзеге арттыру шарттарының бірі білім игеру процесін коммуникативтік процесс деп түсініп, бірлескен әрекеттерді қолдану, психологиялық орта орнату, әрбір үйренуші мен топ жұмысына көмек жасау. Соның бірі рөлдік ойындар, оның ішінде ұлттық ойындарға көп көңіл бөліп отырамын. Модельдеп оқыту үйренушінің модельге қарап, сөйлем құруларына, өз ойларын жинақтауға үлкен жол ашады. Тақырып бойынша тірек сөздерді негізге ала отырып, модельге қарап сөйлемді толықтырамыз. Мысалы: Оның ауырады. Сайран жатыр. Оған қажет.

Жедел жәрдем Сізді ... мазалайды. *Қажетті сөздер: емделу, ауруханада жүрегі, басы, көзі, үйде, жазу қай жеріңіз, шақыр*

Бұл кестені мағынасына қарай сөздерді алып толтырады, қажетті сөздер араласып бөлек жазылады.

Тақырып: «Денсаулық – зор байлық» болғандықтан кестеде денсаулыққа байланысты сөз тіркестері тұрады, тақырыпқа байланысты бірнеше кесте беруге болады. Бұл үйренушінің материалды тез қабылдауына үлкен әсер етеді.

1-тапсырма. Арқан тарту. Екі топқа бөлінген студенттер тақырып бойынша сөздер мен сөз тіркестерін тақтаға жазады, тақтаға әр топтан 2-3 студент шығады. Әр студент өз сөздерінің ішінен таңдап сөз алып сөйлем ойлайды, сұрақ қояды. Сөздерді дұрыс, көп жазған топ жеңеді. Қай топ сөзді көбірек және дұрыс жазса, сол топ жеңеді.

2-тапсырма. Сөздікпен жұмыс. Ыммен балаларға дене мүшелерін көрсетемін, олар аударып өздерінің сөздерімен сұрақ қоюға дайындалып отырады.

3-тапсырма. «Кім жылдам?» Екі топқа арнайы дайындалған қима қағаздар беріледі, олар осы қағаздармен сөйлемдерді дұрыс құрастыру қажет. Сөйлемдерді дұрыс және жылдам құрастырған топ жеңеді. Өздері бір-біріне сұрақ қояды. Сұраққа «иә» немесе «жоқ» деп жауап беру қажет. Төмендегі сөйлемдерді қима қағазға қиямын.

1. Мен темекі шекпеймін.
2. Сенің тобыңда кім темекі шегеді?
3. Темекі шегуге тыйым салынады.
4. Денсаулық зор байлық.
5. Темекі ана денсаулығына зиян.
6. Темекі шегу – жаман әдет.
7. Темекі шегу сән емес.
8. Қыздар темекі шекпеңдер!

4-тапсырма. «Көрші-көрші» ойыны студенттер бір-бірімен екі-екіден көрші болып отырады. Бір-бірінен көршісін сұрайды, егер көршісін бергісі келмесе жүргізуші өлең оқы немесе мақал айт дейді.

Осы жерде «Бірінші байлық – денсаулық,

Екінші байлық – ақ жаулық.

Үшінші байлық бес саулық» деген мақалды қалай түсінесіңдер? Студенттер өз ойларын айтады, пікірталас туады.

- «Адам үшін ең керекті денсаулық. Денсаулық болса, бәрі болады.

- Денсаулық болмаса ештеңе керек емес.

- Денсаулық жоқ болса, бақытсызсың.

- Меніңше ең бірінші байлық ақша – деп ойлаймын. Ақша болса бәрін сатып аламын. Екінші байлық – ақ жаулық. Меніңше, ол – ана, береке, бақыт деп ойлаймын. Ол мейірімділік, ол нәзіктік, жақсылық деп жауап береді. Үшінші байлық – бес саулық. Оны қалай түсінесің. Ол ақша, доллар, ерте кезде бес саулық деп малды айтқан. Әрине, малда, ақшада керек, бірақ ең қажетті денсаулық.

5-тапсырма. Суретте екі ағаш бейнеленген, бірі жайқалған, екінші қураған ағаш. Осы суретке қарап топ студенттері адамның денсаулығына байланысты (дені сау және науқас адамды) сөздерді екі ағашқа салыстыра отырып сөздерді жинақтайды.

Балалар! Ағаштың жапырағы жайқалған жағы сұлулықтың, денсаулықтың белгісі, ал жапырақсыз жағы нені білдіреді? Өз ойларыңды айтыңдар. Мысалы:

1. Меніңше қураған ағаш ауру адам сияқты.

2. Менің пікірімше, ол темекі шегеді.
3. Менің ойымша, ол науқас адам, денсаулығы жоқ.
4. Меніңше, оның өкпесі ауырады.

Осылай әрбір студент өз ойларын айтады, өз ойларымен бөліседі.

6-тапсырма. Балалар! Өздерің темекіге айналып, темекі рөліне еніңдер, егер темекі болсаңдар қалай сөйлер едіңдер. Мысалы: Мен темекімін. Мен улымын. Мен зияндымын. Мен ауру әкелемін.

Мен өкпені өлтіремін. Мен жаумын. Мен қаспын. Мені бәрі жек көреді.

7-тапсырма. Темекі болып киінген қыз кіреді. Мен қымбатпын, мен жақсымын, мені сатып алыңдар. (Ол, мені сатып алыңдар, мен сәндімін, арзанмын, мен сұлумын, мен әдемімін, мен тәттімін, көбірек алыңдар).

- Балалар! Өз ойларыңды темекіге жазыңдар, студенттер келіп қыздың үстіне жазады, қол қояды. Темекі қоштасады, соңында оның қағаз киімін шешіп, темекі «жоғал», - деп қуып жібереді.

8-тапсырма. Суретке қарап өз ойларыңды салыңдар. «Денсаулық» дегенді қалай түсінесіз, пікірлеріңмен бөлісіңдер.

9-тапсырма. Оқушыларға той бастардың 3 табағы қойылады, халық әні «Еркем-аймен» сабақты аяқтайды.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде мәтінмен жұмыс кезінде ұлттық тәрбиені негізге ала отырып оқытуда рөлдік ойындарды пайдалануға болады. Интербелсенді әрекеттер дегеніміз – өздігімен түсіну, тандау, талдау, шешім қабылдау, жаңа мазмұн құрастыру, өз пікірінді дәлелдей, қорғай білу, топтық жұмыс түрлеріне араласу. Осындай белсенді әдістер үйренушінің ойын дамыта түсіп, тіл үйренуіне үлкен жол ашады. Әрбір адамда жаңаны білуге, көруге деген талпыныс болады. Сәбиге басқа ойыншық берсеңіз, оның өзі жан-жағын қарап, сипап, түріне, көлеміне көңіл бөледі. Сол сияқты тіл үйренуші де жаңаға құмар. Жаңа тақырып ала отырып, үйренушіге осы тақырып бойына ең қажетті не екенін және оның көлемінде сөйлеу үшін алдымен қандай мақсат қойып, қандай тапсырма жасау қажеттігін көрсетіп, олармен бірге талдау қажет.

1-тапсырма. Мәтінмен жұмыс алдында тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестерін тексеру мақсатында «Алтын балық» ойынын ойнаймыз.

Тақтаға матадан жасалған теңіз ілінеді, оның қалтасында кішкентай алтын балықтар болады. Әр алтын балыққа адам мінезіне байланысты сөздер жазылады. Студенттер теңізден алтын балықты аулап алып, балықта жазылған сөзді топқа ыммен көрсетеді, шешуін тапқан студент сөзді тақтаға жазады, хормен қайталайды.

2-тапсырма. «Сөздіктер қоржыны» ойыны ойналады. Бұл студенттердің тақырыпқа байланысты сөздік қорын тексеру мақсатында жасалады.

Алдарыңызда қазақ халқының қоржыны және бәйтерек ағашы тұр. Қоржын ішінде мінез-құлыққа байланысты жағымды және жағымсыз бірнеше сөздер берілген. Қазақ халқында оң сөзінің киелі ұғым екендігін түсіндіре отырып, бәйтеректің оң жағына адам мінезінің жағымды қасиеттеріне, сол жағына жағымсыз қасиеттеріне байланысты сөздерді орналастырыңдар.

3-тапсырма. Адамдардың мінезі табиғат секілді құбылып отырады. Сендерде адам мінезін табиғатқа теңей сурет салып, мақал-мәтелдерді қатыстыра отырып өз сөздеріңмен айтуға тырысыңдар.

4-тапсырма. Адамның мінез-құлқына байланысты ассоциогарма жасаңдар, осы тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдерді де қосуға болады.

Мысалы: Жақсы ниет – жарым ырыс. Қолы ашықтың – жолы ашық. Қолыңмен істегенді, мойныңмен көтер. Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергенің. Сыйласаң, сыйлы боласың.

5-тапсырма. Мақалдарды басқа қандай сөздермен алмастыра аласыздар.

«Жақсы ниет – жарым ырыс» дегенді менің пікірімше, Жақсы сөйлесең, жақсы тілек айтсаң бәрі жақсы болады деп ойлаймын.

6-тапсырма. «Мейірімді бала» атты мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

«Қытай елінде ескі заң болған, біреуді алдағаны, ұрлағаны үшін қолып кескен. Бір адам осындай күнә жасап қойғаны үшін оның қолын шаппақ болады. Бұл топтың алдына кішкентай қыз келіп, менің қолымды шабыңыз дейді. Таңқалған патша - Не үшін, - дейді.

- Менің әкем жазаға лайық болғаны рас, сол үшін қолынан айрылады, әкемнің қолының орнына менің қолымды алыңдар, - деді. Бұл қолда да менің әкемнің қолы бар. Әкем өз қолымен балаларды, менің бауырларымды асырайды. «Бұл әкемнің күшті қолын қалдырыңыз», - деді.

- Патша қыздың мейірімділігі мен ақылына риза болып, әкесінің күнәсін кешіреді»

(Б.Алтынсарин).

1. Қыздың әкесі қандай адам?
2. Қыздың ақылдылығын неден байқадыңдар.
3. Неге қызға патшаның рақымы түсті?
4. Мейірімділік дегенді қалай түсінесіңдер?

7-тапсырма. Төмендегі сөздерді қолданып, сөз тіркестерін жасандар, өздерің білетін сөздерінді қосыңдар. Мысалы: алдау, күнә, жасау, жазығы, біреуді, әке, қол, әлсіз, мейірімділік. Үлгі: әлсіз қол.

8-тапсырма. Қыз бен әкесінің адамдық қасиеті туралы жазыңдар. Оларға ортақ қандай қасиет бар?

Өз ойыңызды кестеге жазыңыз.

Үлгі: Менің пікірімше, менің ойымша деп бастаңыздар, өз ойларыңды айтыңдар.

9-тапсырма. Мәтін бойынша, рөлге бөлініп өзара сөйлесіңдер.

- Ұрыны ұстаңдар, қолын шабыңдар

- Әкем кінәлі, бірақ менің қолымды шабыңыз.

- Неге сенің қолыңды шамабын?

- Менің қолымда әкемнің қолы, бірақ бұл әлсіз қол, оның күшті қолы бауырларыма керек. Рақым етіңіз, тақсыр.

- Ақылды бала екенсің, кешірдім, бақытты бол.

10-тапсырма. Өз ойларыңды ортаға салыңдар. Неге патша кешірім жасады? Тақырып бойынша қыз бен әкесін суретке салып, олардың адамдық қасиетін неге ұқсатар едіңіз. Ойлаңыз. Мысалы қыз күн сияқты, ал әкесі қара бұлт сияқты.

Мәтінмен жұмысқа байланысты тапсырмалар көп, оны деңгейге байланысты таңдау қажет. Дұрыс жауабын табыңыз, мәтіндегі кейіпкердің орнына өзіңізді қойыңыз, өзіңіз ұсыныс жасаңыз. Мәтіндегі сөздерді білетін сөздеріңізбен байланыстырыңыз.

Мәтін тақырыбы ұлттық тәрбиеге байланысты болғандықтан мақал-мәтел, үлкенді сыйлау, әдептілік, ата-ана махаббаты, бала махаббаты туралы айтып, әдіспен сабақты жалпы үйренуші ортамен байланыстыра отырамыз.

1. Наурызбаева Р. Салт-дәстүрдің тәрбиелік мәні. «Қазақстан мектебі». – Алматы, 2007. – №9, 57 б.

2. Жұманова Р.О. Адам бейнесін кейіпкер ретінде бағалау. «Қазақстан. Педагогикалық хабаршысы». №02/2008, 109-113 б.

3. Поташиник. Иновационные школы России: становление и развитие. – М.: Новая школа, 1996. – 320 с.

4. Абуова К. Оқушыларда мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеудің негізгі шарттары. «Білім», №6 (36), 2007. – 43-45 б.

5. Ұлт денсаулығы – ұлттық қауіпсіздіктің басты кепілі. «Валеология», 2006. – №3, 3-56 б.

6. Бабанина С.В. Использование интерактивных технологии при обучении французскому языку. //ИЯШ, №2011, №1, стр.37-42.

7. Гутфраинт М.Ю. Использование пословиц для развития навыков говорения. //ИЯШ, 2011, №5, 48-53.

8. Кабакчи В.В. Русские пословицы в англоязычном межкультурном общении. //ИЯШ, №2011, №3, 19-25.

Түйін

Мақалада өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде мәтінмен жұмыс жүргізу, интербелсенді әдісті қолдану мәселесі айтылады. Ұлттық тәрбиені негізге ала отырып оқытуда рөлдік ойындарды пайдалану жайы сөз болады. соның ішінде ұлттық ойындарды басты назарда ұстау қарастырылған.

Тірек сөздер: қазақ тілі, рөлдік ойын, мәтін, интербелсенді әдіс, ұлттық тәрбие, ұлттық ойындар.

Резюме

В этой статье затронута перспективность использования интерактивного метода и хорошая обучаемость при использовании познавательных текстов в обучении казахскому языку представителей других национальностей. Широко раскрывается полезность применения основ национального воспитания.

Ключевые слова: казахский язык, ролевые игры, текст, интерактивный метод, национальное воспитание, национальные игры.

Summary

This article touches upon the prospects of using an interactive method of learning and good texts using

cognitive learning Kazakh language other nationalities. Widely expanded the usefulness of the foundations of national education.

Keywords: Kazakh language, role-playing, text, interactive method, national education, national games.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ТІЛ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ҮЙРЕТУ

А.С. Кушкимбаева – Абай ат. ҚазҰПУ докторанты,

Г.М. Аяпова – Ақтөбе облысы тілдерді дамыту басқармасы жанындағы

Тілдерді оқыту орталығының оқытушысы, филология магистрі

Мемлекеттік тілді тіл үйренушілерге меңгертуде қатысымдық құзыреттілікке қол жеткізу үшін оқытудың ғылыми тұрғыда негізделген, тәжірибеде дәлелденген тиімді технологиясын қолдану керек екендігі бәрімізге аян. Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының мемлекеттік тілді еркін меңгеруі үшін қажетті жағдай жасау туралы Ата заңымыздың 93-бабында нақты көрсетілген [1]. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-бап, 7-тармағында да Оқытудың жаңа технологияларын ендіру, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу міндеті қойылған. Аталған міндеттерді іске асыру үшін тіл мамандарынан білім беру үдерісін үнемі жетілдіріп отыру талап етіледі.

Тіл үйренушілерге сыни ойлауды дамыту технологиясын қолдана отырып, тіл үйретудің тиімді екенін күнделікті сабақ барысында қолдану кезінде көз жеткіздік. Сыни ойлауды дамыту технологиясын сабағымызға енгізудің не үшін қажет екеніне тоқтала кеткіміз келеді.

Сыни ойлау техникасын меңгеруге қажеттілік әсіресе, адамзат қоғамы дағдарысқа, тұрақсыздыққа тап болған кезеңде өте керек. Сыни ойлау ұтымды ойлаудың түрі ретінде тиімсіз, құрылымсыз ойларды үндестікке, ретке келтіреді.

Сыни ойлауды меңгеру әр түрлі сала өкілдеріне іскерлік қатынаста қажет, мысалы, басқарушы қызмет сферасында түбегейлі маңызды.

XX ғасырдың атакты 80-жылдарында Ли Якокки «Менеджер мансабы» еңбегінде сыни ойлауға қоғамдық тұрғыдан әдеттене қоймаған кезде, менеджер мансабында ұтымды ойлаудың мағынасын ашады. Ли Якокки «кімде-кім бизнестің кез-келген сұрақтарына жауап бере алатын маман болғысы келсе, ұтымды ойлауды меңгеруі керек» дейді. Ол өз бетінше жұмыс жасауда ұтымды ұйымдастыру сапасына дағдыланудың астын сызып көрсетеді: «Менің тәжірибем куә, егер өмір жолында ұтымды ойлауды ертерек меңгермесек, ақырында практикалық жағынан жетістікке жету қиын» [2,16].

Сыни ойлаудың не екенін түсіну үшін ұғыну маңызды, бұл тек анық ойлаудың әдістемелік айқындаушы емес, сонымен бірге әлемнің осы күні ірі университеттерінде оқытылып жатқан оқу тәртібі. Оқу тәртібіне сай сыни ойлау жалпы мағыналы талдаудың бірнеше тәсіліне сұрақ қояды және білім деңгейінде, тәжірибеде нақты зияткерлік және кәсіби пәндік-практикалық қызметінде дәлелдемелер қолданылады. Құбылмалы әлем шарттарында сыни ойлау шешім қабылдауда ұтымды ойлаудың маңызды, дәлелді, бөлінбес бөлшегі болып саналады.

Еске ұстайтын бір жағдай, осыған дейін сыни ойлауды дамыту технологиясы орта мектептерде, бала бақшаларда, ішін ара жоғары оқу орындарында қолданылу үстінде, алайда тіл үйренушілерге сыни ойлауды дамыту технологиясын енгізудің не қажеті бар деп ойлауыңыз әбден мүмкін, біз осы технологияны қолдану барысында тіл үйренушілердің білім деңгейі, біліктілігі әр алуан бола тұра, сабақ басында бұйығы, өзімен – өзі боп отыратын топ мүшелерінің бірте-бірте етене араласып, осыған дейін бірге қаншама жыл жұмыс жасап, қызметтес боп келсе де, дәл осы сабақтан кейін бір-бірін жақсы танығанын мойындайтынына көз жеткіздік.

Сіздердің назарларыңызға сыни ойлауды дамыту технологиясы бойынша өткізілген, облыстық байқауда жүлделі орынға ие болған сабағымызды ұсынып отырымыз.

Сабақтың тақырыбы: Жусан иісі

Грамматикалық тақырыбы: Зат есім

Мақсаты: Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы негізінде тіл үйренушілерге медицина саласына қатысты терминдерді меңгерту.

Міндеті:

Білімдік: идеялар мен ұсыныстарды өз пікірін пайымдау негізінде жеткізу;

- Проблемаларды (мәселелерді) шеше білу;
- өз бетінше жұмыс жасау.

Тәрбиелік: топта ынтымақтастықпен жұмыс жасау;

- эстетикалық тәрбие беру;
- патриоттық (Отан сүйгіштік) тәрбие беру.

Дамытушылық: кез келген ортада жұмыс жасап, сындарлы қарым-қатынас қабілетін дамыту;

- шығармашылық қиялын шыңдау;
- өз пікірін ортаға салу арқылы, сыни ойлауын дамыту

- **Көрнекіліктер:** Видео-фильм, алты телпек, интерактивті такта, үлестірме қағаздар, дәрілік шөптер, ватман бдана, 6 түсті маркер.
- **Сабақтың түрі:** СТО технологиясы;
- **Сабақтың типі:** Жаңа сабақты түсіндіру

Сабақтың эпиграфы:

« Мен гүлді үзіп алып едім – ол солып қалды.
Көбелекті ұстап алып едім –
ол менің алақанымда өліп қалды.
Сонда ғана мен табиғатқа тек қана
жүреппен жақындау керек екенін түсіндім»

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру бөлімі: Тіл үйренушілерді «алақанға алақан» тренингі арқылы таныстырып (бұл тренинг былайша орындалады: топ екі бірінің сыртынан бірі екі шеңбер құрып, бір-біріне қарама- қарсы тұрып, алақандарын бір-біріне тигізіп, есімдерін атап, айналып шығады), төрт топқа бөлу (алма, алмұрт, шие, құлтынай).

I. Қызығушылықты ояту

Мақсаты:

- тіл үйренушілерді танымдық процесіне жұмылдыру;
- өздерінде бар білімді, әсерді, сезімді өзектендіру.

Қолданатын әдіс-тәсілдер: «Ассоциация»

«Жусан» сөзі бойынша ой шақыру.

- Кермек;
- ащы иіс;
- емдік шөп;
- дала өсімдігі;
- дала иісі;
- Отан символы;
- Сұлтан Бейбарыс.

II. Мағынаны ашу

Мақсаты:

- жаңа тақырып бойынша жаңа ақпарат алу;
- жаңа идеяларды өзінде бар біліммен байланыстыру;
- ойлау деңгейін дамыта отырып, жеке тұлға тәрбиелеу.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: Ойлаудың алты телпегі.

- Қазақстанда өсетін емдік қасиеті бар қандай шөптерді білесіз?

(Тіл үйренушілер түрлі шөптерді айтады. Сол шөптердің арасынан төрт түрлі шөп туралы айтып, терминдермен танысып, аударма жұмысын істеу)

- жеке;
- жұпта;
- топта.

Төрт түрлі шөпті беріп, емдік қасиеттерін айтқызу, жазғызу, аударту.

Аударып болғаннан кейін мәтіннің аудармасын көрсетіп, сәйкестікті салыстыру. Термин сөздермен жұмыс.

Андыз:

- гастрит – асқазан ауруы;
- холецистит – өт жолдарының қабынуы;
- гепатит – бауыр ауруы;
- гингивит – қызыл иектің жедел қабынуы;
- пародонтоз – қызыл иектің созылмалы ауруы.

Итошаған:

- диатез – адам ағзасының кейбір ауруларға бейімделуі;
- бөртпе – теріде ішінде сұйықтығы жоқ қабыршақтың пайда болуы;
- скорфулез – бөртпе түрі;
- себоия – май бездерінің бұзылуы әсерінен тері сапасының өзгеруі;

Жантак:

- язва – асқазан жарасы;
- геморрой – тік ішек қан тамырларының кеңейуі.

Жусан:

- повышения аппетита – тәбетті көтеру

- анемия – қан аздық ауруы

- метеоризм – іштің кебуі

- Жоғарыда ассоциация кезінде жусан иісі арқылы біздің есімізге көне Мысыр елінде билеуші болған –

Бейбарыс сұлтан түскен болатын. Олай болса, «Сұлтанды туған жеріне қайтуға мәжбүрлеген не нәрсе?» деген сұраққа жауап іздеп көрелік. (Тіл үйренушілерді алты телпек әдісі арқылы топқа бөлеміз, әр топ қалаған қалпағын «өліп көріп» берілген проблема бойынша өз көзқарастарын айтады). Кинодан үзінді көрсетіледі.

«Ақ телпек» → СТАТИСТИКАЛЫҚ (проблемаға қатысты деректерді талассыз келтіреді); «Көне Мысыр елін билеген Сұлтан Бейбарыс жусан иісінің арқасында өз елін табады»

«Сары телпек» → СӘТТІЛІК (сәтті кезеңдерді айтады); «Сұлтан Бейбарыстың әділ патша болып, халқына сыйлы болғаны, жусан иісінің керемет сиқыры»

«Қара телпек» → СӘТсіздік (оқып жатқан проблеманың сәтсіз тұстарын айтады); «Ел басқарған сұлтанның өз елін ұзақ жылдар бойы таба алмай жүргені»

«Көк телпек» → АНАЛИТИКАЛЫҚ (талдау жасайды, топтар не үшін? неге? неге байланысты? деген сұрақтарға жауап іздейді); «Сұлтан Бейбарыс неге сонша уақыт бойы елін таба алмады? Ол жарты әлемді билеген патша бола тұра соған қауқары жетпегені ме? Жусан иісінің не құдыреті бар соншама?»

«Жасыл телпек» → ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ («Ақылға сыйымсыз» идеялар мен болжамдар айтады); «Егер біз Сұлтан Бейбарыстың орнында болсақ, арып-ашып жол кезбей, көп әскермен туған елге оралар едік».

«Қызыл телпек» → СЕЗІМТАЛ (топ оқиганы оқу барысында, бастан кешірген сезімдерін тұжырымдайды) «Осы оқиганы қарап отырғанда, Сұлтан Бейбарыс жусанның иісін иіскеп, құшырланғанда, көзімізге жас келді. Оны әрі аядық, әрі сүйсіндік. Сонда «Бөтен елде сұлтан болғаны, өз әліңде ұлтан бол» деген мақалдың мәнін түсіндік. Әркімнің өз елі өзіне жұмақ екені рас екен ғой деп тұжырымдадық».

Жауаптардың барлығын әуелі жеке жазып, содан кейін жұпта бөлісіп, топта талқылауын үнемі қадағалап отырдық. Себебі, көп жағдайда бізде жылдам ойлайтын адамдар өз ойын айтып салады да, жай ойланатын адамдар соларға келісе салады.

Әр топтың жасаған жұмысы барысында телпек түріне байланысты атқарған қызметі бойынша презентацияға дайындалып, жұмыстарын қорғайды. Тақтаға телпектердің астына жауаптар ілініп, топтардың жұмыстары бойынша презентация жасалады. Барлық топ мүшелеріне қалпақтарының түстеріне сәйкес стикерлер таратылып, телпек астындағы жауаптардың ұнағанына (өз тобының жауабынан өзгесіне) өз стикерін жапсыру арқылы дауыс береді. Оқытушы стикерлердің есебін шығара отырып, жеңіске жеткен топты жариялайды.

III. Рефлексия

Мақсаты:

- алынған ақпаратты жинақтау және жүйелеу;
- оған баға беру, оқу материалдарына өзіндік көзқарасын қалыптастыру;
- тіл үйренушілердің өз алдарына жаңа мақсаттар қоюы.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: Синквейн.

Сабақты бес жолды өлеңмен қорытындылаймыз.

- Жеке

- Жұпта

- Топта

Слайдпен үлгісін көрсетеміз.

Бес жол өлең

1. Зат есім – _____ (1сөз)
2. Сын есім – _____ (2 сөз)
3. Етістік – _____ (3 сөз)
4. Сөйлем – _____ (4 сөз)
5. Синоним – жусан – _____

Тіл үйренушілер өз жұмыстарымен сәйкестендіріп тексереді.

Бес жол өлең

1. Зат есім – Жусан (1сөз)
2. Сын есім – Хош иісті (2 сөз)
3. Етістік – Емдейді, сергітеді, сағынтады (3 сөз)
4. Сөйлем – Бейбарысты еліне қайтарған жусан (4 сөз)
5. Синоним – Шөп

Бес жолды өлеңді тексергенде топ ортасынан ең тартымды жауап таңдалады да, соны ғана оқу ұсынылады, яғни бір топтан бір ғана өлеңді тыңдау. Бұл тіл үйренушілерді бір-бірін бағалауға үйретеді.

Бағалау: Сіз кімсіз? Психологиялық тренинг.

Үй тапсырмасы: «Бейбарыс сұлтан» сөзіне бес жолды өлеңмен талдау жасау.

Тапсырмаларды сұрау барысында бір сабақтың үстінде барлық топты тексеру мүмкін емес, сондықтан бір топтан сұрап, қалғандарына толықтыру тапсырылады.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын қолдану арқылы тіл үйренушілер жай тыңдаушыдан белсенді, ізденуші, ойланушы дәрежесіне дейін көтеріледі. Ал оқытушы осы әрекетті ұйымдастырушы, бағыттаушы. Ой салу – оқытушы тарапынан, ойлану – үйренуші тарапынан, ойланту – (ойлауы жетіспей жатқан тіл үйренушіге түрткі жасап, ойлантуға, ізденіс жолына алып келу) ұстаз тарапынан, бір шешімге келу – үйренуші тарапынан жүзеге асады. Тіл үйретуде үйренушілердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда СТО технологиясының маңызы зор. Себебі, тіл үйренуші әр түрлі ақпарат көздерімен сусындап қана қоймай, өз түйінін айта білуі керек. Кез келген тақырыпты талдау барысында өз тобымен ұйымдасып, пікірлесіп, ең ұтымды жауапты іздеуі қажет. СТО технологиясының стратегияларын пайдалана отырып, өткізген сабақтардың берер әсері мол. Тіл үйренушілердің белсенділігі артып, келесі сабақты асыға күтеді. Олардың тілді үйренуге деген қызығушылығы мен қажеттілігі қалыптасады. Жай ғана тілді үйреніп қоймай, өз пікірін айта алатын, өз көзқарасын дәлелдей алатын азаматты тәрбиелеуде сыни ойлауды дамыту аса маңызды деп ойлаймыз.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған) (2011.02.02. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

2. Имжарова З.У., Ахметова А.У., Имжарова Ж.Н., Қушқимбаева А.С. Сын тұрғысынан ойлау – білім алу үрдісінде. Оқу-әдістемелік көмек құрал / З.У. Имжарованың редакциялауымен. – Ақтөбе, 2012. – 104 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются о технологии [развития критического мышления при изучении казахского языка](#).

Summary

This article discusses about the technology of the development of critical thinking in studying the Kazakh language.